Сауын. Келісімнің ерекше түрі. Ауқатты адамдар кедей руластарына сүтін сауып пайдалану үшін уақытша мал берген. Сауын бие немесе сиыр ретінде берілді. Алғашында сауын беру руластардың бір-біріне өзара көмегі ретінде есептелді. Кейінірек сауын кедей қоғам мүшелерін ауқатты адамдарға тәуелді етудің әдісі ретінде қолданылды.

Көшпелі өмірдің және рулық қатынастардың ерекшеліктеріне қарай туындаған амана-мал, жылу жинау, жұртшылық, асар жасау, соғым беру және сыбаға тарту, түрлі сый-сияпаттар жасау сияқты міндетті сипат алған әдет-ғұрыптар болды.Аманат-малды бай мал иелері кедейленген туыстарына аманат ретінде пайдалануға берді.Жылу жинау. Жұтқа ұшыраған немесе стихиялық апатқа ұшыраған қоғам мүшелеріне руластарының, ауылдастарының мал немесе мүлікгей беретін жәрдемі. Жылу мүлкі қарыз болып есептелмеген.Жұртшылық карызға батқан, қарызын төлей алмай қалған қоғам мүшесіне руластары және туыстары тарапынан малдай немесе мүліктей беретін жәрдемі. Мұндай жағдай әркімнің басына түсуі мүмкін болғандықган көпшілік оған толықтай қатысатын.

Асар жасау әдет-ғұрпы қоғам мүшелерінің бір-біріне жәрдем беру мақсатында жасалған. Асар шөп шабу, құдық, арық қазу, жол салу, қыстау үйлерін тұрғызу сияқгы үлкен жұмыстарды ұйымдастырғанда жасалады. Міне осыдан мұқтаж жандарға көмектесу, өздерінің меншігін біреуге пайдалану сияқты іс-әрекеттер қалыптасып, мінез-құлықты тәрбиелеу нысандары қоғамдық қатынас ретінде дамыды [3].

Мұраға қалдыру жазба және ауызша өсиет тұрінде жасалды. Ауызша өсиет болғанда куәлер катыскан. Әдет-ғурып құқығы бойынша әке мұрасына иелік ететіндер оның балалары, әйелдері, аға-інілері, жақын туыстары болды, яғни заңды мұрагерлері. Мұра ретінде мал, қыстау, үй-жай, ақша және жесір калып отырған.Ер адам қартайып өлгенде, оның ұл-қыздары үйленіп, бөлініп кетсе оның мал мүлкіне енші алмаған кенже баласы ие болады.Әке жастай өліп, артында жас балалары мен жас әйелі қалса, әменгерлік әдет бойынша өлген адамның жақын туыстарының бірі оның әйеліне үйленіп балаларын қамқорлығына алады да мал-мүлкіне заңды түрде иелік етеді. Біздің қоғамда бұл қатынастың атауы- заңды өкілдік қатынастарынан көрініс табады.Мұраны әділ бөлуге, осы негізде балалар мен туыстар арасында алауыздық тумауға ерекше көңіл бөлген. Мұраны бөлу адатты басшылыққа альш, әрбір нақгы жағдайда қайтыс болған адамның, туыстарының, ел ақсақалдарының араласуымен жүзеге асып отырған. Қазіргі таңды бұл қызметті Прокуратура және Сот жүйесі өз құзіреті шегінде айқындайды.

Барлық мұраға қатысты азаматтық іс жүргізу қатынастарына байланысты соттылық бағыныстылығы мұра тіркелген жер бойынша сот өндірісі анықталады. Азаматтық талаптар көп жағдайда жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа арыз беріледі. Сот өндірісінің түрлері соңғы азаматтық іс жүргізу заңдарына сай оңайлатылған өндіріс бойынша даусыз және екі тараптың қатысуымен қаралады. Өндіріп алушы мен борышкер қатысушы ретінде анықталады. Талап өндірісі бойынша барлық даулы және тараптар арқылы анықталады. Талапкер және жауапкер және олардың өкілдері сондай-ақ үшінші тұлғаларға қатысу мүмкіндігі болады.Сот өндірісінің тағы бір түрі ерекше өндіріс бойынша мүдделі адамдардың арызы негізінде даусыз процесуалдық- құқықтық салдарды туындататын істер қаралады. Ерекше талап өндірісінің мазмұны бір жағынан мемлекеттік органның қызметкері немесе лауазымды адамдары екінші жағынан құқықтары бұзылған тұлғалар даулы істер бойынша қарастырылады.

Адат бойынша қылмыстық істер мен азаматтық құқық бұзушылықтың арасы ерекше бөлінбеді. Қылмысты казақтар "жаман іс", "жаман сөз" деп те атады. "Айыпкер" ретінде тек қылмыс істеген адам ғана емес, оның туыстары, руы да есептелді. Сондықтан қазақтар арасында бір адамның қылмысы үшін бүкіл рудың, туыстарының үжымдық жауапкершілігі қарастырылды.Бұдан жауапкершілікті сезіну жолдары қалыптасқанын байқауға болады.

Саяси, қоғамға қарсы қылмыстар туралы ұғымдар болмағанымен, ханға, сұлтандарға қарсы қылмыстық әрекеттер катаң жазаланды. "Жеті жарғыда" сұлтандар мен қожаларға қарсы қылмыстар ерекше жазаланып, оларға төленетін құн жай адамдардан жеті есе артық болды. Билерге қарсы қылмыстарды да қатаң жазалайтыш нормалар пайда болды.Адат қасақана жасаған, абайсызда жасаған қылмысты терең айырмады. Мұның себебі қандай да болмасын қылмыстың орнын құн төлеу арқылы материалдық жағынан толтыруға байланысты болса керек. Қасақана және абайсызда жасалған әрекеттер XVIII-XIX ғасырларда тереңдеп айырыла бастады.

Қазақ қоғамында адат бойынша сот билігін хан, сұлтандар және билер жүргізді. Хан мен сұлтандардың қарауында аса маңызды қылмыстық және азаматтық істер жатты. Олардың қатарында барымта, руаралық, ауыларалық даулар, жер дауы, сұлтандар мен билік басындағылардың өлімі, сұлтандар арасындағы даулар болды. Аса маңызды істер билердің араласуымен жүрді және қалың көпшілік алдында өтті.

Қазақ хандығы дәуірінде билерді ешкім сайламаған және тағайындамаған. Билер өз білімі және тәжірибесі арқасында мойындалып, оларға билік сұрап халықтың өзі келетін.Би өзіне келген істі қарауға міндетті болды, қарамай тастауға құқығы болмады. Биді тандау талапкердің қолында болды. Би сотқа жан-жақты дайындалатын. Талапкер мен жауапкер бидің алдына қамшыларын тастап, істі карауға келісім беріп отырады. Қамшы тастаудың үлкен процессуалдық маңызы болды. Одан кейін екі жақ та биден бас тарта алмайтын. Яғни ымырашылдыққа бет бұру бағытының басым болғандығын көреміз.

Сот ашық түрде екі жақты, куәлерді тыңдау арқылы жүрді. Сотқа келмей қалған жақтың өкілін бидің зорлап алдыруға құқығы болды.Бұл көрініс біздің заманымызда сот жарыссөздері мен соттың мәжбүрлеу шараларын қолдануымен айқындалады.

Сотқа куәлер тартылды. Ерлі-зайыштылардың бір-бірінің көзіне шөп салғандығын дәлелдеу үшін 4 куә, қалған істерге 2 куә қажет болды. Куәлер бидің алдында ант беруі тиіс болды. Әйелдер, 15 жасқа толмағандар, шариғаттан хабары жоқтар, бұрын айыпты, ақыл-есі кемдер, қылмысты болғандар куә бола алмаған.Бүгінде куә дегеніміз- қолданыстағы заңнамаларға сай оқиғаны көрген және ақыл есі дұрыс психикалық және физикалық мүмкіншілігі қалыпты адам танылады. Куә болу үшін туыстық қатынасы бар адамдар куәлік беруге құқылы, бірақ міндетті емес болып танылады.

Куәлері болмаған күрделі істерде ант беру институты қолданылған. Антты талапкер мен жауапкер емес, олар үшін олардың беделді әрі белгілі туыстары берді. Егер айыпталушы үшін ешкім ант бермесе, ол жауапты ретінде жазаға тартылған.Билер сотының шсшімі ауызша түрде көпшіліктің алдында жарияланатын. Сот талқылауы екі жақты "алажіпті үзу" деген дәстүрмен аяқталатын [4].

Қазіргі тәуелсіз еліміздің құқықтық актілерінде бұл ұғымдардың барлығы дерлік орын алады. Бүгінгі таңда тұлғалар әділдік іздеп, келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін сот жүйесіне жүгінуге құқылы. Кейбір сотқа дейінгі татуласу-медиация деген ұғымда қоғамда орны бар терминдердің бірі. Әділ және заңға негізделген актілер шығару мақсатында заңды жолмен алынған дәлелдемелерге сүйеніп шығарылады.Егер азаматтар және заңды тұлғалар сот шешімдерімен келіспеген реттерде қайта қарауға шағым бере алады.Азаматтардың мүдделерін қорғау мақсатында шығарылатыг сот актілерінің мақсаты

қоғамдағы заңдылықты қамтамасыз ету болғандықтан барлық нормативтік құқықтық актілердің басты бағыты сотқа жүгінген тұлғалардың заңды мүдделерінің қорғалуы Ата заңымызда көзделгендей құқықтық мемлекет құрудың басты шарттары. Азаматтық іс жүргізу қатынастарының құқықтық негізі азаматтық іс жүргізу заңдарына және сот жүйесін сондай-ақ сот орындаушыларының құқықтық мәртебесіне тікелей байланысты. Азаматтық қоғамда заңдылықтың үстем болуына кепілдік ретінде азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды басты назарда ұстау үшін соттардың шығарған заңға негізделген шешімдері мен оларды орындауды жүзеге асыру органдарының қызметіне тікелей байланыстылығынан көруге болады. Барлық нормативтік құқықтық актілер заңдылық пен әділеттілікке бағытталуы тиіс екенін қоғамдық –құқықтық тұрғыда дәлелденді деуге болады.

Бүгінде Елбасының бастамасымен еліміздің даму жолы анықталып басты бағыттары, басымдылықтары нақтыланды. Барлық қоғамдық реттеулердің түйіні Президент жолдауларының негізінде жасақталуда. Мемлекеттің даму барысында басымдылықтардың бағыттары жаһандану үрдісімен қатар дамуы қажет. Мемлекеттік құрылымның және қоғамдық қатынастың дамуы- құқық жүйесінің дамуына да әсер ететіні сөзсіз. Мемлекет даму үшін қаржылық қор керек,сондықтан салықтық –құқықтық қатынастардың дамуы да,соның ішінде салық төлеушілердің құқықтық мәртебесін айқындау да маңызды мәселенің бірі болып табылады. Мемлекеттің қаржылық қызметін тұрақты қалыпты толықтырып отыру мақсатында салық төлейтін кәсіпкерлік бағытты қалыптастыру керек. Кәсіпкерлік қатынастардың субьектілерінің құқықтары да әділ қорғалуы қажет.Салықтық қатынастардың реттелуі императивті әдіске негізделетін қатынас болғандықтан мемлекеттік органдар тарапынан бақылауды қажет етеді. Мемлекеттік басқаруды тек құқықтық негізде басқару мүмкін болады. Демек, қай заманда қандай заң болмасын барлық құқықтық реттеулердің мақсаты мен бағыты – жастарды тәрбиелеу және тыйым салынған нормаларды сақтауға, сондай-ақ мінез -құлықты құрықтауға бағытталады. Сондықтан елімізде мемлекет және құқық тарихының даму жағдайларына тоқталу- саналы және құқықтық тәрбие беру үшін маңызды әрі қажетті фактор деп пайымдауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.09.1998 ж.
2. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі 02.07.2018 ж.
3. Абиль Е. История государства и права Республики Казахстан. Астана, Фолиант, 2000.
4. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, 1990 ж.

Байжұманова А.М.
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
Құқық және экономика факультеті
І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университеті
E-mail: Nurai310707@mail.ru

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін: *Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Конституциясының қазіргі таңдағы әрекет теуінің тиімділігін, оны арттыру жолдарын құқықтық қамтамасыз етуді жолдары қарастырылған.*

Резюме: *В данной статье рассмотрены способы обеспечения эффективности действующей Конституции Республики Казахстан и пути ее совершенствования.*

Summary: *This article discusses ways to ensure the effectiveness of the current Constitution of the Republic of Kazakhstan and ways to improve it.*

Қолданыстағы Конституциялық заңнаманың дамуы мен арттыруы зерттеуде, Конституцияға, заңнамаға жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекет пен қоғамды тұрақсыздандыруға, олардың рөлін түсіріп, беделін төмендетуге, айналып келгенде жалпыға бірдей құқықтық нигилизмге әкеліп соқтыратынына куә болдық. Себебі, тұрақсыз заңға қоғам мен азаматтардың сенімшілігі төмендей бастайды, ал бұдан кейін занды құрметтемеу және құқыққа сенбеушілік (нигилизм) туындайды. Заңнамаға жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекет органдарынан шығарылатын жаршыларда, республикалық газет-журналдарда, маңыздылығы жоғары болса ғана бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланады.

Мемлекеттің Негізгі заңының қабылдану тәртібі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, халықтың құқықтық санасын көтеру, насихаттау, мемлекеттің тарихын білу, қабылданған заңға сай әрекет ету, заңды білу, мемлекеттің Конституциясына құрмет көрсетуге баулу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы нормативтік қаулысында қарастырылды [1].

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында адам құқығы мәселелері де көтеріліп, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды»,- деп қарастырылды [2]. Осы заңды іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы Жарлығында: «Барлық деңгейдегі орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары Парламенттің, Үкіметтің және өзге де мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен жауапкершілігінің көлемін кеңейту жағдайында мемлекеттік аппараттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын»,- деп көрсетілді [3].

Мемлекет басшысының атап отырған азаматтарға тиесілі тең құқықтарды пайдалану мен оны жетілдіру ары қарай жалғасын табуда. Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің заңнамамызды жаңа жағдайға бейімдеу керек»,- деп көрсетті [4]. Сондықтан еліміздің конституциялық дамуы мен конституциямыздың тарихына үңіліп, даму кезеңдерін талдау, қазіргі Конституцияның ерекшелігі мен оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негізгі бағыттарын білу, насихаттау маңызы жоғары тақырыптардың бірі деп санаймыз.

Конституция оның нормаларынын тікелей қолдану туралы қағиданы орнықтырды. Конституция нормаларын тікелей қолданудың бірсыпыра қырлары бар.

Ол, біріншіден, Парламенттен, Президенттен және Үкіметтен бастап жергілікті мемлекеттік органдарға дейінгі мемлекеттік органдардың заң шығарушылық қызметіне ықпал жасау. Мұндай ықпал

заң шығарушылық қызметінін анықтау жолымен сияқты, сондай-ақ мемлекеттік органдардың нормативтік актілерінің конституциялық нормаларға сәйкестігін талап ету жолымен де жүзеге асырылады.

Екіншіден, Конституцияның тікелей қолданылуы оның номаларының мемлекеттік органдар, ұйымдар арқылы тікелей жүзеге асырылатынын білдіреді. Конституцияда тура «Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін заңды қолдануға соттың құқығы жоқ» [5] деп жазылған.

Үшіншіден азаматтар Конституцияға сүйеніп, өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалануға және қорғауға құқылы. Тиісінше, Конституция адамдардың құқықтық санасын қалыптастырып, өмір салтына және қоғамдағы көңіл күйге осылайша ықпал етеді. Төртіншіден, Конституцияның тікелей қолданылуы институттық қайта құрулардан көрінеді. Ол, атап айтқанда, Парламент, жергілікті өкілетті органдар сайлауының, Президент сайлауының және басқа сайлаулардың қаралған мерзімде өткізілуі тиістігін білдіреді [6].

Қазақстан Республикасының 1993 және 1995 жылдардығы Конституцияларын әзірлеп, қабылдауды және мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың конституциялық негіздерін құру қажеттілігі талап етті. Конституцияның ережелері, идеялары, принциптері мен нормалары қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларын реттуге бағытталған. Аталған еңбекте Конституцияның қабылдануы мемлекеттік органдарды заң шығару, жалпы алғанда құқық шығармашылық қызметке ынталандырып қана қоймайтыны, оған қызмет ететіні көрсетілген.

Айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады. Конституцияның жай-күйі, оның жетілдірілуі немесе жетілдірілмеуі бүкіл ұлттық құқық жүйесіне әсер етеді. Барлық саяси күштердің, азаматтардың Конституцияға ерекше қарауын осымен түсіндіреміз. Қазақстан Республикасының Конституциясына қатысты сеніммен айтуға болады, ол конституциялық құрылысты дамытуға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын орнықтыруға зор үлес қосты. Сөз жоқ, Конституция өзгермелі өмір талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сонымен бірге Конституцияға жат нормативтікң құқықтық акт ретінде қарауға болмайды. Тұрақты өзгеріс енгізуге ұмтылу, біріншіден, Конституцияның қоғам мен мемлекет өміріндегі алатын орны мен маңызын ұға білмеумен түсіндіріледі, екіншіден, оның теріс салдары орасан, яғни саяси және құқықтық соғыстарға әкелуі мүмкін, үшіншіден, құқықтық нигилизмді қалыптастыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қалыптасты, дамып келеді және өзінің негізгі көріністері бойынша демократиялық, прогрессивті болып табылады, ол Қазақстанның дамуының тұрақты құқықтық негізіне айналды [7, 56].

Ата Заңымыз - жарқын болашақ кепілі. Мемлекетіміздің аяққа нық тұрып, дұрыс саясат жүргізіп, көрші елдермен татулықта тұрып, халықаралық мәселелерді демократиялық жолмен шешуіміз Конституцияның арқасында деп білеміз. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиясы бойынша дамуымыз үшін де Конституциямыздың берері көп. Олай дейтініміз, Конституцияға енгізілген негізгі заңдарымызды мемлекетіміздің даму жолында дұрыс қолданып, күнделікті өмірімізге өмір заңындай енгізіп алуымыз болашақ Қазақстанның Елбасы стратегиясымен дамуына өз ықпалын тигізеді [8, 25].

Бұл үшін мемлекеттік органдар өздерінің қызметтерін жете меңгеріп, ел үшін барын салып жатса қанекей! Ата Заңымыздың да керегі сонда: мемлекеттік билікті бөліп, олардың атқаратын міндеттері мен қызметтерін белгілейді; адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сонымен қатар парызы мен борыштарын заңға тірек қылады; сайлау мен сайлану құқығын жете түсіндіреді және жалпы мемлекеттік мәселелерді қамтиды. Бұның барлығы да том-томымен жазылар мәселе болып елестесе де, ой мен өрісін жинақтап шағын кітапшаның ішіне сыйдырғанына таңдана қараймыз [9, 23].

Қолданыстағы Конституциямыздың негізгі жетістігі - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізгі мәселе етіп белгілеп алуында. Себебі, адам мен азаматты қадірлемейінше, ел болып қанат жаймайды.

Саясаттанушылар мен ғалымдар тұжырымдағандай, Назарбаев президент, үкімет және парламент арасында өкілеттікті қайта бөлу үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Елбасы, Қазақстан Ата Заңымызда көрсетілгендей, президенттік басқару формасы бар мемлекет болып қала беретінін атап өтті. Бұл ретте, Назарбаевтың сөзіне қарағанда, президент, үкімет және парламент арасында өкілеттікті қайта бөлу мәселесін қарастыратын кез келген [10].

Қазақстан Президентінің институционалдық реформаларын іске асыру Республикада Конституция үстемдігін одан әрі күшейтуге ықпал ететін болады.

Конституцияның қағидаттары мен нормаларын ұстана отырып, қоғамды, оның мүшелерін және ең бастысы адамның өзін өзі құрметтеуін жүзеге асырады.

Азаматтардың Конституцияны сақтауы және құрметтеуі Қазақстанның өркендеп, дамуына және елдің халықаралық қоғамдастықтағы беделінің аса түсуіне әсер етіп, мемлекет пен барша қоғамды нығайтып, дамытады.

Әлбетте, шынайы қадірлеуге лайық Қазақстан Конституциясының оң әсерін әрбір қазақстандық сезінуі үшін бұдан әрі де осы бағыт бойынша мақсатты әрі табанды түрде жұмыс жасалатын болады. Жалпы жүргізілген реформаның мәні билік тармақтарын қайта бөле отырып, саяси жүйені демократияландыруға, Қазақстанның даму бағытын айқындауға, билікті тиімді жүргізуге, жауапкершілікті күшейтуді көздеп отыр.

Қазақстанда Президенттік билік қала береді. Оның күші жойылмайды. Бірақ мемлекет басшысының кейбір құзыреттері Үкімет пен Парламентке берілді.

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігіне ие болған сәттен құқықтық мемлекет идеалдарына берілгендігін жария етіп, сол принциптерді жүзеге асыруға кірісіп те кетті. Алайда Қазақстан Республикасының Ата заңы осы принциптердің көрінісі ретінде құқықтық емес қоғамда үлкен шиеленістер жағдайында, әралуан әлеуметтік күштердің қатал қарсы әрекеттеріне толы күрделі жағдайда дүниеге келді.

Бірақ, қалай болғанда да, Қазақстан халқы өзінің демократиялық қоғам қалыптастыру мақсатынан таймады. Нәтижеде Қазақстан Республикасының 1995 ж. Конституциясы елімізде орын алған саяси-құқықтық жағдайларды ескере отырып, қазақстандық құқықтық мемлекеттің өз конституциялық моделінінің негізін қалады.

Дегенмен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы 1995ж. Конституциясы - бұл тек идеалды құқықтық модель, шындыкка сай келмейтін декларациялық құжат емес, заңды түрде шешімін тапқан нақтылы механизмдер мен институттар ретінде танылды. Конституцияның іс жүзіндегі және заң өрісіндегі мұндай үйлесімдігі конституциализмді қалыптастырудың маңызды шарты.

Конституция, конституциялық заңнамамыздың әлеуетінің дұрыс қолданылып, мемлекеттік дамуымызды жоғары сатыға көтеретініне сеніммен қараймыз, өзгерген жаңа мемлекетіміздің түзу жолымен Конституиямызға да жаңа да маңызды өзгерістер енгізілуіне күмәніміз жоқ. Ең бастысы алдыңғы ұрпақ қалдырған рухани байлықты келесі ұрпаққа сол тұрпатымен қалдыру болып табылады. Сондай-ақ, дамушы мемлекеттер қатарына косылған Қазақстан Республикасының, ондағы қызмет жасайтын мемлекеттік органдар, басты байлық саналатын халықтардың құқықтары мен бостандықтары, саяси, әлеуметтік, құқықтық және мәдени жағдайларымыздың, ең бастысы осының барлығына тірекші болар Конституциямыздың бой түзеп, одан әрі дамуына жауапты міндетті Қазақстан жастары өз мойнымызға жүктеуге тиіспіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы нормативтік қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңды іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы.- www.akorda.kz
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.
6. Медушевский А.Н. Конституционная модернизация.//Конституция как фактор социальных изменений: Сборник докладов. - М., 1999, 234 с.
7. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы, 2005, 185 б.
8. Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. Монография. -Алматы: КазГЮА, 2000, 220 с.
9. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2014, 456 б.
10. Шарханқызы Г. Ел Конституциясы дамудың барлық сатысынан өтті. 2015 жыл 30 қаңтар - bnews.kz.

Байкенжина К.А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің доценті,
заң ғылымдарының кандидаты

АЛАЯҚТЫҚ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Түйін: *Мақалада қолданыстағы қылмыстық және басқа заңнаманы талдау, қылмыстық әрекеттер туралы түсіндіру және доктриналық актілерге негізделген алаяқтықтың құрбанының қылмыстық құқық сипаттамаларының кейбір өзекті мәселелері талқыланады.*

Резюме: *В статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы уголовно-правовой характеристики жертвы от мошенничества на основе анализа действующего уголовного и другого законодательства, актов толкования и доктринальных положений об указанных преступных деяниях.*

Summary: *The article discusses some topical issues of the criminal law characteristics of a victim of fraud based on an analysis of the current criminal and other legislation, acts of interpretation and doctrinal provisions on these criminal acts.*

Жәбірленушінің қылмыстық құқықтық түсінігі қылмыстық процестік құқықтағы жәбірленуші түсінігімен әрдайым сәйкес келе бермейді.

Біріншіден, жәбірленушінің қылмыстық-құқықтық түсінігіне тек оның жеке басының ғана мүддесі емес, сонымен қатар мемлекеттің, мемлекеттік органдар мен қоғамдық мекемелердің де мүддесі кіреді.

Екіншіден, қылмыстық-құқықтық түсінікте жәбірленушінің болуы тек қана құқық бұзушылықтың болғандығын ғана емес, сонымен қатар қылмыстық заң нормалары арқылы қорғалатын құқықтар мен мүдделерге қылмыстық әрекеттің бағытталғандығын да көрсетеді [1, 92-95 бб.]. Сондықтан да, жәбірленушінің қылмыстық-құқықтық түсінігінде жеке тұлғаны оның мемлекеттік, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға байланысты құқықтар мен мүдделеріне қарсы қол сұғушылықты түсіну керек.

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей қылмыстың жәбірленушісі кез-келген қылмыс жасалғанда пайда болады: адам өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, жыныстық қылмыстар, бұзақылық, ұрлау, тонау, қарақшылық, алаяқтық т.б. Өкінішке орай қылмыстың жәбірленушісі жайлы күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан, радио және телехабарлардағы қылмыстық оқиға жайлы мәліметтерді тыңдау арқылы білуге әбден қалыптасып қалдық.

Жалпы қылмыс құрылымының ішінде алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстар айырықша орын алады, өйткені олар қоғамға өте қауіпті және қылмыскерлік деңгейінің дәрежесін көрсетеді. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардан жыл сайын жүздеген, мыңдаған адамдар жәбірленуші болып табылады, нәтижесінде олар көптеген әлеуметтік құндылықтарынан, оның ішінде көбіне, денсаулығынан, өмірінен, адамға деген сенімінен айырылады.

Жеке тұлғаларға қарсы алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалған қылмыс екі объектіге қарсы бағытталғанда, екінші объектісі тұлғаның мүдделері болып келеді. Бұл мүдделер жеке тұлғаға тән арнайы белгілер, яғни, оның қоғамдағы орнына, лауазымына, қызмет түріне, арнайы біліміне байланысты болуы мүмкін. В.И.Морозовтың пікірінше «алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардағы оқиғаның өрбуіне себепші болатын жәбірленушінің тікелей өзі, өйткені қылмыстық оқиға болғанға дейінгі тұлғалар арасындағы қарым-қатынас, қылмыстық зардаптың көлеміне, қылмыстың жасалу әдісіне, сондай-ақ, пайдаланатын құралына және қылмыс жасаушының қылмыстық зардапқа деген көзқарасына тікелей әсер етеді» [2, 127 б.].

Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушісін зерттеудің ең басты маңызының бірі, қылмыстың жасалу себебін анықтап, қылмыстың алдын алу шараларын ұйымдастыру. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстар бойынша қозғалған қылмыстық істермен таныса отырып, олардың жәбірленушісі әйелдер де, еркектер де болатындығын байқадық. «Тіркеуден өткен қылмыстар бойынша зерттеу жүргізу нәтижесінде жәбірленушілердің жас шамасы 19-бен 50 жас екендігі анықталды. Ал, жәбірленушілердің 60 және одан да жоғары жас арасындағылардың үлес салмағы барлық жәбірленушілердің 5,5 % құрайды. Үлес салмағы аз болып

көрінгенімен, егер ол жәбірленушілердің қылмыскерлердің ата-аналары екендігін есепке алсақ, онда бұл сан жан түршігерліктей болып көрінетіндігі сөзсіз»,- дейді В.С.Минская мен Г.И.Чечель өздерінің «Виктимологические факторы и механизмы преступного поведения » атты еңбегінде [3, 40 б.].

Көп жағдайларда қылмыстың жәбірленушісі құқық қорғау органдарына қылмыс жасаушы адамға, жақын туысқаны немесе туғаны болғандықтан жаза қолданбау туралы жазбаша өтініш білдіреді, нәтижесінде қылмыс жасаушы адам жазасыз қалады. Мұндай жағдайда, қылмыс жасаушы адам өз кінәсін түсініп, қылмысты қайталамаса құба-құп, бірақ кей уақыттарда жәбірленуші тарапынан жасалған кешірімді дұрыс түсінбей, соның салдары жәбірленушінің ауыр жағдайға душар болуына себепкер болады.

Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушілері кей жағдайларда өздеріне белгіленген міндеттерді атқарушы тұлғалар болуы да мүмкін. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы зиян келтіретін қылмыстардың жәбірленушілерінің бір бөлігі, зерттеуге алынған қылмыстық істер бойынша талдау жасағанда көршілері болып келетіндігі байқалды. Мысалы: 2017 жылдың желтоқсан айының 28 жұлдызында З. және И. атты көршілер арасында келіспеушілік пайда болып, екеуі сөзге келісіп қалады. Сол күні кешіне арадағы келіспеушілікті түбегейлі біржақты етіп шешу үшін З. көршісінің есігін қағады да кешірім сұрайды. Осыдан аз уақыт өткен соң көршісі одан қарызға ақша сұрап келеді. Осы мезетті пайдаланып, оның сеніміне кіру мақсатында сұраған ақшасын береді. Сөйтіп арақатынасын жақсартып, кейіннен оның қызмет бабын пайдаланып жалған құжаттар жасап, банктен несие алады. Банкті тексеру кезінде мемлекет қаржысының жетіспеушілігі анықталып, көршісі қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушісінің бір бөлігі қылмыс жасаушымен бірігіп ішімдік ішіп, қылмыстық ойын жүзеге асырады.

Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушісінің бір тобын «гендерлік» саясатқа сай әйелдер құрайды. Өйткені, әйелдер қызмет бабына байланысты ер адамдарға тәуелді болып келеді. Егер, мекеме басшысы, ер адам болса, көбінесе олар қалайда әйелдерге айтқандарын орындатуға тырысады, орындамаған жағдайда ондай әйелдер құдалауға түседі, жұмыстан шығады немесе бастығының айтқанын ұнаса да ұнамаса да орындауына тура келеді.

Жәбірленушінің тұлғасын зерттеу қылмыспен күресте және қылмыстың алдын алуда маңызды рөл атқарады, өйткені жәбірленушінің көңіл-күйі, мінез-құлқы қылмысты болдыру немесе болдырмау мәселесін шешуде түбегейлі рөл атқарады. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушісі болу мүмкіндігі тұлғаның өзіне тікелей байланысты, жеке тұлғаның мінез-құлқы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы жеке тұлғаны қылмыстық зардаптан қауіпсіздендіреді де, қылмыстық зардаптың тууына жол да береді. Сондай-ақ, мұндай қылмыстардың жәбірленушісі болуға көптеген объективті және субъективті жағдайлар әсер етеді. Объективті жағдайларға: уақыт, жәбірленушінің болатын ортасы, жынысы, мамандығы, жасы, білімі, отбасылық жағдайы, физикалық және психикалық жай-күйлері жатады.

Уақыт.Жәбірленуші болып табылуға уақыт та өз үлесін қосады. Криминалистердің зерттеулері бойынша алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы қылмыс жасау күндізгі уақыттарда да жүзеге асады. Кешкі және түнгі уақыттарда алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық әрекеттер көптеп жүзеге асырылады, себебі қылмыс жасаушының бейнесін жасыруға түнгі қараңғылық көп пайда келтіреді. Қозғалған қылмыстық істер бойынша талдау жүргізу нәтижесінде алдау мен сенімді теріс пайдалану әрекеттерінің 67,8% сағат 18-бен 24-тің аралығында жүзеге асырылатындығы дәлелденген, оның ішінде алаяқтық аптаның аяғында немесе мереке күндері жүзеге асырылатын болған. Жылдың суық уақыттарында, қыста алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жүзеге асырылатын қылмыстар саны азаяды, өйткені жәбірленушілер де жәбірлеушілер де бос уақыттарын жылы жерлерде өткізуді қалайды. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың 70% жылы уақыттарда, әсіресе жазда жасалады, біріншіден, мұндай әрекеттер көбінесе үй-жайлардан тыс жерлерде жүзеге асырылатындықтан, екіншіден, адамдардың кешкі уақыттарда бос уақыттарын өткізетін жерлерімен тікелей байланысты.

Жәбірленушінің болатын ортасы. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстарда жәбірленушінің болатын ортасының рөлі ерекше. Жәбірлеушінің әрекеті көбінесе жәбірленушінің болатын ортасына қарай өзгеруі де мүмкін. Мысалы, үйде, аулада адамдар эмоцияға берілгіш келеді, соның салдарынан қарым-қатынастарын түсіндіріп, әркім өз пікірін дәлелдеуге

ұмтылады да, соңы алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмысқа ұласады, мұндайда әлсіз тұлға міндетті түрде қылмыстың жәбірленушісі болып табылады, мұндай әрекеттер қоғамдық орындарда жоқтың қасы.

Бірақ кейде адамдар көп жүрмейтін көшелерде қараңғы уақыттарда кез-келген адам қылмыстың жәбірленушісі болуы мүмкін. Қылмыстық істер бойынша жүргізілген талдау нәтижесі бойынша алаяқтық қылмыстарының 18,4% үйде, жатақханада 29,2 % көшеде, паркте ал қалғандары қала мен ауыл, село сырттарында жасалады. Адам көп жүрмейтін жерлер алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы қылмыс жасауда қолайлы жерлер болып табылады.

Мамандығы. Жәбірленуші болып табылуға мамандығы да әсерін тигізеді. Инкасаторлар, кассирлер, сатушылар, такси жүргізушілері т.б. ақшамен жұмыс істейтіндер кез-келген уақытта алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жүзеге асырылатын алаяқтықтың тікелей объектісі бола алады, сонымен бірге бұл топқа құқық қорғау органдарының қызметкерлерін де жатқызуға болады.

Жынысы. Ерлер мен әйелдердің физикалық, психологиялық айырмашылықтары болғандықтан, сондай-ақ отбасындағы, қоғамдағы әлеуметтік орнына қарай қылмыстың жәбірленушісі болу мүмкіндігі де әртүрлі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстың жәбірленушісі тек қана әйелдер болатын қылмыстар түрі келтірілген.

Жасы. Адамның жасына қарай мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, өмірге деген көзқарасы, әлеуметтік байланысы, қызығушылығы мен мүддесі қалыптасады. Зерттеу нәтижесінде алдау мен сенімді теріс пайдаланудың жәбірленушілерінің басым көпшілігі 25 жасқа дейінгілер 90%, оның ішінде кәмелетке толмағандар - 56 % [4, 89 б]. Сырт келбетінің келістілігінен өзге жыныс өкілдерін өздеріне жеңілтек мінезімен тартып тұртындықтан жас қыздар егде әйелдерге қарағанда көбірек жәбірленуші болып табылады.

Білімі. Адамның біліміне қарай сұранысы, мәдениеті, мінез-құлқы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы қалыптасады. Криминологтардың зерттеулері бойынша алдау мен сенімді теріс пайдаланудың жәбірленушілерінің көбінесе бастауыш және негізгі білімі барлар. Аяқталмаған және жоғары білімі барлар саны өте аз, оларды көбінесе кәсіпкерлер құрайды. Алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстың жәбірленушілері арасында жоғары білімі барлар өте сирек кездеседі, ал орта және арнайы білімі барлар барлық қылмыстың 35,2 % құрайды, қалғандары бастауыш және негізгі білімі барлардың үлесіне тиеді.

Отбасылық жағдайы. Отбасылық жағдайының да алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстар үшін жәбірленушіге едәуір қатысы бар, атап айтқанда 85,4 % алдауға ұшыраған әйелдердің күйеулері болмаған немесе ажырасқандар. Мұның басты себебін олардың кездейсоқ таныстығынан, орынсыз көңіл көтеруден іздеу керек. Отбасылық жағдай адамдардың жәбірленуші болуына едәуір септігін тигізеді. Отбасы жағдайындағы жәбірленуші болу кей кездері қатты маңызды болып табылмайтын жайларға да байланысты, мысалы, отбасындағы түсініспеушілік жағдайы, екінші неке т.б.

Физикалық жағдайы. Адамның физикалық жағдайы жәбірленуші болуда айырықша рөл атқарады. Физикалық жағдайының төмендігінен адам бұзақылықтың, тонаудың қарақшылықтың өзге де алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушілері болып табылады. Психикалық жағдайларға байланысты адам кез-келген қылмыстың жәбірленушісі болуы мүмкін.

Субъективтік белгілер. Абайсыздық-бұл көбінесе кешкі уақыттарда адам көп жүрмейтін жерлерге серуендеуге шығып алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстың жәбірленушісіне айналады. Сондай-ақ, қымбат заттарын көрсетіп мақтану, аса таныс емес адамдармен азарт ойындарын ойнау, өзімен бірге ұдайы қомақты ақша немесе бағалы заттар алып жүру, пайда табу мақсатында жүргізу көліктеріне елсіз жерлерде бөтен адамдарды отырғызу да алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстың жәбірленушісіне айналуға мүмкіндік туғызады.

Жеңілтектік.Онша таныс емес немесе тіпті де таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасаудағы жеңілтектік алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушілері болуға әкеліп соқтырады. Криминалистердің зерттеулері бойынша жеңілтектік салдарынан туындайтын қылмыстық зардап ұзақ уақыт бойы қалыптасқан тәртіп бойынша жүзеге асырылады, яғни, жәбірленуші мен жәбірлеуші кездейсоқ таныстықтан соң, музыка тыңдауға, таза ауада серуендеуге келіседі, соңғы кездері ерекше үлгідегі автокөліктермен серуендеу әдетке айналуда, барлығының болмаса да көпшілігінің соңы әдетте алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалған қылмыстық зардаппен

аяқталады.

Моралға жат мінез-құлық. Бұл қылмыстың жәбірленушісі болуға негіз болатын ең негізгі белгілердің бірі. Моралға жат мінез-құлық алдау мен сенімді теріс пайдалану көбіне адам өліміне немесе денсаулыққа зиян келтіруге әкеліп соқтырады. Мұндай жәбірленушілер үшін осылай болу заңды да, өйткені бұл жолды өздері таңдап, ақыры соның құрбаны болады.

Ішімдікке әуестенушілік. Ішімдік ішу жәбірленуші болудың маңызды факторларының бірі. Өте мас емес адам әдетте алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы арқылы жасалатын қылмыстардың объектісі болады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, ішімдік ішкен жәбірленушілерді алдау мен сенімді теріс пайдалану олардың тарапынан қарсылық көрсету қабілеті болмағандықтан көбінесе ашық түрде жүзеге асырылады, әрі тонаушылар өздерін олардың таныстары немесе туысқандары сияқты етіп көрсетеді. Міне, осы жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың жәбірленушілерін бірнеше санатқа бөлуге болады: қарсылық көрсететіндер, қарсылық көрсетпейтіндер, зардапқа немқұрайды қарайтындар, зардаптың тууына өздері себепші болатындар, зардаптың тууына өздері ұсыныс жасайтындар. Жоғарыда келтірілген талдауларға сүйене отырып, алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында келесі профилактикалық жұмыстарды жүргізуді ұсынамын:

-алаяқтық қылмысы үшін жауаптылық туралы заң нормаларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа түсіндіру;

-жалпы халықтық мәдени және спорттық шаралар жүргізген кездерде қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалау, бұрын алдау мен сенімді теріс пайдалану арқылы қылмыс жасағандарды ұдайы бақылауда ұстау және олардың қоғамдық орындарда алаяқтық жасауына жол бермеу;

-психикасында өзгеріс бар тұлғаларды дер кезінде анықтап, есепке алуды ұйымдастыру;

-жәбірленушілер тарапынан келіп түскен алдау мен сенімді теріс пайдалануға байланысты арыздар мен өтініштерді дер кезінде қарап, шара қолдануды ұйымдастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байжанова Ж.А. Формы и виды воровства чужого имущества - грабеж, разбой, мошенничество, растрата), корыстные и некорыстные правонарушения. Костанай, 2008.
2. Морозов В.И. Специфика детерминации и причинности преступлений против собственности. М, 2011.
3 Минская В.С., Чечель Г.И. «Виктимологические факторы и механизмы преступного поведения». М, 2011.
4. Нұртаев Р.Т. Вопросы квалификации и отграничение мошенничества от смежных преступлений. Караганда, 2008, 40 б.

Байкенжина К.А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің доценті,
заң ғылымдарының кандидаты

Балгимбеков Д.У.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің
профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Каржасова Г.Б.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің phD докторы

АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ, ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНДАЙ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Түйін: *Алаяқтық қылмысының жасалу тәсілдерін анықтап және оның алдын алуға қатысты профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру үшін, осы салаға әсер ететін маңызды криминологиялық факторларды анықтау керек. Бұл мақала Қазақстан Республикасының аумағында жасалған және зерттелген жалпы алаяқтықтың негізгі себептері мен жағдайларын анықтауға арналған.*

Резюме: *Криминологическим важным аспектом при изучении возможностей борьбы с мошеничеством и способов его профилактики является проблема факторов, влияющих на эту сферу. Настоящая статья имела целью осветить основные причины и условия общеуголовного мошеничества, которые были рассмотрены и изучены в рамках Республики Казахстан.*

Summary: *Criminological important aspect in studying the possibilities of combating fraud and how to prevent it is the problem of factors affecting this area. This article was intended to highlight the main causes and conditions of common fraud, which were considered and studied within the Republic of Kazakhstan.*

Мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі қылмыстан қорқынышсыз өмір сүретін қоғам құру және сол қоғам мүшелеріне жайбарақат мамыражай өмір сүретіндей жағдай жасау.

Болашақта қылмыстың құрбаны болу қауіпнен ажырамау азаматтық қоғам қалыптасуының дұрыс жолға қойылмағандығының айғағы. Оған бір мысал, қазіргі уақытта ұйымдасқан түрде жүзеге асырылатын алаяқтық қылмысының жасалу себебінің бірі қаржы, қаражат саласындағы қоғамдық қатынастардың құқықтық тұрғыдан дұрыс реттелмеуі.

Қазіргі таңда қаржы саласындағы рэкеттің кеңінен етек алып, әрі қарай өршіп жатуында, бұл шындық баршамызға белгілікті жай, оның дамуы күннен-күнге қанат жайып, үлкен кіріс көзіне айналып отыр. Жеке кәсіпкерлерге қатысты алаяқтық арқылы пайда тауып отырған рэкет қатарының күннен-күнге көбеюі, еліміздегі ұйымдасқан қылмыскерлер санының көбеюіне әкеліп соғуда. Азаматтардың қылмыстық зардапқа деген қорқынышы, тонаушылар, қарақшылар, алаяқтар тарапынан көрсетілетін қысым «кек алуға» сөзсіз әкеліп соғатыны белгілі, соның нәтижесінде өз тәсілдерін өздеріне қарсы қолданып кек алушылар тобы жасақталады.

Кәсіпкерлікпен айналысушылар жеке басының мүддесін қорғау үшін рэкеттен сақтану мақсатында жеке қауіпсіздік қызметін пайдаланып, қылмыстық құрылымдардың бақылауынан шығып кетуді қарастырады. Осылайша бақылаудан шығып кеткен кәсіпкерлер мен ұйымдасқан қылмыскерлер арасында жанжал туатындай жағдай қалыптасып, соңы күш қолдану арқылы жасалатын қылмыстарға ұласады. Сондықтан да қауіпсіздік құрылымы қызметіне, қылмыскерлермен байланысы бар немесе бұрын сотты болғандар, құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері алынып, солардың көмегімен арада пайда болған келіспеушіліктер күштеп шешіліп жатады, тіптен қылмыстық іс қозғалған жағдайдың өзінде құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері ескі байланыстарын пайдаланып, істі сотқа жеткізбей шешуге тырысады.

Қазірде қауіпсіздік қызметі кейде бұрын сотты болғандардың ұйымдасқан қылмыстық топ бөлімшесіне ұқсауда, міне, осының өзі елде алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың кеңірек етек алып дамуына жол береді, өйткені олар қылмыс жасаушылардың қылмыстары үшін жаза тарту мүмкіндігін жояды, екінші жағынан ұйымдасқан қылмыскерлер мен құқық қорғау қызметкерлерінің

арасында тығыз байланыс орнауына жол береді. Қауіпсіздік қызметінде шын мәнінде бұрын қасақана қылмысы үшін сотталғандар қызмет атқаратындығы кездесіп отыр, мұндай тұлғалар жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі.

Күнделікті базарда болып тұратын алаяқтық оқиғаларға базарда тұратын сатушылардың еті өліп кететіндігі соншалықты, олар тіпті ондай жағдайларға солай болу керек сияқты пиғылмен қарайды. Алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстарға талдау жасай отырып, олардың алдын алу үшін төмендегідей жағдайлардың әсер етуі мүмкін деп білемін: тұрғындар саны, көші-қон мәселесі; көлік және коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі; елдің экономикалық жағдайы, кіріс мөлшері, кедейшілік пен жұмыссыздық; мәдени жағдайлар мен діни көзқарастар; отбасылық қарым-қатынастар мен айырылысу мәселесі; ауа-райы; құқық құрғау органдарының жүргізіп отырған қылмыстардың алдын алуға қатысты жұмыстарының халыққа тигізетін әсері; құқық қорғау органдарының жүргізіп отырған саясаты; қоғам мүшелерінің қылмысқа деген көзқарасы.

Алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың өсуінің тағы бір себебі құқық қорғау органдарындағы кадрлардың тұрақсыздығы, оған себеп: еңбек ақының төмен болуы, жұмыс көлемінің көбеюі, талаптың шамадан тыс күшейтілуі, кей қызметкерлердің жеке фирмаларға жұмысқа ауысып кетуі, сондай-ақ құқық қорғау органдарында кездейсоқ адамдардың жұмыс істеуі, кәсіби дайындықтарының төмен деңгейде болуынан олардың заңды жиі бұзушылығы т.б.

Алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың жасалу себебін зерттей келе төмендегідей қорытындыға келеміз: қылмыс жасаушы тұлғамен профилактикалық жұмыстың дұрыс жүргізілмеуі; қылмыс жасау ниетін және күш қолдану тәсілін есепке алмау; жеке тұлғаның мінез-құлқындағы өзгерістерді, нақты ситуациялық жағдайдағы жеке тұлғаның өзгерістерін есепке алмау; ситуациялық жағдайдың себебін қылмыстың жасалу себебімен жағдайынан іздестіру; қылмыстың жасалу себебін жәбірленуші мен айыпкерден іздестіру; алаяқтықпен жасалатын қылмыстардың себебі мен жағдайын қылмыскердің жеке тұлғасынан іздестіру.

Алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу негізінен қылмыстың осы түрінің алын алу жұмыстарын ұйымдастырушы субъектілерге тікелей байланысты. Алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың барлық себептері бірдей толықтай анықталмағандықтан, әрі алаяқтықтың толып жатқан тәсілдері бар екендігін ескере отырып, алаяқтың алдын алуға қатысты жұмыстарды күнделікті қоғамдағы өзгерітерге сай жоспарлауға тура келеді. Осыған байланысты алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың себептерін, жасалу орнын, уақытын, құралын, тәсілін, жағдайын ерекше зерттеуге алған жөн, ал зерттеу жұмыстарын бір немесе бірнеше тұлға жеке дара жүргізбей, керісінше бүкіл құқық қорғау органдарының қызметкерлері бірлесе отырып жүргізсе ғана, жоспарланатын алаяқтық қылмыстарының алдын алу жұмыстарының түрлерін бір жүйеге келтіріп топтауға болады.

Жүргізілуге тиісті алаяқтықтың алдын алу жұмыстары түріне төмендегідей жұмыстарды жатқызуға болады: алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың себептерін жасалған тәсіліне қарай бөліп анықтау; қылмыстардың бұл түрінің алдын алу жұмыстарын жергілікті атқарушы органдармен біріге отырып жоспарлау; қылмыстың алдын алу жұмыстарына құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлерін жұмылдыру, оқу орындарымен, мектептермен тығыз байланыста болып, оларда қылмыстың алдын алуға байланысты жұмыстар жүргізу.

Қажетті қорытынды шығарылатындай алаяқтықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін, ең алдымен жұмысты жоспарлауға қажетті мәліметтерді жинау керек, ол мәліметтерге қылмыстың жасалу себебі, жасалған орны, жасалу уақыты, қылмыс жасауда қолданған құрал түрі, қылмыс жасау әдісі жатады. Мұндай мәліметтер күн сайынғы және әр айдың қорытындысы бойынша жасалатын құқық қорғау органдарының отчеттарында, қысқартылған қылмыстық істерде, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жөніндегі жинақталған материалдарда, қылмыстық оқиғалар жөнінде келіп түскен хабарламалар мен өтініштерді тіркеу, қылмысты есепке алу және тіркеу журналдарында болуы мүмкін. Екшеп жүргізілген зерттеу нәтижесіне жүгінетін болсақ, мұндай мәліметтерді есепке алып талдау жасау ұдайы жүргізіле бермейтіндіктен, алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстардың түріне байланысты және әрбір аймаққа байланысты алақтяқ қылмысының жасалу жағдайының анық көрінісінің бағасы берілмей қалады.

Ішкі істер бөлімдерінде алаяқтық арқылы жасалатын қылмыстармен күресті ұйымдастыру көбіне қылмысты іздестіру бөліміне жүктеледі, бұл дұрыс емес деп ойлаймыз, өйткені олардың басты мақсаты жасалған қылмыстар бойынша қылмыскердің кім екендігін анықтап, қылмыстың ізін суытпай ашу.

Тәжірибе жүзінде қылмыс жасаудың бұл әдісін кімдердің көп қолданатынын әрине қылмысты іздестіру бөлімінің қызметкерлері өте жақсы біледі, сондықтанда оларды қылмыспен күрес ұйымдастыруда ұйымдастырушы ретінде кез-келген істің басына қойып, ал тікелей жұмыс жүргізумен қылмыстың алдын алу жұмыстарын жүргізуге тікелей қатысы бар, яғни, учаскелік полиция қызметкері, көшедегі қоғамдық тәртіпті қадағалаушы қызметкерлер, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қызметкерлері тікелей айналысқаны жөн.

Алаяқтық қылмыстарының алдын алу шаралары дегеніміз- өмір дәлелдегендей оның жасалу себептерін әлсіретуге бағытталған әртүрлі құқықтық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік, мәдени және рухани шаралардың жиынтығы болып табылады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан тиімді әрі нәтижелі қорғалуы үшін қоғамда, мемлекетте заң үстемдігін қамтамасыздандыру қажет. Мемлекеттің беделінің жоғарылығы, мемлекеттің бірінші кезекте азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен тікелей байланысты.

Демек, мемлекет өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қаншалықты тиімді қорғайтын болса, оның халықаралық қауымдастық алдында және өзге мемлекеттердің алдында беделінің артуын көрсетеді. Ал, егер мемлекет өз қызметіндегі бассшылар өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең жоғарғы міндет екендігін түсінбесе, оны түсіну мүмкіндігі болмаса, бұл өз кезегінде тек құқықтық емес, сонымен қатар, экономикалық қатынастарды күйзеліске ұшыратуы да сөзсіз.Бұл жайында олардың есіне Марк Цицеронның нақылын қайталамасқа болмайды: «Халықтың мүддесі заңнан да жоғары тұруы керек»-, деген.

Себебі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғай алмайтын мемлекет халықтық тұрғыда беделін сақтай да алмайды, өзге шет ел азаматтарының да құқықтары мен бостандықтарын қорғай алмайды. Ал бұл өз кезегінде шет ел инвестицияларының елге келуіне негізгі тежеуіш ретінде қарастырылады. Жалпы еліміздегі криминогендік ахуал қалыпты жағдайда, оған қалыпты жағдайда қалыптасқан экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай әсерін тигізіп отыр. Бірақ қылмыстың мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласына теріс әсер етуі жалғасуда, ол еліміздің әлеуметтік- экономикалық деңгейінің орнықтырылуына тежеу етеді, оның халықаралық беделіне мейлінше нұқсан келтіреді.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығының қамтамасыз етілуі әлі тиісті деңгейде емес. Жыл сайын елімізде көптеген қылмыстар ашылмай қалып отыр, қылмыскерлердің елеулі бөлігі жасаған қылмыстары үшін жазаланбай, іздестірілуде жүр. Ұйымдасқан қылмысқа және алақтыққа қарсы күрес жөніндегі қабылданып жатқан шаралар табандылықты талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі көбінесе бытыраңқы және жүйесіз сипатқа ие. Жеке тұлғаларға қарсы негізінен күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту арқылы жүзеге асатын алаяқтық қылмыстар көптеп жасалады.

Олардың қоғамға қауіптілік дәрежесі әртүрлі болып келеді және оларды бағалау барысында тек қылмыстан келтірілген зардаптар ғана емес, сондай- ақ алаяқтықтың сипаты да маңызды болып табылады. Мұндағы алаяқтық жасау тәсілі тек жәбірленушіге ғана емес, сонымен қатар қылмыскерге де қатысты болып келеді. Сондықтан мұндай қылмыстардың алдын алу және олардан қорғану тек жәбірленушіге емес, қылмыскерге де қатысты.

Алаяқтықтың алдын алудың тиімді әрі нәтижелі болуы үшін, тағы да айтамыз олардың шығу жағдайлары мен себептерін анықтау қажет, ол үшін алдымен неге кейбір адамдар алаяқтық тәсілін қолдана отырып қылмыс жасайды деген сұрақтың жауабын тауып алуы керек.

Ключевую роль в казахстанской модели антикоррупционной политики играет Президент Казахстана, который устанавливает основные приоритеты ее реализации, определяет первоочередные антикоррупционные законодательные акты, контролирует работу уполномоченного органа по противодействию коррупции и других субъектов противодействия коррупции (государственные и правоохранительные органы) [5, с.73].

Национальная модель противодействия коррупции опирается на системное реформирование в рамках достижения следующих целей:

Профессиональный государственный аппарат, соблюдающий нормы этики.

С принятием в рамках реализации первой институциональной реформы Плана Нации «100 конкретных шагов» нового законодательства о государственной службе обеспечен переход на карьерную модель, максимально обеспечившую принцип меритократии.

Теперь кандидаты, впервые поступающие на госслужбу и не имеющие опыта работы, начинают свою профессиональную деятельность с низовых должностей по общему конкурсу. При этом, карьерное продвижение осуществляется по внутреннему конкурсу с соблюдением принципов состязательности и при наличии опыта работы на нижестоящих должностях.

Внедрена новая трехступенчатая система отбора для поступления на государственную службу, состоящая из следующих этапов отбора: тестирование на знание законодательства; оценку личных качеств; собеседование в государственном органе, объявившем конкурс.

Указанные меры позволили в 3 раза увеличить число принятых на госслужбу, в 2 раза снизить сменяемость кадров и в 18 раз сократить переводы госслужащих.

В 2017 году Агентством по делам государственной службы и противодействию коррупции (далее - Агентство) совместно с центральными государственными органами и компанией Кот Ferry HayGroup проведена работа по разработке проекта Факторно-балльной шкалы, которая с января 2018 года в пилотном режиме апробируется на базе Агентства, МЮ, акиматов г. Астаны и Мангистауской области. Данная система оплаты труда позволит учитывать масштаб, ответственность и сложность выполняемых функций и станет мотивирующим фактором к повышению эффективности деятельности государственного служащего.

Активно продвигается вопрос этизации государственной службы, который получил институциональную поддержку в лице уполномоченных по этике в центральных и местных государственных органах и Советов по этике.

За два года существования показал свою эффективность институт уполномоченного по этике, с введением которого государственные служащие и граждане получили возможность обращаться за консультацией в случае потенциального конфликта интересов и других проблем этического характера.

Начиная с 2017 года, уполномоченные по этике работают в новом для себя формате. Теперь они освобождены от иных функциональных обязанностей и наделены самостоятельным статусом, что существенно повысило результативность их работы.

Что касается Советов по этике, то следует отметить, что в настоящее время в их составе более 60% членов - представители институтов гражданского общества. Более того, с 2017 года в 3 регионах страны в пилотном режиме реализуется проект по введению самостоятельной работы членов Советов по этике.

Верховенство закона и правовое государство.

В рамках реализации Плана Нации «100 конкретных шагов» за последние годы проведена серьезная модернизация судебной системы

В частности, осуществлен переход к трехуровневой системе правосудия, обеспечена независимость порядка отбора и назначения судей, принят новый этический кодекс судей, внедрена полная автоматизация судебного делопроизводства и распределения судебных дел, а также внедрена непрерывная аудиовидеозапись всех судебных процессов.

Кандидаты в судьи теперь не только сдают квалификационный экзамен, но и проходят проверку на полиграфе и психологическое тестирование. Кандидаты должны иметь 5 летний стаж работы и участия в судебных процессах или 10 летний опыт работы по юридической специальности.

Для повышения профессионализма судейского корпуса введена годичная стажировка и оценка профессиональной деятельности после первого года работы, для остальных судей оценка каждые 5 лет.

Высший Судебный Совет стал автономным учреждением и выстроил системную работу по отбору и назначению судей. Все этапы отбора максимально освещаются в СМИ, к этому процессу также привлечены Общественные советы.

Внедрение информационных технологий позволило значительно упростить судопроизводство, расширить доступ граждан к правосудию, снизить бюрократические барьеры и минимизировать процессуальные контакты. Более 73,5% из всех поданных в суды исковых заявлений направлены посредством сервиса «Судебный кабинет». Электронное оповещение участников посредством SMS-сообщений позволило исключить волокиту и сократить жалобы на несвоевременное оповещение о заседаниях суда.

Реформирована деятельность Судебного жюри, которая позволила гражданам напрямую обращаться в данный институт с жалобами на действие судей. Кроме того, Судебное жюри будет давать оценку профессиональной деятельности действующего судьи и рассматривать вопросы дисциплинарного характера в случае нарушения Кодекса судейской этики.

Как следствие, согласно Глобальному индексу конкурентоспособности по индикатору «Судебная независимость», Казахстан улучшил свою позицию, переместившись со 111 на 79 место (рост составил 32 позиции). Кроме того, в рейтинге Всемирного Банка «Doing Business-2018» по индикатору «Обеспечение исполнения контрактов» судебная система Казахстана за 3 года продвинулась на 29 позиций (с 35 на 6, из 190 мест).

Наряду с судебной системой концептуальные реформы осуществляются в системе Министерства внутренних дел, Генеральной прокуратуры и других правоохранительных органов, обеспечивающих законность и правопорядок в обществе.

Осуществлен кардинальный отход от карательно-репрессивных методов и обвинительного уклона в уголовном процессе.

Принципиальное изменение в сфере прокурорского надзора - это исключение «общего надзора» из функций прокуратуры. Новый облик прокуратуры отвечает передовым практикам ОЭСР и ставит приоритетом защиту и восстановление прав и свобод человека, а также законность уголовного процесса.

Не менее важным событием стала децентрализация функций полиции путем создания местной полицейской службы, которая подотчетна местным исполнительным органам.

Созданы онлайн-карты, при помощи, которых граждане видят всю статистику по преступлениям в каждом регионе, а также все поступившие в госорганы обращения.

Изменилась и система рекрутинга в правоохранительные органы.

Теперь кандидаты в правоохранительные органы проходят такой же отбор, как и все госслужащие.

Открытость, транспарентность и подотчетность государственных институтов.

В рамках реализации Пятой институциональной реформы по формированию подотчетного государства в Казахстане создана электронная платформа «Открытое правительство».

Создание электронной платформы «Открытое Правительство», состоящей из пяти порталов открытых данных, позволило обеспечить доступ каждому гражданину к информации о бюджетных расходах, участие в обсуждении проектов нормативных актов, обращение онлайн за консультациями и с жалобами, а также открыто оценивать эффективность госорганов.

С принятием Закона РК «Об общественных советах» гражданскому обществу предоставлены широкие возможности для участия в общественном контроле деятельности государственных органов.

В деятельности общественных советов участвует более 4 тысяч человек, в том числе 75% - это представители гражданского общества.

Введена постоянная практика отчетов на общественных советах не только акимов, но и руководителей госорганов различного уровня.

Наряду с этим, советами проводится регулярный общественный мониторинг таких вопросов, как работа общественного транспорта, состояние водопроводных труб, строительство жилья, ремонт дорог, деятельность КСК, мониторинг цен на товары первой необходимости.

Одним из действенных механизмов обеспечения прозрачности, принимаемых госорганами решений, является рассмотрение общественными советами всех проектов нормативных правовых актов. Так, каждый государственный орган, разрабатывая нормативные правовые акты, обязан представить их на рассмотрение общественного совета и учесть их замечания.

С момента создания в 2015 году общественные советы стали эффективной и конструктивной площадкой для коммуникации населения и государственных органов, что обеспечивает оперативное рассмотрение и качественное решение проблемных вопросов как экономического, так и социального характера

Сервисное государство.

Вопросы повышения качества государственных услуг и совершенствования процессов их оказания - одно из важнейших направлений проводимой в Казахстане антикоррупционной политики.

Целью государственных услуг является удовлетворение потребностей общества как единой системы, а также удовлетворение потребности отдельной личности [6, с.21].

В 2017 году через инфраструктуру электронного правительства гражданам Казахстана оказано более 34 млн. государственных услуг, а количество зарегистрированных пользователей портала электронного правительство достигло 7 миллионов.

В рамках трансформации деятельности ЦОНов внедрена электронная очередь, интегрированы информационные системы государственных органов, перераспределены секторы самообслуживания, приема и выдачи документов, увеличена продолжительность рабочего дня.

Сегодня работа Госкорпорации «Правительство для граждан» строится на принципах клиентоориентированности», «прозрачности» и «безбарьерного» обслуживания граждан.

В результате повышения уровня автоматизации государственных услуг сокращаются прямые контакты госслужащих с гражданами, тем самым минимизируются условия для коррупционных проявлений.

49% услуг на сегодня оказываются в режиме онлайн, при этом все лицензии и разрешения предпринимателям выдаются исключительно в электронной форме, 23% всех услуг по принципу «одного окна» оказано через Госкорпорацию «Правительство для граждан».

90% госуслуг в течение ближайших лет перейдут в электронный формат, а оставшиеся 10%, по опыту Европы и развитых стран мира, будут реализовываться по принципу «одного окна».

В целом, системные меры в сфере повышения качества оказания государственных услуг позволили на две трети сократить уровень бытовой коррупции. Необходимо отметить, что прогресс в сфере оказания государственных услуг и повышение удовлетворенности населения качеством их оказания в Казахстане подтверждаются и международными оценками. Так, в рейтинге ООН по развитию «электронного правительства» Казахстан занял 33-е место из 190 стран мира, в рейтинге легкости ведения бизнеса Всемирного Банка - 36-е место из 190 стран.

Таким образом, планомерная реализация актуальных задач антикоррупционной политики, определенных Президентом Казахстана - Лидером Нации Н.А. Назарбаевым, позволило на сегодняшний день сформировать действенную модель антикоррупционной политики.

В ее основании заложены антикоррупционная идеология Лидера Нации, постоянно совершенствуемое антикоррупционное законодательство, институциональное обеспечение (субъекты противодействия коррупции, включая уполномоченный орган по противодействию коррупции), стратегически выверенное концептуальное обоснование (Антикоррупционная стратегия), многоуровневое планирование антикоррупционных мероприятий (План мероприятий по реализации Антикоррупционной стратегии, ведомственные и региональные антикоррупционные планы).

Казахстанская модель противодействия коррупции направлена на системное реформирование всей вертикали государственной власти посредством модернизации и этизации государственной службы, правоохранительной и судебной систем на принципах верховенства закона, открытости, прозрачности и подотчетности, клиенториентированности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента страны народу Казахстана: Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев// Казахстанская правда.1997, 11 октября – С.1-3.

2. Программа Президента Республики Казахстан от 20 мая 2015 года «План нации - 100 конкретных шагов».

3. Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015–2025 годы. // http://kyzmet.gov.kz/ru/kategorii/antikorrupcionnaya-strategiya-respubliki-kazahstan-na-2015-2025-gody

4. Закон РК от 18.11.2015 «О противодействии коррупции» / http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410

5. Смагулов А.А. Особенности борьбы с коррупцией В Республике Казахстан // Вестник Уральского института экономики, управления и права. - 2015, № 2.- С. 72-75.

6. Майдырова А. Б., Муксимов С. С. Совершенствование процесса оказания государственных услуг в Республике Казахстан. Научная монография. – Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2015. – 211 с.

Шарипов Ш.М.
з.ғ.д., профессор
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Нурмаханова Ж.М.
аға оқытушы
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. *В данной статье рассматривается роль и значение прокуратуры в процессе формирования современного казахстанского правового государства и гражданского общества.*

Ключевые слова*: правонарушение, независимость, прокурорский надзор, Конституция, прокуратура, реформа.*

Аннотация. *Мақалада қазіргі уақыттағы қазақстандық құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру үдерісіндегі прокуратураның рөлі мен маңызы қарастырылады.*

Кілт сөздер*: правонарушение, независимость, прокурорский надзор, Конституция, прокуратура, реформа.*

Annotation. *This article discusses the role and importance of the Prosecutor's office in the process of formation of the modern Kazakhstan legal state and civil society.*

Keywords: *offense, independence, Prosecutor's supervision, Constitution, Prosecutor's office, reform.*

Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі, тәуелсіз Қазақстан Республикасы, Ата заңы – Конституциясында демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастыруға бет алып, құқықтық жүйесін өркениетті елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін, сондай-ақ өзінің де оңтайлы әрі сәтті ұйымдастыру жолдарын елеп- ескеріп, конституциялық және сот-құқықтық реформалар арқылы іске асырып келеді.

Қалыптасып қалған құқықтық жүйедегі прокурорлық қадағалаудың рөлі орасан зор. Олай деуіміз, құқықтың негізгі қайнар көзі –заң болып есептелетін, құқықтық (романо-германдық) жүйенің құрамдас бөлігі болуымызда. Екіншіден, ел ішіндегі заңдылық режимін қамтамасыз ету бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеттерінен боп табылады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде прокурорлық қадағалау да жүргізілген реформалардың нәтижесінде өзгерістерге тап болды.

30.08.1995 ж.қабылданған кезекті екінші Конституциямызда «тергеуді сот пен прокуратурадан бөлек шығаратын» норма ойластырылды (сол кездегі 84 бап). Осының нәтижесінде жаңарған тәуелсіз Қазақстанның прокуратурасының қызметінде заңдылыққа жоғары қадағалау басымдық ететін бағыт боп саналды. Ел ішінде дербес тергеу органы, сол жылдарғы мемлекеттік тергеу комитеті қызмет атқарды,

«Прокуратура туралы» 1992 ж. заңнан гөрі 21.XII 1995 ж. қабылдаған заң күші бар Президенттің «Прокуратура туралы» Жарлығы, бұл органның дербестігін ұлғайтып, заңдардың дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу миссиясын бекітті.[1]

Прокурорлық жүйені біркелкілендіру, онда мамандандырылған прокуратураларды (әскери, табиғатты қорғау, көлік, т.б.) ұйымдастыру арқылы, заңдылыққа жоғары қадағалаудың тиімділігі мен сапасын көтеру көзделді.

Жоғарыда айтылғандай, прокуратура заңдардың, Президент актілерінің және өзге де нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестігін жоғары қадағалайтын орган болғанымен, Конституцияда (83 баптың сол кездегі мәтінінде) «Прокуратура туралы» (кейін, 09.08.2010ж. заң нысанына айналған) Заңда орын алған бұл норма өкінішке қарай, одан әрі жетілдірілмеуіне байланысты нақты ешбір іске аспай келді, бір сөзбен айтқанда, 1996 ж.(қолданысқа енген, 2017 жылға дейін заңға (немесе заңдарға) наразылық енгізу жөніндегі прокурорлық тәжірибе қалыптасқан жоқ.

Нәтижесінде, 30 маусым 2017 ж.қабылданған, кезекті «Прокуратура туралы» Заң прокурорлық қадағалауды елеулі түрде шектейді. Яғни, прокуратура, тек заңнан төмен актілердің ғана Конституцияға, заңдар мен Президент актілеріне сәйкестігін жоғары қадағалайтын боп тағайындалды. Есесіне, прокуратура жүзеге асыратын қылмыстық қудалаудың мемлекеттің атынан жүргізілетіндігі нақтыланды.

Осы тұста қадағалауға беріліп отырған «жоғары » мәртебесі лайық па, оның бүгінгі заңдағы ауқымы сондай мұрсат бере ме –деген сауалдардың тұрары анық.

Ендеше, осының төңірегіндегі өз пікірімізге тоқталар болсақ, әрине, «Заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау» (Конституциясының 83 және заңның 1 бабы) мәтініне жүгінсек, жоғары қадағалаудың пәні ең әуелі –заңның өзі болуы тиіс. Яғни, тавтологиялық көрінісіне қарамай, «Заңның заңдылығы» өзекті демекпіз.

Осыған орай, прокурорлық қадағалау «жоғары қадағалау» мәртебелі болсын десек, мұндай қадағалаудың нысанасы – заңның болғаны абзал. Сәйкесінше, Конституцияға қайшы немесе сәйкес келмейтін заңдарға қатысты прокурорлық ден қоюды ойластыру қажет. Біздің ойымызша, «конституциялық емес» заңдарда анықтаған күнде, Бас прокурор мәселені ҚР Конституциялық кеңесінің алдына, яғни «конституциялық емес» -деп тану, сәйкесінше осындай бастаманы жасауға құқылы болуы тиіс.

Дәл осыған жасалынып отырған акцентіміздің уәжі ретінде жекеленген әрекет немесе шешімдерден туындалатын заңды бұзушылықтардан гөрі, Ата заңға сәйкес келмейтін баққандай заңның қаншалықты қалаусыз салдарларды туғызуы мүмкін, салыстырмалы түрде қарастырсақ, әрине «заңның заңсыздығы» сөзсіз едәуір болары анық.

Сондай-ақ, жаңа заңмен жалпы қадағалаудың да аясы шектелініп, ендігі жерде, прокурорлар тексерісті тағайындау және жүргізу шешімдерін:

1) Физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өзі дербес жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) Шектелмеген адамдардың қатарының;

3) Егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алуға қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қабылдайды.

Осыдан, екі ой туындалады. Біріншіден, мұндай ұстаным прокурорларға оңтайлы, яғни, қызмет барысында, тек заңда көзделген тұлғалар мен жағдайларға ғана қатысты жүргізуге сұрыптау болса, екіншіден азаматтардың Конституция бойынша теңдігі принципіне нұқсан келтіріледі.

Қалыптасқан өмірлік тәжірибе және ұлттық менталитетке сай, азаматтар бірінші кезекте, прокуратура органдарына заңды құқықтары, бостандықтары және мүдделерінің бұзылуына байланысты барады, сонда әділдік іздейді.

Ендеше, прокурорлық жоғары қадағалаумен барлық азаматтардың құқықтары тең дәрежеде қамтылғаны жөн.

Заңмен прокурорлық қадағалаудың пәнімен қоса, тәртібінің де нақтыланғаны және реттеле түскені дұрыс. Яғни, қызмет бабын пайдалану, асыра сілтеу, т.б. жол қойылмағаны абзал. Бір сөзбен айтқанда, прокурорлық тексерістердің өздеріне де қойылатын талаптардың күшейтілгені прокурорлардың жауапкершілігін арттырары сөзсіз. Солардың ішінде, прокурорлық тексерістерді рәсімдеу, тіркеу мен тұлғаларын анықтау, тек тексеріс пәніне (затына) кіретін мәселелерді ғана қамту, т.б. көзделген.

Жоғарыда көрсетілгендей, «Прокуратура туралы» заң күші бар, кезіндегі Президент Жарлығындағы прокуратураның жоғары қадағалауын бірінші кезекте Конституцияға бүкіл нормативтік массивтің, соның ішінде ең әуелі заңдардың сәйкес болуын көздеп, жүзеге асыруын еске алсақ, заманында бұл нормаға қатысты қызмет превентивтік бағытпен іске асқанын, яғни Бас прокурордың Парламенттегі өкілі, ондағы жұмыс топтарында (норма шығармашылық) прокурорлардың мүше болуы арқылы қабылдануға жататын заң жобаларын саралап-сараптау жолдарымен, яғни тек, Конституцияға сәйкестігіне байланысты қабылданып келгенін аңғаруға болады. Бұл да құқықтық мемлекетті құрудағы өркениеті жетістіктің бірі еді.

Міне сол тұста «прокурорлық қадағалаудың» толыққанды жоғары қадағалау болғаны рас. Ендеше, бүгінгі прокуратура неліктен заңдарға қатысты жоғары қадағалауын доғаруы тиіс?

Қазіргі уақытта, қазақстандық қылмыстық процесті реформалаудың нәтижесі анық көрініс беруде. Процеске қатысушылардың аясы кеңейтіліп, бірнеше жаңа процессуалдық фигуралар (тұлғалар) енгізілді.Атап айтқанда, қылмыстық қудалау органдары мен лауазымды адамдарының әрекеттері мен процестік шешімдеріне соттық бақылау жүргізетін, сонымен қатар, тергеу әрекеттерін санкциялайтын және мерзімдерді ұзартатын тергеу судьясы, қылмыстық іс бойынша заңдардың қолдануын қадағалауды іске асыратын, сондай-ақ мемлекет атынан қылмыстық қудалауды қамтамасыз ететін процесс прокуроры, қорғалуға құқығы бар куә, сот приставы, медиатор солардан.

Қылмыстық процестегі тараптардың тең құқылығын жетілдіру бағытында да біршама жаңалықтар бар. Айыптаушы мен қорғаушы жақтардың мүмкіндіктері біркелкілендірілді. Яғни, прокурорда аппеляциялық тәртіпте бірінші сатылы соттың үкімі мен қаулысына бұрынғыдайнаразылық емес, өтінішхат беретін болды. Ал, адвокаттың өкілеттіктері кеңейтіліп, ол «Заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға, т.б. құқылы болды.»

Тергеу әрекеттерінің жүйесінде «жасырын тергеу әрекеттері» атауымен ілгері «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңда болған он іс- шараның енгізілуі орын алды. Оларды жүргізу нәтижесі хаттамаланып, іске дәлелдеме ретінде жіберілетін болды.

Сот жүйесі тиімділеніп, үш сатылы: бірінші, аппеляциялық және кассациялық тәртіптерде істерді қарау және қайта қарау енгізілді. ҚР Президентінің 10.01.2018ж.№620 Жарлығымен тергеу әрекеттерін санкциялауды сот жүйесіне түбегейлі өткізу мен қылмыстық қудалауда соттық бақылауды күшейту нақтылана түсті.

Қылмыстық процестік Заңда процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу қарастырылды. Ол кінәні мойындау туралы мәміле нысанында және ынтымақтастық туралы процестік келісім түрінде жасалатын болды.

Түптеп айтқанда, прокуратураның қылмыстық процесте қадағалаудан гөрі, қылмыстық қудалауды басымдық рөлге ие болып шықты. Ал, осының өзі демократиялық, құқықтық мемлекетке тән құбылыс па? Ойланарлық тұстары көп, әрине...

Прокуратура қызметін іске асырып, заңды бұзушылыққа қарсы тұруында, бірден-бір құралы қадағалау және ден қою актілерін шығарып тұрады. Осы орайда, заңды бұзушылыққа неғұрлым тиімді қолданылып келінген «ұйғарым» және «прокурорлық актілерді мәжбүрлеп орындату » нормаларының жаңа заңда түсіп қалуы түсініксіз. Сондай-ақ, наразылықтың «заңсыз әрекеттерге» (әрекетсіздіктерге) қолданылуы да сынға лайық. Себебі, наразылық бойынша, оның орындалуын күнтізбелік 10 күн беріледі.

Міне осы және тағы басқа да «Прокуратура туралы» жаңа заңдағы, біздің пікірімізше, «сәйкессіздіктер» (немесе сәтсіз көріністері) ойлануға жататын тұстары болса керек.Ендеше, кезектегі реформалар осы айтылған пікірлерді қойнауына алса құба-құп болар деген үміттеміз.

Прокурорлық қадағалаудың басты, әрі негізгі міндеті-заңдардың, Президент пен Үкімет актілерінің, өзге де нормативтік-актілердің Конституцияға сәйкестігін жоғары қадағалаумен байланыстырылса, ол құқықтық мемлекетке тән құбылыс болары сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н. Ой бөлістім халқыммен /Н.Назарбаев. - Алматы: Мектеп, 2006. - 248 б.

2. Назарбаев Н. Қазақстан халқының азаматтық таңдауы - тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар. Қазақстан халықтары Ассамблеясының IY сессиясындағы баяндама – /Н.Назарбаев. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 70 б.

3. Ұлтаралық келісім – Қазақстан Республикасының индустриалды –экономикалық қарқынды дамуының кепілі. Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 23 сәуір 2012 ж. – Тараз: Тараз университеті. - 2012.

4. Жумагулова Ш.Б. Бірлігіміз жарасқан / Ш.Б.Жумагулова //Мектептегі кітапхана. – 2014. - No 6. – 34 б.

5. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру**.** Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

Шарипов Ш.М.
Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
«Құқық» кафедрасының
профессоры, з.ғ.д.

Укибаева Қ.Е.
оқытушы, заң ғылымының магистрі

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. *Адам құқықтарының қорғалуы тетіктерінің бірі қылмыстық-процестік құқық болғандықтан және қылмыстылықтан, сондай-ақ қылмыстық құдалаудан адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау бірдей көзделуі тиіс. Осыған орай, мақалада заңнамада қол жеткен жетістіктермен қоса, әлі де жетілдіре түсетін тұстарына көңіл бөлінген. Қылмыстық-процестік заңды өзгертуге тиіс тың ұсыныстар келтірілген.*

Анотация. *Одним из механизмов защиты прав человека является уголовный процесс. Защита прав и свобод человека и гражданина от преступных посягательств, а также от уголовного преследования должны осуществляться в равной степени. В этой связи в статье отмечены положительные сдвиги в законодательстве Вместе с тем, авторами высказаны ряд предложений по улучшению действующего уголовно-процессуального законодательсвта по вопросам защиты прав, свобод и законных интересов участников уголовного процесса.*

Annotation. *One of the mechanisms for the protection of human rights is the criminal process. Protection of the rights and freedoms of a person and a citizen from criminal encroachment, as well as from criminal prosecution should be equally carried out. In this regard, the article noted positive developments in the legislation. At the same time, the authors made a number of proposals to improve the existing criminal procedure legislation on the protection of the rights, freedoms and legitimate interests of participants in criminal proceedings.*

Сонау XX ғасырдың орта шенінде – ақ, анығырақ айтсақ, екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан бері, жалпы халықаралық құқықты унификациялау үрдісі нәтижесінде, оның басты лейтмотивті – адам құқықтарының концепциясы жасалынды. Оның астарында қабылданған бірнеше халықаралық конвенциялар, шарттар мен келісімдер адам мен азаматтың іргелі құқықтарын сақтау мен қорғауды көздеді.

Өркениетті елдер мен мемлекеттер аталған адам құқықтарының Концепциясына негізделген заңнамасы мен тәжірибесін реттеп, соның ішінде қылмыстық құдалаумен байланысты саясатында, басымдық рөлдегі халықаралық құжаттармен сәйкестендіру үдерісін жалғастырды.

Адам құқығының пәлсапасы мен іргелі демократиялық принциптерге негізделген (кінәсіздік жорамалы; әділсоттылыққа құқық; айыпкерге қорғану құқығын ұсыну; мәжбүрлеу шараларын қолданарда сәйкесінше кепілдіктерді қамтамасыз ету, т.с.с) құндылықтардың танылуы мен іске асуы көрініс бере бастады.

Кеңес Одағы тұсында, неғұрлым саясаттандырылған сот және құқық қорғау жүйесі, қылмыстық құдалаумен байланысты іс өндірісін (сотқа дейінгі және сотта) объективті жүргізуі мүмкін емес еді. Саяси қуғын сүргінге салу, кінәсіздік презумпциясын тек қағаз жүзінде уағыздап қана қоюмен, керісінше, Вышинскийдің концепциясына лайық: «айыпкердің кінәсін мойындауы – дәлелдердің патшасы» - дегенді үстем қою, кеңестік қылмыстық процестің реакциялық мәні мен мағынасын паш ететін. Сәйкесінше, процестің сайыскерлігі уағыздалғанмен, іс жүзінде айыптаушы жақтың үстемдігі аңғарылап тұратын.

Бұл адамзат тарихындағы тарихи және легислативті (легис – заң, latus – енгізілген, белгіленген) сот өндірісі жүйелерінен өткен көріністер еді.

Дүние жүзіндегі негізгі екі модельдің айырмашылықтары негізінен екі нәрсеге байланысты боп келеді: 1) «объективтікқ ақиқат» принципіне сай дәлелдерді ұйымдастыруға; 2) қылмыстық–процестік билікті бөлісуге, әсіресе осы функциялардың өзара шектелуі мен кімдерге тиесілігіне тікелей қатысты.

Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болғалы бері Қазақстанда жүріп жатқан Конституциялық және сот – құқықтық реформалар ескіден (кеңестік тәжірибеден) арылу, жалпыәлемдік өркениеті стандарттарға еліктеу арқылы, демократиялық, құқықтық мемлекетке тән құқықтық жүйені, әсіресе оның құрамдас бөлігі сот және құқық қорғау жүйесін, заңнамасын қалыптастыру мен жетілдіруді көздейді.

Осы жылдардың ішінде, енгізіліп тұрған өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, үш заңнаманың негізінде қазақстандық қылмыстық процесстің тарихы қалыптасты: 1) Өтпелі кезеңде 1991 – 1997 ж аралығында ҚазССР – нің қылмыстық–процессуалдық кодексі; 2) 13.XII.1997 ж. қабылданған, 01.01.1998 ж қолданысқа берілген ҚР – ның қылмыстық іс жүргізу кодексі; 3) 04.07.2014 ж қабылданған, 01.01.2015 ж қолданысқа берілген қазіргі қылмыстық–процестік кодекс.

Іргелі ғылым әрі құқық саласы – қылмыстық құқыққа қызмет ету басты міндеті, қолданбалы құқық (ғылым) – қылмыстық процестің қылмыстылыққа қарсы күрестің негізгі құралы екені анық. Әрине, одан басқа қылмыстылыққа төтеп берудің – жедел іздестіру, қарсы барлау құралдары екені әйгілі болғанымен, олардың өз кезегінде қылмыстық процеске қызмет ететіні анық.

Елдің Ата Заңы – Конституциясында атап көрсетілгендей, адам оның өмірі мен құқықтары, бостандықтары – құқықтық мемлекеттің ең қымбат қазынасы. Осы тұрғыдан қарастырғанда, қылмыстық процесс ең әуелі қылмыстан зиян шеккеннің (жәбірленушінің, ақы талапкердің) мүдделерін қорғауға бағышталары анық. Бірақ, қылмыстық процессті (заңды) дәл осылай қабылдау, шолақ ұғымды тудырады. Өйткені, қылмыстық процесте кінәлінің де (күдікті, айыпталушы, сотталушы) мәртебесі айқындалып, оған да тиесілі құқықтар қарастырылады. Себебі, ол да осы мемлекеттің азаматы, яғни қымбат қазынасы. Бір қарағанда, бұл құқықтағы парадокстардан. Дегенмен солай, және өркениеті елдегі құқық жөніндегі дау– дамайлар мен қақтығыстар, тек заңның аясында, құқыққа болған құрметпен санасу арқылы іске асуы тиіс.

Аралас қылмыстық процесс (сотқа дейінгі қудалау; соттағы сайыс керлік) ретінде ұйымдастырылған, қазақстандық қылмыстық процесте, жекеше – жариялы және жариялы айыптаумен байланысты істер сотқа дейінгі саты – тергеуден өтері мәлім. Дәл осы сатыда, қылмыстық қудалау басымдық рөлге ие кезеңде, процестің орбитасымен қамтылған тұлғалардың, әсіресе қылмыстық қудалауға түскендерінің құқықтарын барынша қамту мәселелері байқалады. Осыған орай, дамудың кезең–кезеңдерінде жасалынған іс – шаралар, әсіресе заңнаманы жаңалау, өзгерту, толықтыру арқылы қол жеткен жетістіктерде аз емес.

Атап айтқанда, қылмыстық процестің міндеттерінде (ҚПК 8 бабы) тергеуге «бейтараптықты» міндеттеудің өзінде үлкен жаңалық бар. Бұл ілгері заңдарда (кодекстерде ҚазССР; 1997 ж.) болмаған норма. Жаңа қылмыстық– процестік кодексте күдіктінің тұлғасы іспеттес қорғалуға құқығы бар куәнің енгізілуі процестің репрессивтік мәнін азайтумен байланысты жәйт. Әрине, күдіктінің (айыпталушының) құқықтарының аясын кеңейту, соның ішінде қорғаушы алып қорғану құқығын бекемдей түсу, іс өндірісіне алқабилерді қатыстыру, ал жалпы қылмыстық саясатта ізгілендіру, (декриминализациялау), өлім жазасына моратория жариялау, татуластыру институтын, қылмыстық процесті үнемдеу (процестік әрекеттерді азайту, мерзімді үнемдеу), істерді қысқартылған тергеу нысандарында және сотта қысқартылған тәртіпте қарау, т.б. енгізу арқылы қол жеткен прогрессивті жетістіктер аз емес.

Қылмыстық процестегі жәбірленушінің жағдайына байланысты да елеулі өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, тараптарды татуластыру, процестік келісім бойынша іс жүзінде жәбірленушіге қатысты диспозитивтік бастама, жәбірленушіге өтемақы қоры т.б солардан деп білуге болады.

Қылмыстық процеске қатысушылардың аясы кеңейтіліп, жаңадан бірнеше процесуалдық фигуралар (тұлғалар) енгізілді. Атап айтқанда, қылмыстық қудалау органдары мен лауазымды адамдардың (тергеушінің, анықтаушының, прокурордың, т.б.) әрекеттері мен процестік шешімдеріне соттық бақылау жүргізетін, сонымен қатар, тергеу әрекеттерін санкциялайтын және мерзімдерін ұзартатын тергеу судьясы, қылмыстық іс бойынша заңдардың қолданылуын қадағалауды іске асыратын – процесс прокуроры, қорғауға құқығы бар куә, сот приставы, медиатор солардан.

Процестегі тараптардың тең құқылығын жетілдіру бағытында – айыптаушы мен қорғаушы жақтардың мүмкіндіктері біркелкілендірілді. Яғни, прокурорда апелляциялық тәртіпте бірінші сатылы соттың үкімі мен қаулыларында бұрынғыдай наразылық емес, өтінішхат беретін болды. Ал, адвокаттың (қорғаушы) өкілеттіктері кеңейтіліп, ол «заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай – ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға т.б.» құқылы болды.

2018 ж 5 шілдеді №177 – VI «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңы қабылданып, адвокаттың қылмыстық процестергі орны мен рөлі күшейтіле түсті.

Өркениеті жетістіктердің бірі – заңда дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректердің нақтылануымен қатар, оған орайластырылған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән – жайлар бойынша қайта бастау, сондай – ақ ақтау (реабилитация), қылмыстық процесті жүргізетін

органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу институттарын қарастырумен байланысты болды.

Тергеу әрекеттерінің жүйесінде «жасырын тергеу әрекеттері» атауымен ілгері «Жедел – іздестіру қызметі туралы» Заңда қарастырылып келген он іс – шараның енгізілуі орын алды. Оларды жүргізу нәтижесі хаттамаланып іске дәлелдеме ретінде жіберілетін болды.

Сот жүйесі тиімділеніп, үш сатылы: бірінші, апелляциялық және кассациялық тәртіптерде істерді қарау және қайта қарау енгізілді. ҚР Президентінің 10.01.2018 ж №620 «ҚР мамандандырылған тергеу соттарын құру туралы» Жарлығымен тергеу әрекеттерін санкциялауды сот жүйесіне түбегейлі өткізу мен қылмыстық қудалауда соттық бақылауды күшейту нақтылана түсті.

Қылмыстық процестік заңда процестік келісім жасалған істері бойынша іс жүргізу қарастырылды. Ол кінәні мойындау туралы мәміле нысанында және ынтымақтастық туралы процестік келісім түрінде жасалатын болды.

Әрине, ҚР Президентінің соңғы жылдардағы халқына Жолдауларында жариялы айыптаудан біртіндеп жекеше айыптауға басымдық беру қажеттігіне нұсқағандығын ескерсек, жәбірленушінің де процеске ынталылығын, біртіндеп оған берілетін құқықтары мен мүмкіндіктерінің аясын кеңейту арқылы күшейтуге болады.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен қоса, өзектісі – қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұста, жетілген мемлекеттердің тәжірибесі игеріліп, нәтижеде елімізде «Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы» Заң қабылданып, оның шеңберінде нақты іс – шаралар қарастырылған. Олардың сақталуы мен іске асуы қылмыстық процесті жүргізуші органдар мен лауазымды адамдардың міндеттері боп саналады.

Мәжбүрлеу, соның ішінде бұлтартпау шараларының қатарына, кепіл, үйқамақ, жақындауға тиым салу енгізілді.

Куәгерлердің қатысуымен жүргізілетін процестік әрекеттер нақтыланып (қарап – тексеру, тінту, жеке тінту), қылмыстық процесте ғылыми – техникалық құралдарды пайдалану кең етек алуда.

Құқықтың қайнар көзі боп табылатын ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулылары, сондай – ақ, Бас Прокурормен қабылданатын нормативтік актілерде, т.б. қылмыстық процестің тәжірибесін кеңейтіп, өрісін ұлғайтуда.

Әрине, әлі де қылмыстық процесті жетілдіре түсуге тиесілі шаралардың аз еместігі анық.

Солардың қатарында, әлемдік тәжірибені, әсіресе имплементациялауға тиесілі кейбір нормаларға қатысты ойларды айтуға болады. Мысалы, сот прецедентін ішінара енгізуге қатысты пікірімізді айтар болсақ, әсіресе қылмыстық жазаны, оның түрі мен мөлшерін белгілеуге қатысты (кейбір жағдайларда) сот прецеденті қолданылса, әділдік (әділсоттылық) прецеденті нығая түсерме еді деген ойдамыз.

Жоғарыда көрсетілгендей, процеске енгізілген тұлғалардың ішінде қорғауға құқығы бар куәнің мәртебесі ҚПК 78 бабында (куәға арналған) қамтылып, бір сөзбен айтқанда, күдікті іспеттес процестік тұлға ретінде қарастырылған. Біздің пікірімізше, қылмыстық процеске дәл осындай атаумен, яғни қорғауға құқығы бар куәнің енгізілуі дұрыс емес. Себебі, біріншіден, мәртебесі бірдей деуге болатын екі тұлғаны бөліп қарастыруға болмайды. Екіншіден, бұл жемқорлыққа себепші фактор болуы мүмкін.

Қылмыстық – процестік заңның дәлелдеуге арналған нормасында, (121 бап) – дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән – жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады – деп көрсетілген. Әрі қарай, 16 – тарауда, осы үдерістердің алғашқы үшеуіне жекеленген талдау (122 – 125 бб.) берілгенімен, дәлелдемелерді пайдалану ұғымы шет қалдырылған. Яғни, дәлелдемелерді пайдалануға түсінік берілмей кеткен.

Дәлелдемелердің қатарындағы заттай дәлелдемелер түсінікті кеңейтіліп, «Қылмыстың оқиғасы жазылған (бейнеленген) техникалық құралдары» - деп толықтырған жөн деп есептейміз. Себебі, тәжірибеде оларды дәлелдеме ретінде пайдалану әдеттегі үрдіске айналған. Екіншіден, дәлелдеме көзі ретінде, олар сәйкесінше тексеруден, бағалаудан өтеді.

Заңға «жасырын тергеу әрекеттерін» енгізу түсініксіз. Дәл осы тұста қылмыстық қудалаудың инквизициялық элементтерімен күшейтілгені айдан анық. Қылмыстық процесті неғұрлым демократияландыру үрдісіне қайшы келеді. Қылмыстылыққа қарсы күресте осы екеуінің: процеспен жедел – іздестіру қызметінің бұрында ынтымақтастығы жарасымды, әрқайсысы өздеріне тән әдіс әрі құралдарымен іске асырып келгені әйгілі.

Сондай – ақ процестік келісімді қарастыру, әсіресе оның «мойындау туралы мәміле нысанын енгізу, қылмыстық процесстің тұғырлы негіздерінің бірі – кінәсіздік презумпциясымен үйлеспесі анық. Әсіресе, ешкімнің де тек өзінің мойындауы негізінде айыпталуы және жазаға тартылуы мүмкін еместігіне қайшы келері сөзсіз.

Қайткенде дамудың және жетілудің шегі жоқ деген аксиомаға жүгінсек, еліміздің қылмыстық процесін түбінде үлгілі үдеріске айналдырмасқа не бөгет?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі, 2014 ж. 4 шілдедегі №213-V ҚРЗ.
2. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010-2020 Тұжырымдамасы туралы» 2009 ж. 24 тамыздағы №858 Жарлығы.
3. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы 2018 ж. 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGY

Абдуллаева П. Т.,
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының аға оқытушысы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ибрай А. Е.
«Әлеуметтік педагогика және
өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті

КІШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ТӘРБИЕСІНЕ АНИМАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Резюме. *Авторы статьи попытались раскрыть статью, осмыслить теоретический «образ» гендерного подхода. Рассмотрено использование термина «гендерное воспитание». Для социального педагога статья представляет совершенно конкретный практический интерес.*

Ключевые слова: *гендерное воспитание, гендерный подход, гендерная социализация, мультимедиа, анимация.*

Summary. *The authos of the article tried to disclose it, to comprehend the theoretical «image» of gender approach. The use of the term « gender upbringnig « is considered. For the social teacher, the articly is of very concrete practical interest.*

Key words: *gender upbringnig, gender approach, gender socialization, multimedia, animation.*

Түйін. *Мақала авторлары гендерлік тұғырды теориялық тұрғыдан ашуға тырысты. Сондай-ақ, мақалада "генделік тәрбие беру" терминін педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде қолданылуы қарастырылды. Әлеуметтік педагог-тәжірибеші үшін мақала ерекше қызығушылық туғызады.*

Кілттік сөздер: *гендерлік тәрбие беру, гендерлік тұғыр, гендерлік әлеуметтену, мультимедиа, анимация.*

Қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуді көздейтін Қазақстанның заманауи мемлекеттік саясаты жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктердің барлық түрлерін еңсеруге, ерлер мен әйелдердің еңбекте, қоғамдық және жеке өмірінде қабілеттерін толық іске асыруы үшін саяси алғышарттар мен қажетті әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығында: Отбасын қолдау, нығайту және қорғау, отбасы мен олардың мүшелеріне тәни, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына қажетті жағдайларды жасау, ананы, әкені және баланы қорғау мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаты болып табылады. Қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тепе-тең құқықтарға, пайдаға, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі, жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты болып табылады. [1]

Осылайша, жас ұрпақты тәрбиелеу сапасына көбіне оның өмірге деген көзқарасы мен қоғам өмірінің түрлі саласындағы мемлекет саясатына қарым-қатынасы байланысты болады.

Бірақ бұл мақсаттарды іске асыру үшін мектеп қабырғасындағы кіші сынып оқушыларымен жұмыс істеу керек, себебі, гендерлік сананың қалыптасуы жүріп отырған кезде, балалар өздерін белгілі бір жыныспен және оның мінез-құлқымен сәйкестендіреді.

Қазіргі замандағы қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер балалардың гендерлік қасиеттерінің өзгертістеріне әкелуде. Бұрын әдетті болған дәстүрлі еркектік қасиеттер мен әйелдік қасиеттердің өзгеріп, аралас типтегі андрогинді тұлғалардың қалыптасуы орын алуда. Бұл қазіргі заман талаптарына, адамның тіршілік әрекетінің өзгеруіне байланысты еркектерде феминдік қасиеттер мен әйелдерде маскулиндік қасиеттердің байқалуынан көрініс табады.

Кіші сыныптағы ұлдар мен қыздардың қарым-қатынас бөлінушілігінің алдын алу, олардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыру, қарым-қатынас мәдениеті, бір-біріне құрмет көрсету - Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында гендерлік тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының шеңберінде кіші сынып оқушыларына гендерлік тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін жағдай

жасалуы керек. Кіші сынып оқушыларын тәрбиелеуде гендерлік тұғыр мәселесі бойынша нормативтік және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге сүйене отырып, кіші сыныптағы оқушылардың гендерлік қалыптасу ерекшеліктерін ескеру және анимацияны пайдалана отырып, кіші сынып оқушыларын тәрбиелеуде гендерлік тұғыр мәселесі бойынша жұмыс жасау қажет.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы N 546 Қаулысында: «Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені).

Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу қызметіндегі оң себептер мен іскерліктерін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамытуға бағытталған. [2]

Е.Кудрявцева, Н. Ледовскаяның айтуынша, қазір әлеуметтік институт ретінде отбасылық дағдарыс орын алуда. [3]

Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастырмауы, отбасылық-тұрмыстық міндеттерін бөліп алуы, ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігінің және олардың әрекеттері үйлесімділігінің бұзылуына, отбасылық жанжалға, олардың қызметінің тиімсіздігіне, үйлесімсіздікке, ажырасуға әкеледі. Ажырасу – стрессогенділігі жағынан өмірдегі қиын жағдайлардың ішінде басты орынды алады. Ажырасудың және толық емес отбасыларда бала тәрбиелеудің психологиялық салдары – Мен-концепциясының бұзылуы, жыныстық-рөлдік идентіліктің қалыптасуының бұзылуы, құрбы-құрдастармен және отбасымен қарым-қатынастың нашарлауы. Бұл өз кезегінде балалардың санасында отбасылық өмір туралы идеалдардың қалыптаспауына әкеліп соқтырады.

Осылайша, кіші сынып оқуышыларын тәрбиелеуде гендерлік тұғырды пайдалану керек, егер шынайы ерлер мен әйелдерді тәрбиелеуді қаласақ, оған жынысы бойынша берілетін ерекше мүмкіндіктерді анықтауға көмектесу керек деген қорытындыға келдік.

Бүгінгі таңда анимация балалар арасында ең танымалдылыққа ие және еліктіргіш және қызықты сипатта орын алады. Сондықтан, біз өз зерттеуімізде анимацияны қолдану арқылы кіші сынып оқушыларын тәрбиелеуде гендерлік тұғыр мәселесін зерттеуге тырысамыз.

Кіші сынып оқушыларының гендерлік даму ерекшеліктері. Нейропсихологтар В. Д. Еремеева мен Т. П. Хризман өз зерттеулерінде жаңа туылған нәрестелердің миында болатын электромагниттік тербелістерді жазып алған. Жаңа туылған нәресте жастағы ұлдар мен қыздардың миы бірдей жұмыс істемейтініне сенімді болған. [4]

Кіші сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың тұлғалық дамуында гендерлік-психологиялық айырмашылықтар жаңа туылған кезінен бастап әртүрлі екендігіне көз жеткіземіз.

Ұлдар

– ересектердің (көп сатылы) тапсырмаларын орындау қиын;
– олар үшін тапсырманың принципі мен мағынасын түсіну маңызды, «қарапайымнан күрделіге дейін» ұғымын түсіну қиынырақ;
– тапсырмаларды байыппен орындайды;
– бірізділікке төзбейді;
– жаңа ақпарат оң жақ жарты шардың (кеңістіктік, интуитивті, эмоционалды түрде) көмегімен талданады.

Қыздар

– жаңа материалды тезірек игереді;
– алгоритм мен ережелерді үйрену оңай;
– жұмысты қайталауға деген сүйіспеншілік;
– ақпараты нақты қабылдайды және толықтай ойластырады;
– үздіксіз оқып үйрену - «қарапайымнан күрделіге дейін»;
– жаңа ақпарат сол жақ жарты шардың көмегімен талданады.

Т.А. Репинаның зерттеуіне сәйкес ұлдары мен қыздары бір-бірінен бөлек тәрбиелеуге болмайды, өйткені табиғатынан берілген жынысқа тән қасиеттер қалыптасуы мүмкін және басқа жыныс үшін өзара сыйластық пен эмпатия сияқты қасиеттер дағдыларды күшейтпестен қалыптаса алмайды. [5]

Сондықтан, бастауыш мектеп жасында тұлғаның өзін-өзі өзектендіруіне қалыптасу шарттарын анықтау қажет, ұлдар мен қыздарды парасатты және достық қарым-қатынасқа ұмтылуға тәрбиелеу, болашақта олардың арасындағы үйлесімді өзара әрекеттестіктің негізі болып табылады. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді, мінез-құлықтың моральдық мотивтерін, сондай-ақ алынған қасиеттерді және білімді іске асыру үшін қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру маңызды.

Кіші сыныптағы оқушылардың жас ерекшелік дамуындағы маңызды компоненті - оқу әрекеті, яғни, қыз балалар мен ұлдардың оқу үлгерімі, олимпиадалық жарыстарға қатысу жиілігі, көшбасшылық көзқарастары сияқты сапалық көрсеткіштері . Ұлдар мен қыздардың өзіндік тәртіп, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі бағалауымен анықталатын өзін-өзі жөнге салу сияқты көрсеткіштерінде кіргіземіз. Жынысына сәйкес мінез-құлық үлгілерін игеру – кіші сыныптағы оқушыларды *әлеуметтендіру* процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Гендерлік әлеуметтену – қоғамда адамға туғаннан бастап белгіленген, әйел не еркек екеніне (яғни гендерлік рөліне) байланыссыз адамның әлеуметтік рөлді игеру үрдісі.

Идентификациясы: 1) сол не басқа белгілер негізінде объектілердің тепе-теңдігін белгілеу; 2) әлеуметтік психологияда өздерінің қасиетін, стандарттарына, құндылықтарына, әлеуметтік пайымдаулары мен рөлдеріне тән игеру негізінде болатын, сол не басқа объектімен, адаммен немесе топпен индивидті теңестіру үрдісі. [6]

Әлеуметтену үрдісі өмір жолының әр кезеңінде әр түрлі өтеді. Мысалы: балалық шақ кезеңінде (әлеуметтенудің алғашқы сатысы) әлеуметтену жанұясы, құрбы-құрдастары, араласатын ортасы яғни мектеп қабырғасындағы достары себебін тигізеді. Бастауыш сынып жасы – айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Бұл жас кезеңіндегі баланың психикасының ерекшелігі - танып-білуге деген белсенділігі. Кіші сынып тобы – балалардың қоғамдық қасиеттерді, гендерлік-рөлдік мінез-құлықты қалыптастыруы үшін ортасы болып табылады.

«Гендер» және «жыныс» – ұғымдарының түсініктері бірдей емес. Жыныс – бұл адамдардың анатомиялық-биологиялық ерекшеліктерін анықтайтын ұғым, яғни оның негізінде адамдарды еркек және әйел деп бөледі. Гендер – бұл өте күрделі әлеуметтік – мәдени құрылым, яғни қоғам қалыптастыратын еркектер мен әйелдер арасындағы рөлдер, іс-әрекеттер, мінез-құлықтар, менталдық, сезімдік сипаттамалар.

Гендерлік тұғыр - [ағылш.gender - жыныс] - жыныстық айырмашылықтың психологиялық сипаттамаларын зерттеу, жыныстық биологиялық түсінікке қарағанда морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктер жиынтығы ретінде әлеуметтік гендердің рөлін түсіндіру.

Осылайша, біз ұлдар мен қыздарды әртүрлі тәсілдермен тәрбиелеу керек екеніне сенімдіміз, себебі олар физиологиялық және психологиялық жағынан әртүрлі дамиды, балаларды бір-бірінен бөлектендірмей, балалардағы гендерлік жеке дараландыруды қалыптастыратын қол жетімді түрдегі технологияларды қолдану қажет.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу. [7]

Ұсынылып отырған тұғырды пайдаланудың негізгі артықшылықтары өзгермелілік мүмкіндіктерін кеңейтуге, даму үдерісін даралауға және дифференциациялауға байланысты. Ақпараттық технологиялар оның айқындылығын, тиімділігі мен кері байланыс тиімділігін едәуір жақсарта алады.

Кіші сынып оқушыларына гендерлік тәрбие беруде ақпараттық білім беру технологияларын қолданудың дидактикалық принциптерінің бірқатары қажет. Олардың бірі – мультимедиялық технология принципі. Мультимедиа жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатпен түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дыбыстардың дыбысталуы және синтезделген әуеннің дыбыстары, «мультяшкалар», толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді. [8]

Сондықтан біз анимация негізінде кіші сынып оқушыларына арналған гендерлік тәрбие беру мәселесін сынақтан жүргізуді ұйғардық, себебі қазіргі кезде бұл балалар арасындағы қызығушылықтардың кең тараған әдісі.

Анимация қалыптастыруға мүмкіндік береді:

—*эмоционалдық даму* - түрлі оқиғалар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері, олардың сезімдері, динамикасының өзгеруі баланың жадындағы оқиғаларды еске түсіруге және оларды есте сақтауға және бала кезіккен жағдайды дұрыс бағалауға көмектеседі.

—*адамгершілік даму* - моральдық талаптарды сақтау. Сюжеттің кейіпкерлері негізінен көрермендер сияқты балалар, яғни, баланы кейіпкердің орнына қойып, онымен не болғанын білу мүмкіндігі бар. Бұл жерде баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге, өздерінің әрекеттері үшін жауап беруге үйретуге болады.

—*танымдық даму* - анимацияның сюжеті мәселенің қалай қалыптасқанын, қалай жүзеге асқанын және одан қалай шығуға болатындығын көрсетеді.

Анимацияны қолдану кезінде балалар визуалды көрнекі-бейнелеуді ойлауға ие және оларды қабылдауға сезімтал болып келеді. Бұл кезде бала барлық іс-әрекет саласын белсенді түрде дамытады. Атап айтқанда, көркем және эстетикалық, коммуникативті және әлеуметтену процесінде бала өз халқының әлеуметтік мәдениетін біріктіріп, рухани құндылықтар мен болашақ моральдық нормаларды меңгеруді анықтайтын мотивтерді қалыптастырады.

Алдымен шетелдік өндірістің танымал және кеңінен сатылатын «Барби перизат әлемінде» және «Спанч боб» анимациясын қарастырсақ: Спанч Боб мультфильмінің кейіпкерлерінің барлығы – бұзақылар. Планк – өте кішкентай, әрі қу қызғаншақ кейіпкер. Боб пен Патрик бір-біріне жаман теңеулер көп айтады. Сараң – Мистер Крабс. Жалқаулық – Патрик. Тәкапар – Сэнди. Ашушаң – Сквидвард. Тойымсыздық – Гэри. Жағымпаздық – Спанч боб. Демек, бұл мультфильмде жжағымды кейіпкер жоқ. Шынында да, балалардың бүкіл әлемде көретін ең танымал мультфильмдері балалардың ойы мен қиялына теріс әсер етуі мүмкін! «Спанч боб» мультфильмі танымалдылықтан үшінші орында және баланың психикасы үшін деструктивті болып саналады. «Барби перизат әлемінде» мультфильм мейірімділік, өзара көмек сезімін тәрбиелеуге қолайлы болып көрінеді. Алайда, барлық перизаттар әртүрлі, бірақ олардың дене бітімі бір-біріне ұқсас, атап айтқанда, барлығы – барби. Балалар өте әсерлі болғандықтан, олардың сүйікті кейіпкерлеріне еліктейді. Бұл неврозға әкелетін кемшілік сезімін тудырады.

Отандық анимация балаға әртүрлі мәдени бейнелерді үйретуге бағытталған: қоршаған орта (орман-дары, өзен, шалғындар), таныс кейіпкерлер (үй жануарлары, аң патшалары, жылқылар), қолданыстағы заттар (егін шаруашылық құралдары, домбыра, киіз үй). Бұл қоршаған табиғаттың сұлулығын ашуға, жақсы кейіпкерлерді құрметуге үйретеді. Мысалы: «Құйыршық», «Ер Төстік», « Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Балдырған» және т.б.

Мультфильмдерді салыстыратын болсақ:

Отандық

– 10-30 минут аралығында көрсетеді;

– баланы әртүрлі мәдени ерекшеліктерге үйретеді: табиғат, сұлулық;

– жақсылық пен зұлымдық ұстанымы айқын көрінеді, ал жамандық төбелесу түрінде емес, орындалатын нұсқаулар түрінде жеңіске жетеді;

– өмірлік сабақ беретін қызықты сюжет;

– көркем, анық, жағымды тіл;

– мультфильм кәсіби актерлер тарапынан дыбысталған;

– агрессия жоқ;

– отандық музыка, күйлер.

Шетелдік

– көру уақыты 40 минуттан 2 сағатқа дейін созылады;

– баланы басқа ұлттың мәдениетіне үйретеді;

– жеңіске қырып-жою арқылы жетеді;

– барлық мультфильмдерде қайталанатын қарапайым, анық сюжет;

– түсіну үшін сөздің мағынасы барынша азайтылады;

– қыз және ұл кейіпкерлерге бір ғана аудармашының дауысы қолданылады;

– аресcия көп;

– шулы, шапшаң музыкалар.

Балалардағы гендерлік мінез-құлықты қалыптастыратынымызды ескере отырып, біз ерлер мен әйелдіктің бейнелері ең айқын көрінетін отандық анимациясының алтын қорына енгізілген мультфильмдерді атап өтсек:

Ұл балалардағы ерліктің бастамасын қалыптастыру:

- «Ер Төстік»
- «Отырарды қорғау»
- «Қанатты барыс»
- «Ордабасы» және т.б.

Қыз балалардағы нәзіктіктің бастамасын қалыптастыру:

- «Қыз Жібек»
- «Баян Сұлу»
- «Біздің жанұя» және т.б.

Балаларға гендерлік тәрбие беруде қолдануға болатын мультфильмдер тізімдемесі:

- Толағай
- Ордабасы
- Қанатты барыс
- Қажымұқан
- Тимур мен Жаник
- Тастүлек
- Жомарт пен сараң
- Бәйдібек би
- Қошқар мен теке
- Мақтаншақ қыз
- Алып піл
- Тұрлыхан
- Әнуар мен Мұса
- Айдahар
- Ер Төстік
- Қиянат пен аманат
- Момын мен Қарақшылар
- Алдар көсе
- Баян-Сұлу мен Қозы-Көрпеш
- Ермағанбет
- Қаражай батыр
- Үш достың ерліктері
- Біздің жанұя
- Аққұс
- Отырар дастаны
- Томпақ батырлар
- Алтын шахмат
- Алтын алма
- Әли мен Айя
- Әке мен бала
- Балдырған
- Қазақ елі
- Ақ қаз
- Құйыршық
- Ертегілер еліне аяхат
- Көк ту мен достар
- Қыз Жібек
- Айжұлдыз
- Шахмат патшалығы
- Ертемір
- Айдар
- Қоңыр қаз
- Увсы
- Жанәділ
- Достар қаласы
- Тігінші мен Ай
- Қарлығаштың құйрығы неге айыр?
- Үш шебер
- Алпамыс батыр
- Жібек шашақ

Қорытынды:

–балаларға гендерлік тәрбие беруде анимацияны қолдану тиімді тәсіл болып табылады;

–анимацияны қолдану тәсілі гендерлік мінез-құлық түсінігін дамытумен қатар, гендерлік көріністердің нормаларын тәжірибеге асырудың нақты деңгейін қалыптастырады;

–гендерлік тәрбие беруде, болашақта қыздар мен ұлдар болашақта өз рөлдерін жақсы түсінуі үшін, көптеген «ортақ» қасиеттерді қалыптастыру қажет: шыншылдық, еңбекқорлық, мейірімділік, әділеттілік, табандылық, үйіне деген сүйіспеншілік.

Бірақ гендерлік қасиеттердің мынандай жинақтары анықталуы керек:

Ұл балаларға	Қыз балаларға
– эмоционалдық тұрақтылық – батылдық – шешім қабылдаушылық – батылдық анықтау – жауапкершілік – жомарттық – қорғаныш сезімдері	– нәзіктік – қамқорлық – қарапайымдылық – ұқыптылық – төзімділік – жанжалдарды бейбіт жолмен шешіуге ұмтылушылық

Кіші сынып оқушылары ересектер әлемін, оның құндылықтары мен мәдениетін түсіне бастайды, әлеуметтік рөлдерді және мінез-құлықты меңгереді. Дамудың көзі, әдетте, айналадағы іс-әрекет болып табылады. Өз іс-әрекеттерінде, бала өзіне маңызды оқиғалар мен фактілерді көрсетіп, өз-өздерін сынап, қоғаммен өзара әрекеттесу үшін баға жетпес тәжірибе жинақтайды.

Сондықтан педагогтар балалардың бойында мына қасиеттерді дамытуға күш жұмсау керек:

- өз жынысына деген жағымды эмоционалды қарым-қатнас
- оған тиесілі мақтаныш сезімі
- тиісті гендерлік ерекшеліктерді мен мүдделерді түсіну
- ер адамдарға (маскулиндік) және әйелдерге (фемининдік) тән бастапқы қасиеттер
- ұлдар мен қыздар арасындағы жақсы қарым-қатынас.

Анимация баланың мінез-құлқы мен іс-әрекет принциптеріне әсер етіп, гендерлік ерекшеліктерді қалыптастыра алады, сондықтан баланың тұлға болып қалыптасу үдерсінде мультфильмдерді сауатты таңдау өте маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384

2. «Білім туралы» ҚР Заңының жобасы 2007 жылғы 28 маусымдағы №546 Қаулысы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546_/history

3. Кудрявцева Е.О. Нравственном воспитании детей разного пола в группе сверстников. Дошкольное воспитание, 2003. №9. - С. 21-28.

4. Еремеева В. Д., Хризман Т.П. Мальчики и девочки-два разных мира. Нейропсихологии-учителям, воспитателям, родителям, школьным психологам.-М.: ЛИНКА-ПРЕСС,1998. - 184 с.

5. Репина, Т. А. Проблема полоролевой социализации детей / Т. А. Репина. Москва – Воронеж, 2004. - 300 с.

6. Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж. Гендерлік білім: теориясы мен тәжірибесі: Оқу құралы. Алматы: ҚМҚПИ -2007.- 225 б.

7. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669/history

8. Абдраманова Г. Б., Таженова С. К. Оқу үрдісінде мультимедиа технология-ларын қолдану // Молодой ученый: 2015. №7.1.- С.8-9.

Альмурзаева Б.К.
п.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: bibigul.almurzae@mail.ru

Капина Э.А.
аға оқытушы, пед.магистрі
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: kapina.e78@mail.ru

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ- ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Түйін: *Мақалада сыни тұрғысынан ойлау технологиясының мазмұны сипатталады және аталған технологияның оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуда негізгі құралы болатыны айтылады.*

Түйін сөздер: *Жаңару, дамыту, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық дамыту.*

Резюме: *Данная статья раскрывает результативность влияния технологии критического мышления на развитие творческого мышления у обучаемых.*

Ключевые слова: *Обновление, развитие, критическое мышление, творческое развитие.*

Summary: *This article to reveals the effectiveness influences technology of critical thinking on development creative thinking at students.*

Keywords: *Update, development, Critical thinking, creative thinking, students.*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында “Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы оқушылардың түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріледі”, делінген. Білім, білік дағдыларды меңгертуден құзыреттіліктерді қалыптастыруда, құзыреттіліктер түрінде күтілетін білім беру нәтижелерін білім сапасына бақылау жасаудың тәртібі қарастырылады. Білімнен құзыреттілік қағидасынан негізделген жаңаша оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қызметтерінің заңдылықтарына оқудағы құндылық бағдарға, яғни оқушының зерттеушілік, шығармашылық және рухани адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс.

“Қазіргі заманға жастарға ақпараттық технология мен байланысты әлемдік стандартқа сай, мүдделі жаңа білім беру өте қажет”, - деп елбасы атап көрсеткендей, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне енгізу, оны әр пән мұғалімінің тиімді пайдалана білуі бүгінгі таңда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.

Мемлекетіміздің білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының қабылдануы білім саласындағы үлкен жаңалық. Білім беру жүйесінен күтілетін нәтижелердің бірі – «өмірлік білімнен баршаға өмір бойы игерілетін білім». Бұл өмірдің әртүрлі талқысынан сүрінбей өту, тұлға ретінде дамуы үшін адамға білім қай жаста қажет екенін әр адам өз өмірі барысында үздіксіз білім алуға тиіс екенін айқындай түседі. [2, 21]

Қазіргі оқыту барысында қолданып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне оқыту тиімділігінің негізін құруға бағытталған, соның ішінде “сыни тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясының түрлі стратегиялары оқушының жеке тұлға ретінде қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Бұл технология оқушының еркін сөйлеуіне, пікір алмасуына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарына бағыттайды. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясына негізделген сабақтар материалды жан-жақты және тереңірек ашуға, балаларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге септігін тигізеді.

Сыни тұрғысынан ойлау— бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану.

Сыни тұрғысынан ойлау – бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы.

Сыни тұрғысынан ойлау-оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі.

Сыни тұрғысынан ойлау— шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

Д. Клустердің ойынша сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар:

- Бірінші-бұл өз бетімен ойлау;
- Екінші-бұл ойын қорыту;
- Үшінші-бұл проблемалық және сол ойын бағалай білуі;
- Төртінші-бұл ойын дәлелдеуі;
- Бесінші-сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты).

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы анықтағандай 6 компоненттен тұрады.

Сыни ойлаушы:

- Өз ойын қалыптастыра біледі;
- Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады;
- Тақырып бойынша мәселені шеше алады;
- Дәлелді пікірталас құра алады;
- Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды;
- Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері:

- Осы технологияның мақсаты-оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де(толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайттардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту;

Сыни тұрғысынан ойлау технолгиясының негізі— сабақтың үшбағыттық құрылымында:

- Ой шақыру;
- Ойлау;
- Кері байланыс;

Ой шақыру тапсырмалары:

- Өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру;
- Өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту;
- Өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру;

Ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар—

- Өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау;
- Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағадай жасау;

Кері байланыстың тапсырмалары –

- Өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру;
- Келесі тақырыпты өз бетімен анықтауға көмек беру;

Сыни тұрғысынан ойлауды дамытудың түрі мен құралдары:

- Тақырып бойынша жинақ;
- Мәтіндер талдауы;
- Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру;
- Ұжымдық пікірталас;
- Топпен және жұппен жұмыстардың әр түрі;
- Дебаттар;
- Пікірталастар;
- Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау;

Сыни тұрғысынан ойлау жазба жұмыстары (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясындағы мұғалім ролі:

- Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау;
- Түрлі пікірлермен бетпе – бет келеді;
- Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды;

- Оқушыларға өз беттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді;
- Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды;

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джейнни Л. Стиль, Куртис. С, Мередит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.»Сыни тұрғысына ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көз қарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. [1, 18]

Сыни тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тәндеп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сыни тұрғысына ойлау оқушыларды тынымсыз ізденімпаздылыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды. [1, 8]

Сыни тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

1. Сыни тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек:
2. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру:
3. Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау:
4. Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау:
5. Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау:
6. Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету:
7. Сыни тұрғысынан ойлауды бағалау:

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- Сенімділікпен жұмыс жасау
- Бар ынтасымен оқуға берілу
- Пікірлерді тыңдау, құрметтеу

Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- Осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?

Маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? Деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді. [3, 91]

Сыни тұрғыдан ойлауды шыңдау жеңіл міндет емес. Дегенмен сыни тұрғысынан ойлауды дамытатын оқыту жағдайлары мен әдістері бар. Сыни тұрғысынан ойлау тәжірибесі болуы үшін мүмкіндік пен уақыттың қажеттілігі оқушылардың ойлауына рұқсат ету, оқу үрдісіне белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау, пікірлерін дұрыс қалыптасуға көмектесу, сыни тұрғысынан қарастырылған мәселелердің құндылығын білдіреді. Оқушыларды біртіндеп сыни пікірлерін дұрыс айтуға, мәселені нақтылы шешуге үйретеді. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы- оқушылардың шығармашылық ойын дамытудың басты құралы екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өстемірова К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары.- Алматы, 2002 ж .
2. Қозыбай А., Жексенбаева Н. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқыту технологиялары. – Алматы, 2014ж.
3. Дүйсенбаева А.Қ. Педагогикалық менеджмент – Алматы, 2015 ж.

Аязбекова Б.К.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Қарағанды қ., e-mail: b.ayazbekova@mail.ru

Ибраева А.С.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Қарағанды қ., e-mail: aimanibraeva@mail.ru

Тлеужанова К.Т.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Қарағанды қ., e-mail: 84kenje@mail.ru

ЕРТЕ ЖАСТАН ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: *Берілген мақалада авторлар мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларды шетел тіліне ерте жастан оқытудың ерекшеліктерін қарастырады. Ерте жастан шетел тіліне оқыту – бұл ең алдымен баланы тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған ойын әрекеті, баланы әлеуметтендіру әдісі, сонымен қатар, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы баланың әлеуетін айқындау мақсатын көздейтін үдіріс.*

Резюме: *В данной статье авторы рассматривают особенности раннего обучения иностранному языку детей дошкольного и младшего школьного возраста. Раннее обучение иностранным языкам - это, прежде всего игровая деятельность, направленная на развитие и воспитание ребёнка, это способ социализации малыша, а также процесс, целью которого является раскрытие потенциала ребёнка с учетом его индивидуальных особенностей.*

Summary: *In this article the authors consider the features of early foreign language training of children of preschool and primary school age. Early learning of foreign languages - is primarily a game activity aimed at the development and education of the child, it is a way of socialization of the baby, as well as the process, the purpose of which is to unlock the potential of the child, taking into account its individual characteristics.*

Мемлекет басшысы, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілгендей «… болашақта мемлекеттің жетістігі оның табиғи байлықтарымен емес, оның халқының бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Сондықтан әрбір қазақстандық азамат біздің ұлтымызды 21 ғасырда одан да күштірек болуына септігін тигізе алатындай сапаға ие болуы керек. Компьютерлік сауаттылық, шетел тілдерді білу, ой өрісі кең сияқты факторлар жақын арада анықтаушы факторлар болады. Болашақ он жылда біздің өмір сүру салтымыз, жұмыс, тұрмыс, демалыс, адами қарым-қатынас – осының барлығы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Осының барлығына біз дайын болуымыз керек. Сондықтан ашық және басқалардан тек жақсыны ғана алуымыз керекпіз…». Берілген факт Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарында ескерілген [3].

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру шетелдік тәжірибені есепке ала отырып Қазақстанда шетел тілдерін ерте жастан оқыту тәжірибесінің бірыңғай жүйесін келтіруге; шетелдік білім берудің үздіксіздігін және білім беру бағдарламасының бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді; мемлекеттің интеллектуалды әлеуетін дамытудың факторы ретінде көптілді тұлғаны калыптастырудың жоғары сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы шетел тілдерін ерте жастан оқыту мәселесін оқу мен шешудің өзектілігін артады.

Шетел тілдерін ерте жастан оқытуға арналған бірыңғай әдістемелік платформаның жоқтығы мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінің шетелдік оқыту бағдарламаларын отандық шетел тілдерді оқыту жағдайларымен сәйкестендірмей өздігінен таңдауларына еліктірді. Мектепке дейінгі және бастауыш мектептерде шетел тілдерін оқыту сапасына теріс әсерін тигізетін жағдайды көптілді білім беру аясында ерте жастан оқытуды қамтамасыз ететін кадрлар құрамының жетіспеушілігі күрделендіреді. Сондықтан оқу үрдісіне жекеше әдістерді қолдану емес, жаңадан әдістемелік шешім ретінде шетел тілдерді ерте жастан оқытудың ғылыми-дәлелденген технологияларын құрастыру және оны әдістемелік қамтамасыз ету керек деп ойлаймыз.

Мектепке дейінгі жаста ересек адам бала үшін тек қана жаңұя мүшесі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық функцияны атқаратын кісі ретінде болады. Баланың сондай функцияларды атқарам деген ынтасы оның шынайы өмірдегі мүмкіндіктеріне қарама-қайшы келеді. Бұл қарама-қайшылық мектепке дейінгі жастағы іс әрекеттердің жетекші түрі ретінде ойын арқылы даму көмегімен шешіледі.

Алты жастағы балалар ойын басталмас бұрын өз рөльдерін бөле алады және сол рөльге сәйкес өздерін ұстай алады. Ойындық өзара әрекеттесу алынған рөльдің мазмұны мен дауыс ырғағына сәйкес келеді. Шынайы өмірдегі сөздері рөльдік сөздерден ерекшеленеді. Балалар әлеуметтік қатынасты игере бастайды және үлкен кісілердің әр түрлі әрекеттеріндегі бағынушылықты түсінеді, кейбіреулері оларға ұнаса, басқалары ұнамайды. Ойын барысында балалардың әрекеттері алуан түрлі болады. Баланың бойындағы барлық қасиеттерді дұрыс қолдану үшін балаларды мектептегі және уйдегі жұмыстарға тезірек баулу керек, оларды оқуға, ұқыпты, да шыдамды болуларына үйрету керек.

Балалардың бейнелеу қызметі дамиды. Бұл жаста бала белсенді сурет салады. Бір жыл ішінде балалар екі мыңға жуық суреттер салады. Суреттер мазмұны жағынан алуан түрлі болады: мысалы балалардың өмірдегі әсерлері, ойдан ойлап тапқан жағдайлар және фильмдер мен киноларға деген суреттемелер. Әдетте суреттерде әр түрлі обьекттердің жүйелік бейнелері болады, сонымен қатар олар композициялық өзгешеліктермен ерекшеленеді. Суреттердің сюжеттік маңызы пайда болады; өте жиі қайта қайта қайталанатын немесе сәл өзгерістері бар сюжеттер кездеседі. Суреттердегі адамның бейнесі егжей-тегжейлі және үйлесімді болады. Суретке қарап бейнеленетін адамның жыныстық ерекшелігі мен эмоционалдық жағдайын байқауға болады.

Мектептегі кіші жастағы балалардың даму қоры өте зор. Оларды анықтау және тиімді пайдалану – жас ерекшелік пен педагогикалық психологияның аса маңызды тапсырмаларының бірі. Баланың мектепке баруымен оқудың әсерінен оның барлық саналы процесстері өзгереді, ересек адамдарға тиесілі сапаларға иеленеді, себебі балалар жаңа әрекеттерге және тұлға аралық қарым-қатынастарға түседі. Баланың барлық түсіну процесстерінің жалпы сипаттамаларына еріктілік, нәтижелілік, тұрақтылық кіреді.

Осы кезеңде баланың мектепте жүйелі түрде оқуына септігін тигізетін болашақ физикалық және психофизиологиялық дамуы жүзеге асады. Ең басты бас миының және нерв жүйесінің жұмысы жетіледі. Физиологтардың айтуынша 7 жасқа қарай үлкен жарты шардың қабығы аса жетілу деңгейіне жетеді. Алайда бұл жастағы балалардың программалау, психологиялық әрекеттердің күрделі формаларын бақылауына және реттелуіне жауап беретін бас миының арнайы маңызды адами бөліктері өзінің қалыптасуын (мидың алдынғы бөлігінің дамуы 12 жасқа қарай аяқталады) аяқтаған жоқ, соның салдарынан бас ми қабатының ми қыртысы астына реттеуші және тежегіш әсері жеткіліксіз болады. Ми қабатының реттеуші функциясының жетілмеуі осы жастағы балаларға тән жүріс-тұрыстарының, іс-әрекеттерін ұйымдастыру және эмоционалдық ерекшеліктеріне әкеледі: кіші жастағы мектеп оқушылары оңай алданады, ұзақ тұрақтылыққа бейім емес, эмоционалды, ашушаң.

Мектептегі кіші жас қарқынды дамудың және танымдық процесстерінің сапалы ауысуының кезеңі болып табылады: олар жанама міңезге иеленеді және саналы бола бастайды. Бала бірте бірте өзінің психологиялық процесстерін игереді, түсіну, көңіл бөлу, еске сақтауға үйренеді.

Мектепке барған бала жаңа әлеуметтік даму ортасына түседі. Мұғалім әлеуметтік дамудың негізі болады. Мектептегі кіші жаста оқу әрекеті жетекші рөль атқарады. Оқу әрекеті – оқу субьектісі ретінде өзін-өзі өзгертуге бағытталған оқушының белсенділігінің ерекше формасы. Ойлау мектептегі кіші жастағы басымды функцияларының бірі. Мектепке дейінгі жастағы көрнекілік-бейнелеуден логикалық-ауызша ойлауға өту аяқталады.

Мектептегі кіші жастың соңына қарай балалардың арасында жеке ерекшеліктер пайда болады. Психологтар ауызша сабақ тапсырмаларын жеңіл шешетін «теориктер» немесе «ойшылдар» деп, көрнекілікті және практиканы қажет ететін «практиктер» деп, айқын бейнелеп ойлайтын «суретшілер» деп топтарға бөледі. Көптеген балаларда әр түрлі ойлау түрлерінің арасында салыстырмалы тепетеңдік байқалады.

Кіші мектеп жасында қабылдау әлі жеткілікті сараланбаған. Сол себепті бала «кейде бір біріне ұқсас сандар мен әріптерді шатастырады (мысалы 9 бен 6 немесе Я немесе R әріптері)». Алайда бала заттар мен суреттерді мақсатты қарастыра алады, ол ең алдымен көзге көрінетін анық қасиеттерін – түсін, формасын, үлкендігін анықтай алады.

Егер мектепке дейінгі балалар саралап түсінумен сипатталса, мектептегі кіші жастың соңына қарай қажетті оқыту арқылы жинақтап түсінумен сипаттала бастайды. Даму интеллектісі қабылданатын элементтері арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұны балалардың суреттерді сипаттау кезінде оңай байқауға болады. Осындай ерекшеліктерді баламен қарым-қатынас жасау кезінде ескеру қажет.

Қабылдаудың жас сатылары: 2-5 жас – суреттегі заттарды атап көрсету сатысы; 6-9 жас – суретті сипаттау; 9 жасынан кейін – көргенді түсіндіру.

Мектептегі кіші жаста еске сақтау екі бағытта дамиды – ерікті және саналы түрде. Балалар оларды қызықтыратын, ашық көрнекі құралдармен ойын түрінде жеткізілген оқу материалын өздігінен еске сақтайды және т.б. Бірақ мектепке дейінгі балаларға қарағанда олар өздеріне қызықты емес материалды да мақсатты түрде еске сақтауға қабілетті. Жыл сайын оқыту ерікті ес арқылы жүзеге асады. Мектептегі кіші жастағы балаларда да, мектепке дейінгі жас балаларда жақсы механикалық еске сақтау қабілеті болады. Олардың көбісі бастауыш мектепте оқу барысында оқу мәтіндерін механикалық түрде жаттайды және де бұл орта мектепте маңызды қиыншылықтар тудырады, әсіресе материал қиындай бастағанда және көлемі жағынан үлкен бола бастағанда, ал оқу тапсырмаларын орындау тек қана материалды айтып берумен шектелмейді. Осы жаста мағыналы еске сақтауды жетілдіру мнемоникалық әдістердің көбісін меңгеруге мүмкіндік береді, яғни еске сақтаудың тиімді әдістерін (мәтінді бөліктерге бөлу, жоспар құру және т.б.) [2].

Осы мектептегі кіші жаста көңіл бөлу дамиды. Осы психологиялық функциясының қалыптасуынсыз оқыту үрдісі мүмкін емес. Сабақта мұғалім оқушылардың көңілін оқу материалына бөлу керек және оны ұзақ уақытта сақтай алуы керек. Кіші жастағы оқушы бір іспен көңіл аудара отырып 10-20 минут жұмыс істей алады. Көңіл аудару көлемі екі есе көбейеді, оның тұрақтылығы, басқа материалға ауысу және бөлу қабілеттері жоғарылайды.

Мектептегі кіші жас – тұлғаның аса байқалатын қалыптасу жасы. Ондай жас ересек адамдармен, құрдастармен жаңа қарым-қатынасқа түсуменен, ұжым жүйесіне ену, жаңа іс әрекетке түсуменен сипатталады, осының бәрі оқушыға қойылатын талаптары бар оқу, білім алу деген ұғымға кіреді.

Осының барлығы адамдарға, ұжымға, оқуға деген қарым-қатынастың, оған деген жауапкершіліктін жаңа жүйесін қалыптастыру мен бекітуге септігін тигізеді, міңезді, ерікті қалыптастырады, қызығушылық ортасын кеңейтеді, қабілеттіліктерді дамытады.

Мектептегі кіші жаста адамгершілік міңез-құлықтың негізі қаланады, тәртіп ережесі мен моральдың нормаларды меңгеру жүзеге асады, тұлғаның қоғамдық бағыты қалыптаса бастайды.

Кіші жастағы мектеп оқушыларының міңездері кейбір ерекшеліктерімен көзге түсе бастайды. Ең алдымен олар қызба міңезді болып келеді – жағдайды бағдарламай, ойламастан аяқ асты импульстардың әсерінен тез арада әрекет жасауға бейім болады. Себебі – өз тәртібін ерікті реттеудің әлсіздігі жағдайында сыртқы белсенді қуатының қажеттілігінде.

Жас ерекшеліктердің бірі ретінде еріктіктің жоқтығын атап кетуге болады: кіші жастағы мектеп оқушысында алдына қойған мақсатына жету үшін күресу, қиыншылықтар мен кетергілерден өтуде үлкен тәжірибесі жоқ. Ол сәтсіздік кезінде көңілі қалады, өз күшіне деген сенімді жоғалтады. Кейде еркелік пен қасарушылық байқалады. Ондай міңездің бір себебі – отбасылық тәрбиенің жетіспеушілігі. Бала осыған дейін оның барлық армандары мен талаптары орындалатынына үйренген, оған ешкім жоқ деп айтпаған.

Еркелік пен қасарушылық – баланың мектеп талап ететін талаптарға қарсы, қалағанын қию қажеттіліктеріне деген наразылықтың бір түрі.

Кіші жастағы мектеп оқушылары өте эмоционалды болып келеді. Эмоционалдылық олардың психологиялық әрекеттері әдетте эмоцияға толы болғандықтан байқалады. Балалардың бақылау, ойлау, істеу әрекеттері оларда эмоционалды қатынасты тудырады. Екіншіден, кіші жастағы мектеп оқушылары өздерінің сезімдерін ұстай алмайды, оларды бақылай алмайды, олар қуаныштарын, қайғыларын, өкініштерін, реніштерін көрсетуде бірбеткей және ашық болады. Үшіншіден, эмоционалдылық олардың эмоционалды тұрақсыздықпен, көңіл-күйлерінің жиі ауысуымен, қызбалыққа деген бейімділігімен, қуаныштарын, қайғыларын, ашуларын лезде көрсетумен айқындалады. Жылдан жылға өз сезімдерін реттеу қабілеттіліктері дамиды.

Мектептегі кіші жас ұжымдық қатынасқа тәрбиелеуге көп мүмкіндік береді. Бірнеше жылда кіші жастағы оқушы болашақ дамуы үшін дұрыс тәрбие алған жағдайда ұжымдық әрекет тәжірибесіне

ие болады. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу балалардың қоғамдық, ұжымдық әрекеттерге қатысуына көмектеседі. Жоғарыда айтылғаннан бәрін қорыта келгенде шетел тілдерді ерте жастан оқытудың ғылыми-дәлелденген технологияларын құрастыру және оны әдістемелік қамтамасыз ету барысында осы ерекшеліктерді ескерген жөн деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 2004.

2. Шет тілін оқытудың әдістемесі – Амандыкова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова, А.Н.Бисенғалиева Б.С. Оқу құралы «Фолионт» баспасы, Астана - 2007.

3. 2011-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы//http://control.edu.gov.kz/ru/gosudarstvennaya-programma-razvitiyaobrazovaniya-i-nauki-respubliki-kazahstan-na-2016-2019-gody

4. Жетписбаева Б.А., Тлеужанова Г.К., Жетписбаева М.А., Акбаева Г.Н., Аданов К.Б. Organizational and pedagogical conditions of introduction foreign language teaching at early stage in the Republic of Kazakhstan: experience, problems and perspectives. - Novosibirsk State Pedagogical University Bulletin. - 2016.- №4. - P.73-84

Әлқожаева Н.С.
п.ғ.к., профессор, ғылыми кеңесші
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жумабекова К.Б.
аға оқытушы, педагогика және психология мамандығының 1 курс докторанты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

БОЛАШАҚ БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: *Мақалада басқарушылық қабілеттер мен іс-әрекеттерді жетілдіру, білім менеджерлерін басқарушылық қызметке даярлану мәселелері қарастырылады.*

Кілттік сөздер: *басқару, менеджмент, білім менеджері, басқарушы, директор.*

Резюме: *В статье рассматриваются вопросы совершенствования управленческих способностей и действий, подготовки менеджеров образования к управленческой деятельности.*

Ключевые слова: *управление, менеджмент, менеджер образования, управленец, директор.*

Summary: *The article deals with the issues of improving management skills and actions, training managers of education for management activities.*

Key words: *management, education Manager, Manager, Director.*

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 3-бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі - білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы көрсетіледі, ал екінші тарау білім беру жүйесін басқаруға арналған, онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың білім беру саласындағы құзыреті, білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету, білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер, оқыту және тәрбиелеу тілі айқындалады [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарының бірі – білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыру. Сондай-ақ, осы бағдарламада білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде ұжымдық басқару қағидаттарын енгізу, білім беруде мемлекеттік-жеке әріптестік жүйесін қалыптастыру, білім беруді дамыту мониторингі жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру және т.б. сияқты міндеттерді шешуге болжам жасалған [2].

Демек, білім беру сапасы мен білім алушыларға, білім беру саласындағы қызметкерлерге аса жоғары талаптар қойылатындығы айқын сипатқа ие. Білім беру менеджерінің қызметінде педагогикалық блокқа үлкен мән беріледі. Өткен ғасырдың Н.А. Корф, К.И. Пирогов, Н.Ф. Бунаков, К.Д. Ушинский сияқты танымал педагогтары білім саласындағы кез келген басқарушылық қызмет педагогикалық сипатта болуы керек деп санады. Бұл көзқарасты заманауи отандық педагогтар да қолдап келеді. Басқару теориясында, сондай-ақ басшы іс-әрекетінің педагогикалық аспектісі ұжымға тәрбиелік ықпал ете алуы болып табылады.Директор қызметінің педагогикалық сипатының ең айқын идеясы В.А. Сухомлинскийдің “...жақсы директор – бұл, ең алдымен, жақсы ұйымдастырушы, тәрбиеші тек өз сабақтарында оқытатын балаларға ғана емес, сонымен қатар барлық мектеп тәрбиешілері мен мұғалімдерге де қатысты үйретуші” – деген тұжырымындасипат алады.Сонымен қатар, білім менеджерлерінің қызметі сипаты бойынша мұғалім қызметінен ерекшелененіп тұрады. Педагогикалық қызметке еңбекті бөлуге негізделген қызмет сәйкес келеді, ол еңбек процесінде түрлі адамдар орындайтын жекелеген функцияларды бөлуді көздейді.Мәселен, мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетінің субъектісі – директор. Директордың іс-әрекеті немесе еңбегі басқа адамдардың еңбегін бағдарлау арқылы жүзеге асады, осы кезеңде директордың аналитикалық іс-әрекеті, оқу-тәрбие процесін басқаруды түсіну және жалпылау жүргізіледі.

Білім менеджерінің қызметіне жалпы қызметке сәйкес, бірақ білім беру мекемесін басқарумен байланысты ерекше сипаттар тән. Өзінің табиғаты бойынша білім беру менеджерінің қызметі көпфункционалды, ол ұйымдастырушы, әкімші, зерттеуші, педагог, шаруашылық жүргізуші, қоғам

қайраткері рөлін атқарады. Көптеген ғалымдар білім беру менеджерінің іс-әрекет құрылымын 4 блокқа бөледі:әкімшілік; педагогикалық; коммуникативтік; зерттеушілік.Бұл ретте соңғы екі блок - коммуникативтік және зерттеушілік – алғашқы екі блокта қарастырылып және оларға қызмет көрсетеді.

Яғни, білім беру менеджері қызметінің мақсаты оқушыларды оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы маңызды нәтижелерге әлеуметтік тұлғаның қол жеткізудегі педагогикалық үдеріске қатысушылардың қызметін басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз ету болып табылатыны анық. Демек, білім беру ісіне қатысатын тұлғаларды білім менеджерлері деп қарастырып, басқару ісіндегі жауапты қызметтердің иесі деп танимыз. Білім беру мекемесін басқару бойынша іс-әрекет нақты педагогикалық мазмұнмен толықтырылғанда ғана мағынаға ие болады. Осылайша, білім менеджерінің іс-әрекеті өзінің мазмұны бойынша басқарушылық және педагогикалық болып табылады. Білім менеджерінің басқарушылық-педагогикалық іс-әрекеті педагогикалық ұжымның алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру бойынша табысты іс-әрекеті үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Сонымен, жалпы менеджер деп – «мемлекетке қажетті маңызды жұмысты орындаушы; адамзат өмірінің жоғары моральдық және этикалық жақтарын сипаттайтын бизнеспен айналысушы; қоғамдық пікірді қалыптастыратын адам; барлық әрекет ету аймағында сыйлы және табысты қызметкер» деп танитын болсақ, білім беру мекемесінің менеджері – білім алушыларды білімге жақындату мүмкіндігін жасайтын адам. Білім –үлкен әлем десек, ал менеджер ондағы бизнесті жандандырушы болып табылады.

Менеджердің кәсіби білім беру процесі ең басты төрт процесті біріктіреді: тану; даму; тәрбиелеу; оқыту. Менеджерді кәсіби даярлауда білім беру технологиялары үлкен маңызға ие, олардың ішінде бүгінгі күннің сипаты ретінде келесі тенденцияларды атап өтуге болады: қоғамдық бағытта даму; жеке көзқарас; оқушылардың өздік жұмыс істеу принципі; жеке және топтық жобалармен жұмыс істеу; шектелмеген оқу құралдарының барлығын қолдану; оқытудың қарым-қатынас жасау әдісі; қарым-қатынастың демократиялық стилі; айқындау және оқушылар мен түлектердің пікірін, қызығушылықтарын есепке алу.

Болашақ менеджерлерді оқыту барысында жағдаяттық талқылауға негізделген басқаруға оқыту немесе үйрету бірінші жоспарға шығады. Сондай мәселенің шешімдерін табу нақты жағдаятты талдау және идея мен әрекетті бағалау іскерлігімен байланысты. Себебі, басқаруға оқыту барысында білімге қарағанда, іскерлік, дағды, өзін ұстау тәртібі маңызды екенін ескеру керек. Осыған сәйкес менеджерлердің негізгі атқаратын қызметтеріне тоқтала кетсек: *стандарттalған:* басқару циклынан туындайтын қарапайым күнделікті мәселелер; оларды шеше отырып, менеджер стандартты әрекет етеді. Оның қызметі «мәселені сезіну», оны анықтау және іс-әрекеттің басталуы үшін жауапкершілікті өзіне алу. Бұл деңгейде басқарушылық ұйымдастырушылық қабілетке ие болу маңызды; *жағдаяттық*, бұл деңгейде менеджер мүмкін болатын шешімдердің толық шеңберін бағалап, ең қолайлысын таңдауытиіс. Бұл жерде басқарушылық құзыреттілік пен кәсібилік талап етіледі; *ынталы*, бұл деңгейде менеджер мүмкіндігінше тексерілген және кейбір жаңа идеялар негізінде шығармашылықпен шешім таңдауы керек, мұнда батылдық пен қабілет талап етіледі; *инновациялық*-өте күрделі, мүлдем жаңа тәсілді талап етеді. Мұнда менеджерге жаңа болжанбаған мәселелерді түсіну жолдарын табу қажет, оларды шешу, одан жаңа ойлар туындату талап етіледі.

Менеджерлерді дайындау барысында менеджменттің теориясы мен практикасын меңгеруге және болашақ басшының жетекші қасиеті ретінде өзін-өзі дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Менеджерлерді дайындаудың білім беру жүйесінің әр мемлекетте (мысалы, АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа, т.б.) әртүрлілігіне қарамастан, кез келген деңгейдегі басшы немесе менеджер берілген қызметке сәйкес келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- білімін үнемі жаңаландыруға ұмтылу;

- экстремалды жағдайларда шешімді тез әрі дұрыс қабылдауға қабілетті және белгілі дәрежеде тәуекелділікке дайын болу;

- қажетті коммуникативтілік қабілетті игеру, қоластындағылардың психологиясын жақсы түсіне алу, басқаруда кооперативті стильді ұстану;

- қызметтегі міндеттері мен мекеме дамуының стратегиялық мақсаты

арасындағы байланысты түсіну және қабылдаған шешімдердің салдарын білу [3, 15 б].

Арнайы білімсіз арнайы қабілеттер мен тұлғалық қасиеттердің дамуы мүмкін емес. Ал осы арнайы қабілеттері мен арнайы басқарушылық білімі бар білім саласындағы басқарушы тұлға, мектеп менеджері болып табылады. Мектеп менеджері өзінің басқарушылық қызметі процесінде нақты пәндік

білімді игеруі керек, өйткені дәл осы білім бүкіл кәсіби біліктіліктің қалыптасуының ірге тасын қалайды. Мектеп менеджері қызметі адамға бағытталған және ол өз қызметін осы адамдар арқылы жүзеге асырады. Адамдармен жұмыс – адамзат қызметінің ең күрделі де қиын түрі. Педагогикалық ұжымды психологиялық-педагогикалық білімсіз басқару мүмкін емес. Себебі, басшылық жасау -басқалардың табысқа жеткізу дегенді білдіреді. Ал менеджмент адамның жоғары деңгейдегі қажеттіліктерін қанағаттандыру, шығармашылық кәсіби қызмет арқылы өзін-өзі көрсету тұрғысындағы табысты қарастырады.

Менеджер жоғары өнер деңгейіндегі адамдарды ұйымдастырушы болып табылады, сондықтан білім беру менеджері - ерекше дайындықты талап ететін мамандық. Осы кезеңдегі білім беру менеджерлерінің міндеті –бұлтұтас процесті қабылдау қабілетін қалыптастыру, жекелеген процестердің әрқайсысын дамытуды қамтамасыз ету, олардың негізінде жатқан қайшылықтарды анықтай білу, оларды шешу тәсілдерін табу.

Басқарушылық педагогикалық іс-әрекеттің нормативтік-логикалық сипаттамаларының болмауы, білім беруді реформалау мен жаңарту сапалы жаңа болашаққа көшуге мүмкіндік беретін арнайы нысандар, әдістер, техникаларбойынша жүйені дамытуға бағытталған кәсіби басқару қызметін дамытуды талап етеді. Бұл тек басқарушыбілім менеджерлерін дамыту жағдайында ғана мүмкін болады [4].

Елімізді білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының бірі – таңдау бойынша білім беруді ізгілендіру, тұлғалық-бағдарлы оқыту болып табылады. Білім берудің басты құндылығы адамд ауйрену шішегінен шығу қажеттілігімен мүмкіндігі, шығармашылық әлеуетінде өзін-өзі жүзеге асыруға қабілеттілігі, өмір бойы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы болып табылады.

Қалыптасқан білім беруді басқару жүйесі заман талабына сай үнемі жетілдіруді және жаңартуды қажет етеді, бүгінде білім беру мекемелерінің экстенсивтіден қарқынды даму және өзін-өзі дамыту жолына көшуін қамтамасыз ету “басшы-мұғалім – оқушы-ата-ана” жүйесін субъект-субъектілік байланыспен алмастыру болып табылады. Білім беру жүйесі үшін менеджерлерді даярлау мәселесінің өзектілігі мен әзірленбеуін, сондай-ақ оларды оқыту процесінде озық басқару тәжірибесін және білім беру жүйесіндегі менеджмент мәселелерінің зерттеу нәтижелерін жинақтау мен пайдалану қажеттігін ескере отырып, білім беру менеджерінің моделін әзірлеу қажеттігі туындайды.

Осы міндеттерді шешу барысында жетекші орындардың бірі білім беру менеджеріне тиесілі, ол жаңа міндеттердің ұлғаюымен бетпе-бет кездесіп, қабылданған шешімдер мен түпкілікті нәтижелер үшін үлкен жауапкершілік алады. Біздің түсінігіміздегі білім беру менеджері – жеке тұлға ретінде үздіксіз дами отырып және өзін-өзі көрсете отырып, кәсіби басқарушылық-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылықпен жүзеге асыратын кәсіби маман.

Білім менеджерлерінің басқару іс-әрекеттеріне байланысты (теориялық, тәжірибелік) талдауларды қарастырар болсақ, басқаруәдебиетінде “басқару” термині үшұстанымммен қарастырылады. Бірінші ұстанымға сәйкес”... басқару қызмет ретінде анықталады (Й. Кхол, В.С. Лазарев, Л.И. Суворов, Г.Х. Попов, М.М. Поташник және т.б.). Тіпті, кезінде А. Файоль басқару процесін ұйымның мақсаттарын жүзеге асыру іс-әрекеті ретінде қарастырды. Осыған ұқсас, “мектепті басқару” анықтамасымен түсініктері беріліп, онда осы ерекше қызметтің белгілері тіркеледі: функционалдық құрам (жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және басшылық), нысаналы мақсат (білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен қызметінің ұйымдастырылуы және оның білім беру мақсаттарымен мектептің дам умақсаттарына қол жеткізуге бағыттылығы) және іс-әрекет субъектілері (В.С. Лазарев).

Екінші ұстанымға сәйкес, басқару бір жүйенің басқа жүйеге бір адамның басқа адамға немесе топқа әсер етуі ретінде қарастырылады (В.Г. Афанасьев, Л.Б. Ительсон, О.В. Козлова, М. Майков, А.А. Орлов, Н.Н. Сунцов, Н.Д. Хмель, А.В.Филиппов және т.б.). Осы ұстанымның жақтастары үшін басқару-субъектінің объектіге мақсатты түрде әсер етуі және әсер ету нәтижесінде өзгеруі немесе басқа субъектіге мақсатты ықпал ету процесі.

Үшінші ұстанымды жақтаушылар басқаруды субъектілердің өзара әрекеттесуі деп қарастырады (А.Т. Абрамов, В.Г. Афанасьев, П.И. Третьяков, Т.К. Чекмарева, Т.И. Шамова, Д.В. Юдин және т.б.). Соңғы нұсқадағы мектеп басқаруын түсіндіру көбінесе шынайы басқару тәжірибесіне сәйкес келеді. Біз үшінші бағытты ұстанамыз, онда мектепті басқару әкімшілік, еңбек ұжымы, оқушылар, ата-аналар, қоғам, түрлі ұйымдар мен кадрлық, материалдық-қаржылық, ұйымдастырушылық, педагогикалық және басқа да міндеттерді шешу негізінде оқушылардың танымдық, тәрбиелік мақсаттары мен

оларды дамыту мақсаттарын жүзеге асыруіс-әрекеттері ретінде қарастырылады. Осы міндеттерді шеше отырып, біз оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін жағдай жасаймыз. Аталған міндеттердің әрқайсысын шешу – талдау, басқарушылық шешімдерді қабылдау, мақсатқа жету, жоспарлау және болжау, орындауды ұйымдастыру, бақылау және басшылық негізінде жүзеге асырылады. Мұндағы талдау-басқару іс-әрекетінің түрі, яғни объектілерді құрамдас бөліктерге (блоктар, бағыттар, элементтер) бөлу; элементтерді өзара және басқа объектілермен салыстыру; объектінің қазіргі жағдайын бағалау, оның даму үрдістерін, заңдылықтарын анықтау; жағдайдың себептерін анықтау. Басқарушылық шешім қабылдау – бұл мақсаттарды, міндеттерді, өызмет барысын алдын ала анықтау. Мақсатты болжау – мақсаттар мен міндеттерді анықтау. Жоспарлау – қойылған мақсатқа жету үшін болашақ қызметті жобалау. Жобалау – белгілі бір деректер жүйесі негізінде (талдау, даму үрдістерін белгілеу негізінде) алда болатын даму мен нәтиже туралы ықтимал қорытынды белгілеу; орындауды ұйымдастыру–басқарушылық қызметтің түрі ретінде ұжымның әрбір мүшесінің міндеттерін неғұрлым нақты жоспарлау және айқындау; жұмыс жоспарын және осы жоспарды орындау туралы шешімді орындаушыларға жеткізу; жұмысты орындаушыларды жұмылдыру, ынталандыру; жұмыс барысын түзету және реттеу. Бақылау – біржағынан мақсаттар, міндеттер, нормативтер, жұмыс жоспарлары және екінші жағынан нақты нәтижелер арасында сәйкестікті белгілеу. Басшылық – мекеме басшылары ғана іске асыратын және басқару жүйесін құру, басқарманың барлық қатысушыларын үйлестіру және интеграциялау (басқару процесіне қатардағы мұғалімдер жиі тартылады), басқару қызметінің барлық түрлерін үйлестіру және интеграциялау (басқарудың барлық функциялары) сияқты іс-әрекеттерді білдіретін басқару қызметінің түрі [5]. Осы іс-әрекеттер мен қызмет түрлерін меңгеру, оларды басты назарда ұстау әрбір білім менеджерлерінің алдына қоятын міндеті болуы тиіс. Соған сәйкес, білім мекемелері болашақ білім менеджерлерін заман талабына сай, сұранысқа ие, білікті де, білімді, сапалық қасиеттерге бай маман ретінде даярлауды алдыңғы қатарға қоюда. екі жақты процестің өзара сәйкестігі, өзара үйлесім табуы қашан да нәтижелі болары анық.

Қазіргі кезеңде менеджерлерден білім берудегі инновациялық технологияларды болжау мен ұйымдастыру қызметіне, білімнің үнемі жаңалануына байлыныста нарық конъюктурасының, сұраныс пен ұсыныс динамикасының жағдайын зерттеу үшін маркетингтік қызметке енуін талап етіп отыр. Ол үшін білім беру менеджері маркетинг негіздерін білуі керек, мемлекеттік тіл мен шет тілдерін меңгеруі тиісдеген талаптарға тіреледі [3].

Қазіргі білім мен болмыстың құндылықты өзегі адам қоғамының денсаулығы мен әл-ауқаты болып табылады. Бұған қол жеткізуді кәсіби білім берудің ұлттық доктринасы көздейді. Қазіргі педагогикалық үдерістердің негізінде оқыту, тәрбиелеу және дамытудың соңғы нәтижесін алуға бағытталған миссияны туындататын басқару ғылымы жатыр.

Жоғарыда айтылғандар бойынша, білім берудегі инновациялық технологияларды болжау мен ұйымдастыруды білетін, өз ісінің маманы болып табылатын мектеп менеджерлерін даярлау мәселесі еліміздегі білім беру реформаларының тиімділігін қамтамасыз етудің басты ресурстарының бірі болуда деген қорытынды жасауға болады. Қазақстанның үздіксіз білім беру жүйесін біліктілігі жоғары басшылар, яғни менеджерлер басқаруы қажет, ал олар білім беру саласындағы келешек реформалардың табысты болуының негізгі іргелі факторы болуы әбден мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. - Алматы, 2007 /zakon.kz

2. Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 гг. // Казахстанская правда. – 2010. - 14 дек.

3. Әлқожаева Н.С., Жұмабекова Қ.Б. Педагогикалық менеджмент: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 132 б.

4. Анисимов О.С. Принятие управленческих решений: методология и технология, - М., 2002.

5. Назмутдинов В.Я., Яруллин И.Ф. Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности. – Казань: ТРИ «Школа», 2013. – 316 с.

Баймаханов А.А.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының
2-ші оқу жылының докторанты
Ақмола облысы, Қосшы ауылы
E-mail: cr5aiko@mail.ru

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

Түйін: *Мақалада* Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай, *Елбасының* қанатты сөздеріне тоқталу арқылы отандық білім мен ғылымның жетістіктері, сондай-ақ, *шетелде ұйымдастырылған тағылымдамадан зерттеу тақырыбы бойынша алынған нәтижелер туралы айтылады.*

Резюме: *В статье освещен ход и результаты зарубежной стажировки в рамках темы исследования, в честь праздника Дня Первого Президента, в данной статье приводятся крылатые слова Елбасы, раскрывая тему достижений отечественного образования и науки.*

Summary: *In the article motion and results of foreign internship are lighted up within the framework of theme of research, in honour the holiday of Day of the First President, to this article the winged words of Elbasy are driven, exposing the theme of achievements of home education and science.*

«Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төртқұл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады»
Н.Ә. Назарбаев

Елбасының әрбір сөзінде мән мағына бар. Тәлім алар, тағылым боларлық құндылықтар жетерлік болғандықтан, оқырманмен бірге осы мақалада Елбасының қанатты сөздерінен өнеге алып отырамыз.

«Тәуелсіздікке қол жеткізу де, оны баянды ету де оңай емес», - деген Елбасының сөзінен, халқымыздың осы тәуелсіздікке жетуде сан қилы қиындықтан өтіп, оны сақтап, әрі қарай баянды қылу ортақ борыш екендігін сезінуге болады.

Бұл төңіректегі ойымызды жалғастыруда Мемлекет басшысының келесі қанатты сөздері көмек болмақ; «Бой салыстыратын заман емес, ой салыстыратын заман», «Болашақ - білімді жастар қолында», «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» және «Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді» [1].

Академик М.Ғабдуллиннің: «Халық әдебиеті жағымды батырлар образын жасағанда, олардың мықты, күшті, екендігін, сырт келбетін айтқанда, «арыстандай», «жолбарыстай жүректі» деп отырады. Мұның бәрі ауыз әдебиетінде образ жасау, жақсы теңеу табу, салыстыру үшін қолданылған» [4,48б.] – деп жазғанын ескерсек, «Оғызнамадағы» Оғызды бейнелеу үшін қолданылған «аяғы өгіздің аяғындай», «белі бөрі беліндей», «жауырыны бұлғын жауырынындай», «кеудесі аю кеудесіндей», т.с.с. болып келетін теңеулердің көркем образ жасаудағы қызметі ерекше екендігі белгілі. Осыған қарап-ақ, өгіз, аю, бұлғын, бөрі, т.б. ежелгі түркілердің тотемдері болған жануарлар атауларының біз сөз етіп отырған ескерткіште аса мол қолданылғандығын айта аламыз. Баяндалған сюжеттер «көшпелі» сипатқа ие болуына қарамастан, барлығы дерлік Оғыз қағанның батырлар жырларының бас қаһармандарына лайық тән өзгеше бітімін, болмысын, жаратылысын айқындай түсетін көріністер екендігі дау туғызбайды. Бір қызығы, тарихта болған осынау оқиғалар қазақ эпикалық жырларының дәстүрлі сюжет құрылымымен сәйкес келеді. Мәселен, «Алпамыс» батыр жырындағы Алпамыстың басынан кешірген жағдайлары ғажайып тууы, жедел ер жетуі, алғаш ерлік көрсетуі, Гүлбаршын сұлуға үйленуі баяндалған соң ғана қалмақпен соғысы бейнеленетіндігін еске алсақ, дәл осындай оқиға желісін «Оғызнама» эпосынан да байқауға болады. «Оғызнама» эпосының сюжеті мен кейіпкерлер жүйесінде қазақтың батырлық эпосы мен қиял-ғажайып ертегілеріне ұқсас сарындар мол. Мәселен, Ер Төстік жер астына түскенде оған Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ сияқты «жол серіктері» жәрдем беріп, көмектесіп жүрген болса, Оғыз қағанға жол көрсетіп отыратын, қиын-қыстау кездерде ақылшы, көмекші ретінде танылатын - көкжал бөрі. Эпоста Оғыз қағанның өзінен бастап, оның ұрпақтары мен айналасындағы адамдардың толыққанды көркем образы жасалған. Автор эпитет, теңеу, метафора, гипербола сияқты көріктеу құралдарын зор шеберлікпен қолданады. Әсіресе, шығармада аллегориялық тәсіл, яғни пернелеп айту басым. Теңеу арқылы қыздың сұлулығын асқан шеберлікпен бейнелейді:

«Көзі оның аспаннан да мөлдір көк,
Шаштары оның толқынындай өзеннің,
Тістері оның бейне маржан секілді».
«Бұл қыздың сұлулығы сондай, оны көрген адамдар есінен танып қалады»,-

деп бейнелейді. Ал, Оғыз қағанның аяғын тепсе, темір үзетін өгіздің аяғына, белін қасқырдың беліне, иықтарын бұлғынның жаурынына, көкірегін аюдың төсіне теңейді. Мұндай мысалдарды шығармадан көптеп кездестіруге болады. «Оғызнамада» мифологиялық мотивтер едәуір орын алған. Алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрген адамдар өзін қоршаған табиғаттың дүлей күші жайында сан қилы аңыздар шығарғаны мәлім. Сол ру-тайпалық қоғамда адамдар өздерінің шығу тектерін белгілі бір табиғат құбылыстарына немесе кейбір жануарларға тікелей байланысты деп қараған. Көрнекті ғалым В.Жирмунский[5, 87] көне түркілер өздерін көк бөріден тарағанбыз деп ойлағанына тоқталған. Көне Қытай жазбаларының мағлұматтары негізінде ғалым түркі тайпаларының Көк Тәңіріге табынып, жақсылықты да, жамандықты да Көктен яғни, аспаннан күткенін анықтаған. Оғыз қағанның үйленген

кезде атқарған әдет-ғұрыптары салты және оның балаларына Ай, Күн, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз деп, ат қоюы осыны айғақтайды.

Әдістеме. Бір күні Оғыз батыр Көк Тәңірісіне жалбарынып отырған сәтте көктен бір жарық сәуле жерге түседі. Оғыз қаған әлгі жерге барып, мынадай көріністің куәсі болады.

«Қараңғылық түсіп,
Көктен бір көк жарық түсті.
... Осы жарықтың арасында
Жалғыз қыз отыр екен» [6,38 б.].

Ежелгі түркі аңыз әпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген, ал, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді:

«Арқасында баланың
Қара көкжал көрінді:
...Нұр төгіліп жолына
Бөрі ойлаған баланың
Манас деп аты табылды»[7,118 б.].

Манастың есіміне қосарлана айтылатын айқындауыш сөздің бірі - «көкжал бөрі» деген метафора. «Манас» эпосының басынан аяғына дейін басты қаһарманды ұдайы «көкжал Манас» деп сипаттайды. Бұған «Манас» эпосынан бірнеше мысал келтірейік:

«Туылғандан шер болгон
Атағы чығып далайға
Қабылан көкжал эр болгон» [7,27 б.].

«Манас» эпосын зерттеуші ғалым Р.З.Қыдырбаева өзінің «Генезис эпоса «Манаса» атты еңбегінде қадым заманда түркілердің көк түске ерекше мән беруінің себебі адамдардың мистикалық наным-сеніміне байланысты болса керек деген пікір айтады [7,27-28бб.]. Алайда бертін келе көк түске байланысты теңеулердің мән-мағынасы тереңдей түседі. Ал, қазақтың батырлық жырларында халқының қамын ойлап, елді сыртқы жаудан қорғауға белін буып кірісетін жан кешті қаһармандар қашанда жарық нұрдан жаралған болып келеді. Оғыз қаған Үрім қағанға қарсы соғысқа аттанған кезде оның әскерін көк бөрі бастап жүреді. Әскерлер тынығып жатқан бір сәтте Оғыздың шатырына көктен сәуле түседі. Сол сәуле ішінен бір көкжал бөрі шыға келеді. Көкжал бөріге табанда тіл бітіп, Оғыз қағанға:

«Ай, ай, Оғыз!
Үрім үстіне сен аттанар боларсың!
Ай,ай, Оғыз!
Қызметіңде мен жүрер болармын!» - дейді [6,40-41 бб.].

Мұндай көркемдік дәстүр қырғыз елінің «Манас» эпосында да өз көрінісін тапқан. Мұнда Манас батырдың келбеті, дүлей күш-қайраты Оғыз батырды еріксіз еске түсіреді. Мәселен, «Манас» эпосындағы мына жыр жолдарына назар аударайық:

«Каны бир кара, бети көк,
Боору чыбыр, сырты көк,
О, мына чоң тай серкер эди
Батыр бир Манасын сурасаң –
Көкжал бир дөбет бөрү эди» [8,28-29 бб.]

Ғажайып туу мотивінің адамзат тарихының кезеңдеріне сәйкес әрбір фольклорлық жанрдың дамуын, ерекшелігі мен шығарма идеясына орай түрленуін, бұл мотивке әр кезеңдегі айтушылардың дүниетанымына сәйкес енген өзгерістерді зерттеуде осы уақытқа дейін толық шешімін тапты дей алмасымыз хақ.

Нәтижелер. Ежелгі замандарда пайда болған бұл мотив алғашқы уақытта мифтің бір эпизоды ғана емес, өз алдына жеке антропогоникалық миф ретінде айтылған. Алғашқы адамдардың пайда болуы және құдайлар туралы әңгімелер антропогоникалық мифтер жүйесін құрайды.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған жөн екенін ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [9,538-539бб.].Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді..

Талқылау. «Оғызнама» – кітаби эпос ескерткішін үлкенді-кішілі он жеті тараудан тұратынына жоғарыда тоқталғанбыз. Солардың бірі - «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл дүниежүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [6,20б.]. Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы, дүниежүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», - деп жазған [10,207-208бб.].

Қорытынды. Қорытындылай келгенде айтарымыз түркі ескерткіштерінің зерттелу деңгейі міне, осындай. Көптеген дәстүрлердің негіз мен қайнар көзін саралауда әлі де талай жұмыстар жүргізле бермек. Түркітанудың деңгейі өсіп, өрісі кеңейіп, ендігі жерде тіл, тарих тарапынан қарастырмай, ғылымның әр саласы бойынша зерттейтін мүмкіндікке жетіп отыр. Бұрынғы зерттеулердің табысын жан-жақты пайдалана отырып жетілдіру – бүгінгі ғылымның талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. –Алматы: Ғылым, 1983. – 159 б.
2. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981 – 308 б.
3. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. /Орыс тілінен аударған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдиев/ – Алматы: Жалын, 1986. – 128 б.
4. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. –Алматы: Ғылым, 972. – 338 б.
5. Жирмунский В.М. Тюркский геройческий эпос. –Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.
6. Йоллығтегін. Күлтегін. /Аударған: М.Жолдасбеков – Алматы: Жалын, 1986. – 78 б.
7. Манас. Қырғыз халқының батырлық дастаны 1-кітап. –Алматы, 1961.-264 б.
8. Бердібаев Р. Манас және эпикалық дәстүр /Фольклор шындығы/ – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
9. Веселовский А.Н. «Историческая поэтика». – Москва: Наука,1982.-274 с.
10. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 325 с.

Джумабекова А.А.
филология магистрі,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті,
Орал қаласы, e-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

Х. ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ

Түйін: Мақалада Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы рухани мәдениет лексикасы қарастырылған. Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары беріліп, талдау жасалынды.

Резюме: В статье рассматривается лексика по теме духовная культура в трилогии «Ак Жайык» Х.Есенжанова. Дается анализ этнографических понятий быта, культуры и традиции народа того времени.

Summary: In the article is examined a vocabulary on the topic of spiritual culture in the trilogy of "Ak Zhayik" by H. Esenzhanov. There is given an analysis of ethnographic concepts of way of life, culture and tradition of people of that time.

«Ақ Жайық» романы – жердің, елдің тарихи оқиғалардың, халық тағдыры үшін күрескен саналы азаматтардың әдеби образы. Автор отарлық езгіден қиналған халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін жасаумен қатар нақты тарихи тұлғалардың өмір жолын шебер суреттеді. Халық тарихының бір қиын-қыстау кезеңдерін автор шеберлікпен, асқан шыдамдылықпен хикая еткен. Қат-қабат оқиғалар мен сан алуан тағдылар ескі мен жаңаның бітіспес айқасы, ту даладағы ғаламат шайқастар жазушы шеберлігінің арқасында құлашы кең эпикалық суреттерге айналған. Жазушы өмірді қозғалыс, өсу үстінде, тарихи шындыққа тән бейнелеу ниетінен ауытқымауға ұмтылды. Тарихи күрес дәуірінің қилы-қилы кезеңдері мен сұрапыл шайқастарын жанды да шындық қалпында суреттеу ниетімен жазушы романда әртүрлі көзқарас пен сенімнің, мінез бен әрекеттің, іс пен сөздің адамдарын күрес сахнасына тартқан [1,18].

Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларды сақталып, олар жайында мағлұмат береді. Этнографтар халықтың замандар бойындағы тұрмыс салт, әдет-ғұрпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық, рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл – солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі.

«Мәдениет» бұл – аса күрделі, көп деңгейлі жүйе. «Мәдениетті» тасушысына байланысты бөлу дәстүрге айналған. Осы тәуелділікке байланысты мәдениет «әлемдік» және «ұлттық» болып бөлінеді. «Әлемдік мәдениет» – бұл біздің жер шарды мекендеген барлық әр түрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің ең жақсы жетістіктері. «Ұлттық мәдениет» өз кезегінде әр түрлі мәдени кластың синтезі ретінде, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік қабаттың және топтың мүддесінен шығады. Ұлттық мәдениеттің әр түрлілігі оның қайталанбауы және жасампаздығы руханилығынан (тіл, әдебиеті, музыкасы, майлы бояу, діни), сол сияқты заттық мәдениетінен (экономикалық ерекшелік жағдайы, шаруашылықпен айналысу, еңбек дәстүрі және өндіріс) шығармашылық пен тіршілік сферасында т.б. көрінеді. Қоғамның көптеген мүшелері мәдениетінің құндылығын, сенімді, салт-дәстүрді басшылыққа алады. Қоғам бірнеше топқа (ұлттық, демографиялық, әлеуметтік, кәсіби т.б.) бөлінеді және әрқайсысында өзіндік мәдениет қалыптасады. «Рухани мәдениет» – адамдардың талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды. «Эстетика» (грек. ощущение) – өнер туралы философиялық оқу. «Этика» (грек. адамгершілік, дәстүр қағидасы, мінез нормасы) – адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы жоғарғы мәдениеттілік келбеті [2,323-324]. «Салт-дәстүр» – адамзаттың рухани көне құбылыстарының бірі. Әдет-ғұрып аса қарапайым мінез-құлықтардың бүтіндей, үйреншікті өмір салтының үлгілерінің негізінде қалыптасады. Олар қоғамда белгілі бір уақытта, орында, белгілі бір оқиға, жағдайға байланысты қолданылып жатады [3,63]. Діни ұғымдағы салт-дәстүрге қарасты заттық мәдениет лексикасына: *мешіт; медіресе; жайнамаз; тасбих; десбітас; намаз; ораза айты* т.б. жатады.

Трилогиядағы *көңіл айту; жұбату; қолқа салу; садақа беру; той; ашамайға отырғызу; қырқынан шығару; бесікке бөлеу; ас беру; бәйгеге ат қосу; жамбы ату; белдесіп күресу; қалың мал беру; құда түсу; ұзату тойы* т.б. тәрізді этномәдени бірліктер заттық мәдениетке тікелей байланысты халықтың рухани мәдениетінен мағлұмат береді. Енді солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

Көңіл айту. – *Тояш шырағым, Бақы ағаң дүние салыпты, тәңір иманын жолдас қылсын. Жалғыз сенің ағайының емес, бәрімізге жақын, ақкөңіл адам еді. Басқа не айтамыз, - деп екі-үш шал қосарлана сөйлеп* ***көңіл айтысты*** [4, 174] Қазақтың ертедегі салты бойынша, түзде өлген адамды отбасы мүшелеріне жақын туыстарына естіртуші адам айтатын сөзін, естірткелі отырған уақиғаны тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен кейде әртүрлі салыстырулармен хабарлаған. Кейде ауыр қазаны күймен де естірту дәстүрі болған. *Ол Тояш сияқты Шүйкеге көңіл де айта алмады, зорлаған әйелдерді* ***жұбатуға*** *да кірісе алмады*. Жұбату өлең, тақпақ, жыр түрінде айтылған. Шешендік сөз арқылы көңіл айту басы қаралы, жүрегі жаралы жандарды жақсы лебіз, жанашырлық сөзбен ойын ширатып, көзінің жасын тияды, бойына қайрат береді, қайғысын сейілтуге тырысады. Қаза ортақ, қайғы кезек, өлім хақ екенін ескертіп, жұбатады, өткенге өкінгенше тірінің тілеуін тіле дейді. рилогияда ер азаматтың аққөңілділігін, ерлігін адамгершілігі сияқты қасиеттері туралы айтылады. Оны балаларына өнеге ету мақсатында тәрбиелік мәні зор.

Шілдехана. *Бұл да нәреста. Бұл да* ***шілдехана*** *тойындай шаттықпен бас қосады. Бұл да* ***қырқынан шығып, бесікке бөліп әлдилеуді*** *керексітеді,* ***қаз тұрып*** *аяқ басқанша күні-түні мәпелеуді тілейді* [4,133] Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Әдетте баланың туғанына 12-14 ай толғанда жасалады. Қазақ баласын ағаш бесікке салып асырайды. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады.

Құда түсу. *Маған солардың ақымақ болғаны керек еді, ақсақал. Сен қайта-қайта ақылды дейсің,* ***құда түсетін*** *адамша, тегі* [4,343] Қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдет-ғұрып бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болуы арқылы нығайтып келген. Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі, яғни медициналық қан тазарту заңы қатаң сақталған. Х.Есенжанов *құда түсу* деген тіркесті салыстыру мәнінде қолданған.

Қалың мал беру. *Екеумізге қатынды ана Хакім Жүнісіп алып бермейді. Өйткені оның ұғымынша бұл өткен заманның салты:* ***қалың мал беру, құда түсу, келіншекті көру, ұзатып әкелу, жиһазын түгендеу****... осы сияқты толып жатқан ескі салт коммуниске лайық емес деседі* [4,130]. Қалың мал төлеу кейбір зерттеушілердің түсіндіріп, жүргеніндей, қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, керісінше, қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістерге жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем. Дәстүрлі қалыңмал мынадай бөлімдерден тұрады: бес жасы, ілу, өлі-тірі, той малы, сүт ақы, жігіт түйе. Бұл салт-дәстүрлерді қазір де кеңінен ұстанып келеміз.

Отбасылық тұрмыспен тікелей байланысты туыстық қарам-қатынас пен туыстық атаулар да этномәденитанымдық тұрғыда қызығушылық туғызады.

Туыстық атаулар мен туыстық қатынастар И.Т. Андреев, С.Б. Броневский, Н.И. Гродеков, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, І. Кеңесбаев, Х. Арғынбаев, Л. Жолдасбек, С. Омарбеков, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, М. Сарыбаева т.б. еңбектерінде зерттелген.

«Туыстық атаулар – ұлттық қоғамдық қарым-қатынастың дәрежесін анықтайтын, мұрагерлікті, әдептілікті белгілейтін тарихи категория».

«Ақ Жайық» трилогиясында *туыстық атаулар, қоғамдағы рулық жүйе, тұрмыс құруға байланысты түрлі әдет-ғұрыптар, мұрагерлік* т.б. туыстыққа байланысты этномәдени бірліктерді көптеп кездестіруге болады.

Өз жұртына байланысты *әке-шеше, немере, жиен, аға, апа, келін, қыз, бала* т.б. атаулар қолданылса, *қайын жұртына* байланысты *ата-ене, жеңеше, абысын, қайнаға, келіншек* тәрізді туыстық атаулар, *құда, құдағи, құда-жекжат* т.б. *құдалық қатынасты* білдіретін этномәдени бірліктер де кездеседі.

Х. Есенжановтың трилогиясында этномәдени тәсілдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Рухани мәдени бірліктер арқылы жазушы ұлттық мінез, бейне сомдайды, ұлттық нақыштың бояуын әрлендіреді.

Этномәдени бірліктердің маңыздылығы оның тілдік және тілден тыс шындықты бейнелеуінде. Олар ұлт тіліндегі ақиқат шындықтың әрқалай бейнеленуінің себебін түсіндіреді. Ал оның негізгі себебі белгілі бір заттың не құбылыстың бір ұлттан гөрі екінші ұлтқа көбірек не өзгеше әсер ететіндігінен болуы мүмкін.

Бүтіндей алғанда Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы халқымыздың ерлік тарихын, елдік тарихын, тереңнен толғай баяндайтын кесек те бағалы шығарма. Ол сәтті туындыға тән ерекшеліктермен өзіне дейінгі осы тақырыпта жазылған еңбектерге үлес болып қосылумен бірге, оларды толықтыра, молайта түсті, әлемге аян Октябрь таңының Қазақстанның батыс аудандарында қалайша атқанын шындық тұрғысынан баяндайды.

Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы этномәдени лексиканың молдығы қаламгердің тілдік тұлғасына тән ой-танымының, қайталанбас даралығының көрінісі. Романдағы рухани мәдениет лексикасына байланысты тіл деректері қазақ халқының сан ғасырлық тарихи-мәдени өмір-тәжірибесінен хабардар етеді әрі шығарманың танымдық маңызын арттыруға ықпал жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Белгер Г. Ғибратты ғұмыр (Жазушы Х.Есенжанов туралы). // Парасат. – А, 1998, №8, 18 б.
2. Краткий философский словарь. – М, 1940. 323- 324 с.
3. Төкенов Ө. С. Мәдениеттану негіздері. / Ө.С.Төкенов. – А, 2001. 63 б.
4. Есенжанов Х. «Ақ Жайық» трилогиясы. / Х.Есенжанов. – А: Жазушы баспасы, 1988.

Дуйсенов К.,
ҚазҰУ-дың 1-курс PhD докторанты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері,
kuat.duisen@gmail.com, Алматы қ.

Қажыбек Е.,
ф.ғ.д., профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,
kazhybek@gmail.com, Алматы қ.

ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ «НҰРАДЫН» ЖЫРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ДІНИ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРГЕ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ТАЛДАУ

Түйін. Мақалада Қырымның қырық батыры эпопеясына кіретін «Нұрадын» жырының мәтінінде кездесетін діни тілдік бірліктерге лингвокогнитивтік талдау жасалды.

Резюме. В статье приводится лингвокогнитивный анализ на религиозные языковые единицы встречающиеся в тексте сказания «Нурадын» из эпопеи о Сорока степных богатырях.

Summary. The article shows a lingua cognitive analysis of religious language units found in the text of "Nuradyn" poem from The forty knights of steppe epics.

Әр шығарма белгілі бір уақыт пен кеңістікте жазылған, тиянақты немесе бірша тиянақты ойды білдіреді. Әр ауыз әдебиеті туындысы белгілі бір қоғамдық, мәдени, танымдық және т.б. қажеттілік негізінде дүниеге келіп, заманның өзгеруі, қоғамдық немесе саяси формацияның ауысуына қарай, я болмаса әртүрлі тарихи кезеңдерде орын алған тектоникалық өзгерістерге байланысты актуалдылығын сақтап, жоғалтып немесе түрлі трансформацияларға ұшырап жатады. Сондай-ақ ауыз әдебиеті әдебиеті шығармаларының ажырамас қасиеттерінің бірі синкреттілік болғандықтан, аталмыш шығармалардың өзі, ішіндегі сөздері, ұғымдары, тіркестері, жалпы айтқанда – тілдік бірліктері, оқыған әрбір тіл иелменіне тереңнен әсер етіп, санасында түрлі деңгейдегі эмоциялар туындатады. Ал эмоция Қаныгүл Жаманбаеваның пайымынша "адамды таным шегімен байланыстырады. Таным эволюциясы үстінде адам моральдық, интеллектуалдық тұрғыдан жаңа болмыспен қайта жасалып шығады. Сөз-символ адам баласын мәндер дүниесімен қосады. Осы процестердің нәтижесінде тілдік сана өмірге келеді" [1]. Нәтижесінде ғаламның тілдік бейнесі қайта актуалданады. Бұл процестер барысында тіл иелменінің білім деңгейі, танымы, өмір сүріп жатқан қоғамдық формациясы және т.б. өзге факторлар әсерінен тілдік бірліктің кей бөліктері көмескіленіп, кейбірі ерекше назарға ие болуы немесе назардан тыс қалуы мүмкін.

Қырымның қырық батыры жыры танымдық тұрғыдан бай, құрылымдық тұғыдан күрделі әрі оқырманын елегітіп алып кететін, бейжай қалдырмайтын бірегей туынды. Қырымның қырық батыры 40 (41) бас кейіпкері бар 36 жырдан тұрады. Әр жыр құрылымдық, сюжеттік, мазмұндық тұрғыдан қайталанбас бірегей және өзге қырық батыр жырларымен берік мағыналық байланыс құрады. Қырымның қырық батыры жыры мазмұндық жалғастығы тұрғысынан шартты түрде үш бұтаққа тармақталады. Олар:

1 Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары циклі. Бұл циклге "Аңшыбай батыр", "Парпария", "Құттықия", "Едіге", "Нұрадын", "Мұса", "Орақ, Мамай", "Қарасай, Қази" жыры кіреді.

2 Қарадөң батыр және оның ұрпақтары. Бұл циклге «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс, Көгіс», «Тама», «Тана», «Нәрік», «Шора» жыры кіреді.

3 Бұл циклді шартты түрде жалпылай алып «Жеке батырлар» деп аталады. Бұл тарауға «Қыдырбайұлы Қобыланды», «Айсаның ұлы Ахмет», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Сұлтанкерім», «Қарт Қожақ», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Асанқайғы, Тоған, Абат» 2 жыр, «Жаңбыршы», «Жаңбыршыұлы Телағыс», «Манашы», «Манашыұлы Тұяқбай», «Ер Көкше», «Көкшенің ұлы Ер Қосай», «Алау», «Әмет», «Шынтас», «Шынтасұлы Төрехан», «Құлыншақ» жыры кіреді.

Қырымның қырық батыры жыры 1942 жылы Қ. Сәтбаев және Н. Сауранбаевтың бастамасымен Мұрын жырау Сеңгірбекұлының аузынан жазып алынды. Жырды жазып алуға Қ. Жұмалиев, М. Хакімжанова, М. Исаева қатысқан. Жазылап алынғаннан кейін жыр ұзақ уақыт ҚазКСР Ғылым

академиясының қорында сақталып тұрды. Кеңес заманында жырдың өңделген үзінділері «Ақсауыт» жинағында, «Батырлар жыры» көптомдығында жарық көрді. Қырымның қырық батыры жыры толығымен 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында, Қабиболла Сыдиықұлы жинаған материалдар негізінде, Сейілбек Сәкен редакциясымен басылып шықты.

Осы мақалада Қырымның қырық батыры жырының «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» цикліне кіретін «Нұрадын» жырында кездесетін діни бірліктерге талдау жасамақпыз.

Қырымның қырық батыры ішіндегі Нұрадын жыры атауының өзін бір діни бірлік ретінде қарастыруға болады. Нұрадын есімі арабтың نور الدين «Нур ад-дин» (қазақша: «діннің нұры») сөзінің төл фонетикамызға бейімделген түрі. Сондай-ақ жырда 9 рет «Алла», 7 рет «Құдай», 3 рет «Ақ» (Хақ), 2 рет «Тәңір», 1 рет «Жаппар» сөзі қайталанады. Аталған сөздердің бәрі Алла Тағаланың есімдері екені бәрімізге мәлім. Жыр ішінде бұл атаулар бір-бірін алмастырушы және толықтырушы сипатта қолданылып, көркемдеуші тәсілдердің бірі ретінде көрініс тапқан.

Жырда келесі діни тілдік бірліктер кездеседі. Аталмыш діни бірліктер жалпы батырлар жырларында жиі кездеседі. Олар: «шүкір», «қияметтік», «Қыдыр ата», «Қырық шілтен», «Баба түкті шашты Әзиз». Келтірілген бірліктер күнделікті тұрмысымызда қолданатын сөздер. Олардың жырдағы мағынасы да еш өзгеріссіз берілген. Аталған сөздердің беретін мағынасын түсіндірме сөздіктен алып, төменде келтіріп отырмыз.

«Шүкір [ар. ركش] од. 1. этн. Алланың бергеніне ризамын, барға қанағат, жоққа салауат деген мағынадағы *Құдайға тәубә* деген сөз. [3, 483 б.].

Қияметтік – сын. Мәңгілік, өмірбақилық; қияметке дейінгі [4, 605 б.].

Қыдыр – миф. Халық аңызында ақ сақалды, қарт бейнелі, ел аралап жүретін «әулие» [5, 550 б.].

«Қырық шілтен» әдеби сөздікте – Шілтен зат. миф. Желеп-жебеп, қолдайтын киелі бейне [4, 488 б.]

Баба [Бабай] түкті шашты әзіз. Миф. Қолдаушы, қауіп-қатерге ұшыраған адамға көмек көрсететін әулие [5].

Жырда «кәпір» сөзі 1 рет «Екі мың кісі кәпір-ай, Келе жатыр апыр-ай» [2, 89 б.] деген тіркесте кездеседі. «Кәпір» атауы жауға қатысты қолданылады. Сөздікте «кәпірге» қатысты «мұсылман дінінен басқа діндегілер; дінсіз» [6, 370 б.] деген анықтама берілген. Дегенмен жыр контекстінде бұл атау «қалмақ», «ындыс», «қызылбас» сөздерімен бірге қолданылып, синонимдік қатар құратыны байқалады. Сондай-ақ контекстіден «кәпір» сөзінде «діні жоқ, дінсіз» мағынасынан гөрі «өзге, бөтен» семасы басым келетіні білініп тұр. Бұл ретте сөзді «өзім/өзге» танымдық көрсеткіші аясында қарастырып, таза діни бірлік ретінде тани алмаймыз.

«Нұрадын» жырын талдау барысында төмендегі жолдар назарға ілігіп, ерекше қызығушылық тудырады:

Жалғыздың жары – бір Құдай,
Арыстан хандай еріміз.
Баба түкті Шашты Әзиз,
Керемет қонған піріміз. [2, 92 б.]

Ұстадың найза қолыңа
Қыдыр ата жар болсын,
Қырық шілтен қолдасын,
Арыстан болсын жолдасың [2, 93 б.];

Арыстан, жәрдем бере көр,
Рүстем, Дастан ер едің,
Шақыртса ерлер келе көр!
«Арыстан» деп ат қойған
Бір Алланың өзі еді,
Арыстан, жәрдем бере көр [2, 94 б.], -

Бұл жолдарда «шаһимардан» және «арыстан» сөзінің мағынасы қызығушылық тудырады.

Шаһимардан сөзі. 15 томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігінде, әртүрлі сөздіктерде «шаһимардан» сөзі кездеспейді. Профессор Телғожа Жанұзақ басшылығымен жарияланған «Қазақ есімдерінің анықтамалығы» кітабында Шахмардан есіміне мынадай анықтама берген: «Шахмардан, ир. шах+мардан – ержүрек, батыл. Фонетикалық түрі – Шаймерден, Еркелете айтылатын түрі – Шәкен» [7]. Сондай-ақ отандық және шетелдік дереккөздерін ақтару және Ирантанушы мамандармен кеңесу нәтижесінде «шаһимардан» сөзі парсының [شاه] «шаһ» және [مردان] «мардан» (ерлер) сөзінен шыққаны, «ерлердің патшасы, ерлердің ері» мағынасын беретіні анықталды. Өз кезегінде «ерлердің патшасы, ерлердің ері» сөзі төрт халифаның бірі Әзірет Әли ибн Әбу Тәліпке [8] тиесілі лақаптардың бірі. Әзірет Әлиге қатысты «шаһимардан» есімі және атауы Иранда және парсы мәдениетінің әсерінде жүрген Иранға көршілес Ирак, Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан, Өзбекстан, Әзірбайжан аймақтарында кеңінен тараған. Бұл құбылыс кісі есімдерінде, жер-су атауларында, елдімекен атауларында және т.б. көрініс тапқан. «Нұрадын» жыры мәтінінде «Шаһимардан» сөзінің кездесуі көшпенді мәдениетіміздің шығыспен тығыз байланыста болғандығының және Қырымның қырық батыры жырын бізге дейін жеткізген жырауларымыздың парсы әдебиетімен өте жақсы таныс екендігінің бір көрсеткіші.

Арыстан сөзі. «Нұрадын» жырында «арыстан» сөзі жалпы 6 рет кездеседі. Оның екеуінде «Арыстан, жәрдем бере көр» [2, 94 б.] деп қайталанады, біреуінде «Арыстан болсын жолдасың» [2, 93 б.], ал біреуінде «Арыстан деп ат қойған, Бір Алланың өзі еді» [2, 94 б.], «Арыстан хандай еріміз» [2, 92 б.] және «Жәрдем берсін арыстан» [2, 90 б.] деп айтылады. Жоғарыда келтірген өлең жолдарынан байқағандай «Арыстан» сөзі «Қыдыр ата», «Қырық шілтен» секілді қазақ ауыз әдебиеті эпикалық шығармаларының «дәстүрлі және үйреншікті» кейіпкер әулиелерімен қатар айтылады. Осы дерек негізінде «Арыстан» атауының діни астары бар деген болжам туындайды. Жыр контекстінде «Арыстан» сөзін «хан», «ер» сөзімен бірге қосылып қолданылады. Демек «Нұрадын» жырындағы «Арыстанға» хандық билік пен батырлық тән. Келтірілген жыр үзіндісінде «жалғыздың жары (досы)» ретінде алдымен Алланы, сосын «арыстанды», кейін барып «Баба түкті Шашты Әзизді» атайды. Бұл төрт жол өлең діни танымға сәйкес иерархиялық кезектілікті және ауыз әдебиетіміздің жыраулық өнерінде қалыптасқан «әуелі Алла, сосын пайғамбар (шәдиярлар), сосын әулиелерге» мадақ дәстүріне сәйкестікті көрсетеді. Жырда «Арыстан деп ат қойған, Бір Алланың өзі еді» деген жолдар кездеседі. Діни танымымыз бойынша Алламен тікелей байланысқа адамзат баласы ішінен тек пайғамбарлар шыққанын ескерсек, «Арыстан» есімі пайғамбар арқылы берілуі әбден мүмкін. «Арыстан» сөзіне қатысты жырдан жиналған жоғарыда атап өткен деректерді негізге алып, қолда бар ақпарат көздерін ақтару барысында «Арыстан» сөзі халифа Әзірет Әли ибн Әбу Тәліпке [9] қатысты екені анықталды. Мұхамед (с.ғ.с.) пайғамбар Әли ибн Әбу Тәліптің ержүректігі және соғыста көрсеткен жанкештілігі үшін «Хайдар» («Арыстан») деп ат қойған екен. Бұдан басқа Әлиге қатысты «Асад Алла» («Алланың арыстаны») [10] деген лақап та кездеседі. Сондай-ақ тарихи деректерден Әзірет Әли ибн Әбу Тәліп араб халифатының төртінші билеушісі – халиф болғандығы және билік ету барысында бірнеше соғысқа қатысқаны белгілі. Бұл тұрғыда тарихшы Қалиолла Ахметжановтың батырлардың қару-жарағына арналған монографиясында [11] Қырымның қырық батыры «Нұрадын» жырындағы «Арыстанның» Әзірет Әли екендігі туралы пікіріне толықтай қосыламыз.

Қырымның қырық батыры қазақ ауыз әдебиетінің құнды жәдігері. Жыр жолдарында ұлтымыздың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі, құлқы, материалдық және рухани мәдениеті көрініс тапқан. Сондай-ақ жырда тарихымыздың әртүрлі кезеңдерінен, қаһармандық және қайғылы, кең және тар замандарының ізі бар. Жыр бойында түрлі кезеңдер жайында сыр шертетін көптеген мәдени қабаттардан тұрады. Бұл қабаттар бір-бірімен үйлесім тауып, жыр мазмұнына бірегей көркемдік, қайталанбас мазмұн береді. «Нұрадын» жырында кездесетін кейбір діни бірліктерге талдау жасаған осы бір кішігірім мақаламыз Қырымның қырық батыры секілді алып эпопеяны зерттеу ісіне қосқан үлесіміз. «Нұрадын» жырында кездесетін дінге қатысты бірліктердің мағыналық қабаттарын ашып, жырды бір, атап айтқанда діни қырынан түсінуге көмек болды деген сенімдеміз. Осы мақала болашақта «ноғайлы батырлары» жайлы жырларды оқуға себепкер болып, жырды жаңа қырларынан зерттеуге шабыт береді деп үміттенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жаманбаева Қ. Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. 140 б.

2. Қырымның қырық батыры. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2005. – 544 бет.

3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том. Құраст.: Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. –Алматы, 2011.

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. Құраст.: Ыбырайым Ә., Жаңабекова А., Рысбергенова Қ. және т.б. – Алматы, 2011.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. Құраст.: Қалиев Ғ., Бизақов С., Нақысбеков О. және т.б. – Алматы, 2011.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Жанұзақов Т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

7. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 552 бет.

8. Emilie Savage-Smith. Magic and Divination in Early Islam (The Formation of the Classical Islamic World). 2004

9. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас. ред. Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 бет.

10. Британника энциклопедиясы. Электрондық дерек: https://www.britannica.com/biography/Ali-Muslim-caliph#ref260768

11. Ахметжанов Қалиолла Саматұлы. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері/ Ахметжанов Қ.С.. – Алматы, Дәуір, 1996. – 256 бет.

Жайлауова М.К.
педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті
E-mail: mzhailauova@mail.ru, Қызылорда қ.

Мейрамова Т.Т.
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
1 курс магистранты
E-mail: tan.sulu@mail.ru, Қызылорда қ.

«МЕТАПӘНДІЛІК», «МЕТАПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ

Түйін: Мақалада «метапәнділік» және «метапәндік құзыреттілік» ұғымдарының мәні қарастырылған.
Резюме: В статье рассматривается сущность понятий «метапредметность» и «метапредметные компетенции».
Summary: The article considers the essence of the concepts “meta-subject” and “metasubject competencies”.

Жаңартылған білім мазмұнының түйінді идеяларының бірі - оқушылардың білімдерді кіріктіре, оларды түрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалана білуден көрінетін құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Қазіргі бастауыш мектеп негізгі білім беру бағдарламасын игерудің тұлғалық, метапәндік және пәндік нәтижелерінің жетістіктеріне бағдарланған. Өз кезегінде жаңа әлеуметтік сұраныстар бірінші орынға бастауыш мектептің түлектерін түрлі ұйымдастырушылық, танымдық және коммуникативтік проблемаларды шешуге даярлау міндетін қояды.

Бүгінде «метапән» және «метапәндік оқыту» ұғымдары айрықша танымалдылыққа ие болуда. Бұл түсінікті де, себебі метапәндік тұғыр жаңа білім беру стандарттарының негізіне алынған. Әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндері бойынша бағдарламада мақсаттар мен білім беру нәтижелері тұлғалық, метапәндік және пәндік сияқты бірнеше деңгейлерде қарастырылған. Мұндай тәсілдемеде оқушыларда оқылып отырған пәнге әлем туралы білімдер жүйесіне қарағандағыдай қатынас қалыптасады [1].

Метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру оның тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай жасай отырып, әрбір оқушыны әрекеттің сан алуан түрлеріне тартуды көздейді. Бастауыш сынып оқушысының метапәндік құзыреттілігі деп оның тиімді және жан-жақты оқу-зерттеушілік әрекетінің мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның тұлғасының кешенді қорын, яғни метапәндік оқу- зерттеушілік әрекетті жүзеге асыруға «дайындық пен қабілеттілікті» түсіну қажет. Осыған орай қалыптасқан білімдерді пәндерге бөлу тәжірибесінен әлемді тұтас бейнелі қабылдауға өтуді қамтамасыз ететін метапәндік тұғыр өзекті болып отыр. Метапәнділік білім мазмұнын кіріктіру және теориялық ойлауды, әрекеттің әмбебап тәсілдерін қалыптастыру принципі ретінде айқындалады. Мұның барлығы адам санасында әлемнің тұтас бейнесін жасауды қамтамасыз етеді [2].

«Метапәнділік» ұғымының нақты анықтамасы жоқ және зерттеушілердің түрлі көзқарастарын білдіреді. В. И. Колмакова, А. В. Хуторской, А. А. Кузнецов оны түрліше түсіндіреді. «Метапән» және «метапәнділік» терминдерінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Алғаш рет ол жайлы Аристотель айтқан болатын. Педагогикада метапәндік тұғыр XX ғасырдың аяғында дамыды. В. И. Колмакова білім алушылардың метапәндік құзыреттілігін «оқушыларға реттеуші, танымдық және коммуникативті міндеттерді табысты орындауға мүмкіндік беретін әмбебап оқу әрекеттерінің жүйесі» ретінде айқындайды [3].

А. В. Грешилова метапәндік құзыреттілік деп адамның кіріктірілген, пәнаралық әрекетінде көрініс табатын және пайдаланылатын негіз құраушы білім, білік, практикалық тәжірибенің бірлігін түсінеді [2].

А. В. Хуторской «Адамдағы ішкі мен сыртқының байланысы, оның микро- және макрокосмасы әлемнің және адамның фундаменталды түйінді негіздеріне жататын әрекет арқылы қамтамасыз етіледі» деген пікір айтады. Білім берудің метапәндік мәні де осы негіздерден тұрады [3].

А. В. Хуторскойдың пікірінше, метапәнділік — бұл фундаменталды білім беру объектілері, оқушылар үшін — олардың әрқайсысына оның танымының жеке нәтижесін қамтамасыз ететін та-

ным объектісі, нәтижесінде — білім берудің жеке дара траекториясын қамтамасыз етеді. Фундаменталды объектілерді тану процесі және нәтижелері оқушының даралығына, оның қабілеттеріне, даму деңгейіне, қолданылатын таным әдістеріне тәуелді болады. Әр түрлі оқушылардың бірдей фундаменталды объектіні тануы сан алуан нәтижелерге — оқушылардың жеке дара білім беру траекторияларын қамтамасыз ететін білім беру өнімдеріне әкеледі [2]. Өз еңбектерінде Ю.В. Громыко бұл «пәнге дейінгілік», ойлау-әрекеттік дидактика деп есептейді. А.А.Кузнецовтың пікірінше, білім беру әрекетінің метапәндік (құзыреттілік) нәтижелері — оқушылар бір, бірнеше немесе барлық оқу пәндері базасында игерген, тек білім беру үдерісі шеңберінде ғана емес, сонымен бірге шынайы өмірлік жағдаяттарда проблемаларды шешу кезінде де қолданылатын әрекет тәсілдері [4].

Метапәндік тұғыр пәндік білім беруді лақтырып тастау керек дегенді білдірмейді. Метапәнділік пәндерден сыртқа шығуды білдіреді, бірақ олардан кетуді білдірмейді. Ол алғаш рет шын мәнінде шамаға лайықты емес және мүмкін емес нәрсені пәндік салаларда игеруге мүмкіндік береді. Метапәндік технологияларды пайдалану зияткерлікті арттыруға ықпал етеді [3].

А.В. Хуторской білім мазмұнын метапәндік, пәнаралық және пәндік деп бөледі.

Метапәндік нәтижелерді қалыптастыру білім беру үдерісінің негізгі компоненттері - оқу пәндері - арқылы жүзеге асырылады және төмендегілерді құрайды:

− жүйелі білімдерді игеруге, оларды өз бетінше толықтыруға, көшіруге және кіріктіруге қабілеттілік және дайындық;

− ынтымақтастық пен коммуникацияға қабілеттілік;

− тұлғалық және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге және табылған шешімдерді тәжірибеде іске асыруға қабілеттілік;

− оқыту және дамыту мақсатында АКТ пайдалануға қабілеттілік пен дайындық;

− өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі реттеуге және рефлексияға қабілеттілік.

Метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру жалпы мәдениетті, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін арттыруға, зерттеушілік әрекетті қалыптастырудың психологиялық сүйемелдеушісі ретінде танымдық процестердің диагностикасына, коррекциясына және дамуына бағытталады [2].

Метапәндік тұғыр оқушының тұтас тұлғасын қалыптастыруға, сондай-ақ білім берудің барлық сатыларында сабақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тұтас тұлға деп әлемді тұтас қабылдайтын тұлғаны айтады. Бұған адамзаттың тәжірибесін жинақтау, сақтау және жинақтау жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Метапәндік тұғырды қолдана отырып, оқушыда базалық қабілеттерді дамытуға бағдарлану қажет:

- Ойлау.
- Қиял.
- Мақсат қою.
- Түсіну.
- Әрекет.

Сонымен, метапәндік құзыреттіліктер - бұл реттеуші, коммуникативті, танымдық негізгі әмбебап оқу әрекеттерін, білім беру үдерісі шеңберінде ғана емес, сондай-ақ шынайы өмірлік жағдаяттарда проблемаларды шешу кезінде қолданылатын әрекет тәсілдерін меңгеру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 368 б.

2. Пляскина С.А. Формирование метапредметных компетенций у младших школьников // Молодой ученый. — 2016. — №28. — С. 937-939.

3. Крузе Б.А., Еремеева Е.В. Определение понятия метапредметных компетенций младшего школьника // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6. – С. 7-12.

4. Хуторской А.В. Метапредметный подход в обучении: Научно- методическое пособие. — М.: Эйдос», 2012. — 73 с.

Жаңабекова А.Ә.
ф.ғ.д., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қоданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі
Алматы қаласы, E-mail: aiman_miras@mail.ru

Мурсал А.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты
Алматы қаласы, E-mail: aigerimmursal@mail.ru

-А САЛ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ МАҒЫНАЛАРЫ

Түйін: Мақалада қазақ тіліндегі -а сал аналитикалық формантының функционалды мағыналары қарастырылады.

Түйін сөздер: аналитикалық формант, функционалды мағына, көмекші етістік, күрделі етістік.

Резюме: В статье рассматривается функциональные значения аналитического форманта -а сал в казахском языке.

Ключевые слова: аналитический формант, функциональное значение, вспомогательный глагол, сложные глаголы.

Summary: The article considers the functional values of the analytical formant -a sal in Kazakh language.

Keywords: analytical formant, functional meaning, auxiliary verb, compound verbs.

Аналитикалық формалы етістіктер құрамы екі не үш етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, жасай сал, жүгіре жөнел, айта баста т.б. Бірінші сыңарлары толық мағыналы негізгі етістік, екінші сыңарлары – тіркес құрамында лксикалық мағыналарынан айрылып, грамматикалық мағына білдіруге көшкен көмекші етістіктер. Мысалы: жасай сал, жүгіре жөнел, айта баста т.б. Сөйлемдерде не істеді деген сұраққа жауап беріп, баяндауыш қызметін атқарады. Сөйлемдердегі күрделі етістіктердің сыңарларының ортасын бөлуге келмейді, олар біртұтас бірлік ретінде қолданылады. Күрделі етістіктер мағыналары негізгі етістіктерге байлаулы болады, көмекші етістіктер қимылдың өту сипатын (немқұрайлы істелгенін, тез жүзеге асқанын, қимылдың басталу фазасын) білдіреді. Аналитикалық формалы етістіктерде көмекші етістіктер форма тудырушы қосымшалар сияқты негізгі тіркескен сөзіне грамматикалық мағына үстейді. Бұл тұрғыдан аналитикалық формалы етістіктерді грамматикалық тілдік құбылысқа жатқызуға болады. Аналитикалық формалы етістіктерді көсемше формалы етістіктер мен көмекші етістіктер тіркесі жасайды. Тілдегі аналитикалық формалы етістіктер жасайтын тұрақты аналитикалық құрылымды аналитикалық форманттар деп атайды. Мысалы, *-ып сал, -а жөнел, -ып таста* т.б.

А. Ысқақов «жетекші (дербес) етістік пен белгілі бір грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін көмекші етістіктің бірлестігін аналитикалық форма» дейді [1, 242].

Аналитикалық формада негізгі етістік көмекші етістіктен бұрын тұрады да, аналитикалық тіркестің негізгі мағынасына жетекшілік етеді. Мысалы, *барса екен, көрсе екен* деп екі сыңардан тұрса да, негізгі беретін мағынасы – *бару, көру*. Бірақ осы негізгі мағынаға тілек, қалау мәндері қосылып тұр.

Аналитикалық формалар құранды күрделі етістіктерге ұқсас: екеуі де жетекші дербес сөз бен көмекші етістіктен құралады. Ал айырмашылығы ретінде, ең бірінші, олардың жетекші компоненттері мен көмекші сөздерінің атқару қызметтеріне байланысты. Күрделі құранды етістіктердің негізгі сыңары есім сөздер болса, аналитикалық формада – етістік болады. Мысалы, *қызмет ет* – құранды, *ала сал* – аналитикалық т.б. Екіншіден, құранды етістіктерде екінші сыңар негізгі етістік те, ал аналитикалық формада көмекші етістіктер.

Аналитикалық формалы етістіктер аналитикалық форманттардан жасалады. Етістіктің аналитикалық форманты негізгі етістікке қосымшалар мен көмекші етістік құралып, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіреді [1, 251]. Олар негізінен, негізгі (жетекші) сөзге қосылған бір қосымша мен бір көмекші етістіктен тұрады. Мысалы, *келе алмады (-а алма), келіп жүр (-іп жүр)* т.б.

Қазақ тіліндегі аналитикалық форманттарды А.Ысқақов құрамына қарай дара (жалаң) және күрделі аналитикалық форманттар деп екіге бөліп қарастырады. Оның айтуынша, *батып бара-*

ды немесе *күйіп барады* деген етістіктерде тек бір ғана толымды етістік (*бар*) қатысқан. Ал күрделі аналитикалық форманттарда *батып бара жатыр, күйіп бара жатыр* (*-ып бара жатыр, -іп бара жатыр*) деген тіркестерде *бар* және *жат* деген екі толымды көмекші етістік қатысып тұр.

Н. Оралбаева етістіктің аналитикалық форманттары қимылдың өту сипаты категориясының, модаль мағыналы етістіктердің, рай категориясының ашық райдың, бұйрық райдың, қалау райдың, шартты райдың, болымсыздық категориясының грамматикалық көрсеткіштері болатынын талдап көрсетеді [2, 71]. «Сөздің аналитикалық формасын жасаушы аналитикалық форманттар – етістіктің грамматикалық көрсеткіші. Олар арқылы жасалған аналитикалық формалы етістіктер де сол категорияның парадигмасына енеді» [2, 16].

Академик Н. Сауранбаев: «Бірнеше етістіктердің, я етістік пен есім сөздердің іс туралы белгілі ұғымды білдіретін тұрақты тіркесін күрделі етістік дейміз. Күрделі етістіктегі негізгі ұғымды білдіретін етістік негізгі болады да, оның келтірінді мағынада айтылып тұрған соңғы сыңары көмекші болады», – дейді [3, 202-203].

Ы. Маманов: «Күрделі етістік етістіктің барлық формаларымен түрленеді және оның құрамындағы көмекші етістіктер әртүрлі грамматикалық мағына білдіреді. Күрделі етістік көсемше формаларымен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады. Күрделі етістіктің құрамындағы алдыңғы көсемше түріндегі сыңары лексикалық мағынаға ие болады да, соңғы сыңары көмекші етістік оған грамматикалық мағына үстейді және етістіктің басқа формаларымен түрленетін конструктивтік қызмет атқарады, - дейді [4, 55].

Ы. Маманов етістіктерді негізгі және функциялық деп бөледі де, негізгі етістіктерді өз ішінде түбір және модификациялық деп ажыратады.

Түбір етістіктерге негізгі түбір және жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлермен бірге “тіркесті түбір етістіктерді” береді. Яғни құранды етістіктер негізгі етістіктерге жатқызылады. Ал күрделі етістікті автор модификациялық топта – етіс немесе күшейтпелі етістіктер қатарында көрсетеді. Ғалым күрделі етістікті модификациялық топта бергенде негізінен етістіктің аналитикалық формаларын негізге алған (кетіп қалу, келе жатса, оқып шыққан т.б.).

С. Исаев та күрделі етістік ұғымына Н. Оралбаевалар аналитикалық етістік деп танығаң бірінші сыңары лексикалық мағынаны, екінші сыңары грамматикалық мағына үстеп, көмекшілік қызметте тұратын етістіктер тіркесін жатқызады: «Күрделі етістік деген ұғымға негізгі етістік пен көмекші (лексикалық мағынасынын айрылған) етістіктің тіркесі және етістіктің белгілі грамматикалық категориясының көрсеткіші бола алатын түрі ғана жатады деп білеміз. Негізгі етістік көбіне көсемше, есімше және рай (шартты, қалау) тұлғаларында болып, ал көмекші етістік етістіктің таза грамматикалық категориясының бірінде (рай, шақ) тұрып қолданылады да, негізгі етістікке әртүрлі грамматикалық мағына үстейді» [5, 252]. Сонымен қатар автордың айтуынша, негізгі етістік көсемше *(-а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі)*, есімше *(-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -ар, -ер, -р, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек)*, шартты рай *(-са, -се)* тұлғаларына көмекші етістіктер және негізгі етістік түбірге *-ғы,-гі -қы, -кі* қосымшаларының тәуелденген формасына *кел* көмекші етістігі жалғанып, бір ғана етістіктің орнына жұмсалып, күрделі етістік болады. Мысалы, *кетіп қалды, бармақ болды, кеткелі жатыр, барғым келді* т.б. [5, 247].

Енді төменде осы аналитикалық форманттардың бірі *-а сал* аналитикалық формантының тіркес құрамындағы мағыналық реңктеріне талдау жасаймыз.

- а сал аналитикалық форманты құрамындағы *сал* етістігі көмекші етістік қызметінде жиі қолданылады. Негізгі етістікке тіркескенде, оған әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Мысалы, *«Студент жолдағы кітапханаға кіре салды»* деген сөйлемде кіру қимылы негізгі мағынаны білдірсе, *сал* етістігі сол қимылдың арнайы емес, жолшыбай орындалғанын, яғни қимылдың қалай жүзеге асқанын, қимылдың өту сипатын білдіреді.

-а сал аналитикалық форманты көмекшілік қызмет атқарып, негізгі етістікке тіркескенде сөйлемде негізгі етістікпен бірігіп, біртұтас не істеді? қайтті? деген сұрақтарға жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесінің, әдетте, баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *«Студент жолдағы кітапханаға кіре салды». Студент не істеді? – Студент кіре салды.*

-а сал форманты жиі қолданылады, мысалдар да көп кездеседі және функционалды мағыналары да, яғни негізі етістікке тіркесіп, грамматикалық мағыналар тудыру мүмкіндігі де үлкен.

1) Қалтада, қапта, шелекте тұрған бірталай затты аударып тастады деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Қолдарына табақша көтерген жігіттер бұлардың әрқайсысының қасына бір-бірден кеп тұра қалды да, бастарына алтын-күмісі аралас бір уыс теңгені саудыратып төге салды (Әбіш екілбаев, Мұнара). Қолын жуып, нан илейтін тұзды су құяйын деп қалбырдағы судың қалғанын шылапшынға төге салып еді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

2) Аса мән бермей, арнайы ықтияттап қойылмаған, жай ғана бейберекет орындалған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Бір бұрышқа сүйей салған шаңырақтай қос даңғалақ арба да бәз-баяғы орнында тырп етпей тұр (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Мұнараның ернеуіне тастай салған балшық-балшық май қалақ құлап кетпей шаққа тұр (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Ең соңында жұрт бұжыр-бұжыр қара тастардан қалай болса солай қалай салған тас қабырғаға тірелді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

3) Сөздің барысына бармай сөйледі, айтты деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Жаппар бас шебердің бейтарап жүзіне аңтарыла қарап біраз тұрды да, бас уәзірдің әзінен жауап тосып отырғаны ойына түсіп, асыға-үсіге: Ұқтым, – дей салды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Мына заман аузына не келсе соны соға салатын Күдері сымпылдақтардың қай сөзін де расқа шығарып жатыр (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

4) Бірден, тез орындалған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Барған бойларында табақты есік алдында күтіп тұрған даяшы еркектерге ұстата салып қазан басына қайта тартады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

5) Қимылдың уақытқа қатысты артынша іле-шала орындалғанын білдіреді. Мысалы: *Күнде төсектерінен тұра сап, жаңа мұнарға бір қарап алып, дастарқанға отыратын Байтақ шаһардың тұрғындары баяғы сол бітелмеген кетікті көреді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Өз жауабына ханымның шамданып қалғанын іші сезіп келген кәрі уәзір есіктен құлдық ұрып аттап, кіре сала тапсырмасының бәрі де орындалатын болғанын, бұл сұраған қымбат тері, асыл мата, иіс май мен әтірлерді жіберуге тиісті уалаяттарға хат жазылғанын, арнайы адамдар жіберілетінін баяндады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Ертеңіне тұра сала бас уәзірге хабаршы жіберді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Атынан түсе сала Шайзаданы шақыртты (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

Мұнда *-а сал* форманты бар етістікті тұра салысымен, кіре салысымен деп ауыстыруға болады.

6) Бітіріп тастау, орын-орнына қоя қою, шешіп тастау сияқты мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Мынандай түбі шикі шаруаны алдымен ел аңғарын біліп алмай тұрып, жайғастыра салуға артынан тағы қандай қаңқудың өре түрегелетінін біле алмай дал болады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

7) Атойға басу мағынасын білдіреді. Мысалы: *Жан даусы шығып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірмін» – деп айқай салып келеді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

8) Жеңіл-желпі, мән бермей орындала салған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Өмір бақи сол бір нәпсі құлдарының қор көкіректері оңай кесіп-піше салатын оңай атау, оңай өлшемдерден қашып бағушы еді ғой (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

9) Оңай, ойланбай, қиынсынбай орындалған әрекетті білдереді. Мысалы: *Бірақ талай тілегін оп-оңай бере салған мырза құдай тап осы жолы кессе қан шықпайтын қас сараң бола қалыпты ғой (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

10) Көне қою, мойынсұну мағынасын білдіреді. Мысалы: *Арнайы жоқшы боп шықпасаң ұзын сирақ түйе хайуан жол-жөнекей жолаушының жетегіне ілесе сала ма? (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

11) Әй-шайға қарамады, бас салды деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Майданға биялай тоқып жіберуге түбіт иіріп отыр екен, ұршығын тастай сала қызына ұмтылды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

12) Қалай болса солай жасалған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Саз балшықтан домдай салған қазандықтың ауызына барып, жүресінен отырып, сәл жылынып алды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Өйткені, бұл «көкбұйраны» ол әнеу күні Шетпенің дүкенінен сатып алған су тиіп шіріп кеткен махоркаға пештен шыққан қидың күлін қосып жасай салғанды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

13) Шарасыздықтан орындалған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Қапталындағы қойшы ауылдарға бұрыла салуға құм да алыс, Шайзадаға жетіп қонғысы да келеді (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Әбден болдыртқан байғұс түйе бақырып шақыруға да әлі келмей, бұйдасынан жұлқысаң бір мыңқ етіп сылқ шөге салады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

14) Әлдеқандай болмау, бәлсінбей әрекет ету мағынасын білдіреді. *Өзі келуге қолы тимесе, саған дүзген артып бір түйе тіркей салса нетеді? (Әбіш Кекілбаев, Мұнара). Ағайын емес пе. Бір бөз көйлек іле салса ата дәулетім шайқалар деп қорқа ма екен (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

15) Негізгі етістікке тіркесіп, өтірік айтты, көкіді деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *–Бұл жүзіқара оны да ұмытып кетіп, жаңа осы арада Күлдәрі келінің байы бастық болғалы ағайынынын танымайды деп сықпырта жамандап отыралы, соны мұқатам деп соға салды», – деп ант су іште (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

16) Арнайы емес, жол-жөнекей орындалған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Түннен қалған асты жылыта салшы (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

17) Лақтырып тастау мағынасын білдіреді. Мысалы: *Аққаймақ қолындағы қағазын төсектің үстіне тастай салды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

18) Аяқ асты, күтпеген оқиға болды деген мағыны білдіреді. Мысалы: *Енді міне, бұған беймағұлым, бүкіл ауылға беймағұлым бір жерде хабар-ошарсыз жан тапсыра салды дегенге кісі сеніп болар емес (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

19) Негізгі етістікке тіркесіп, аяқталған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Оған Ержанның үйінен шолақ қара аласы бір кәуік етіп қоя салды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

20) Негізгі етістікке тіркесіп рұқсат беру мағынасын білдіреді. Мысалы: *Әскери қызмет. Жағдайың солай екен деп босата сала ма? (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

21) Негізгі етістікке тіркесіп, кірістіру, арасына қосу мағынасын білдіреді. Мысалы: *Қасындағы жігіттерге бұны да қоса салыңдар деп ымдады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

22) Негізгі етістікке тіркесіп, ақтарыла сөйлеу, ішіндегісін бүкпей айту мағынасын білдіреді. Мысалы: *Сөйтіп, ананы бір айтып, мынаны бір айтып отырып, кейбір келіншектер көңіліндегісін лақ еткізіп ақтара салып: - Осындай алтын жігіттерді шетінен маңдайынан шертіп жүріп, ең таңдаулысына бұйыратын сен қызда да арман бар ма екен, - деп, Ажардың бетін ду-ду қызартты (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

23) Жалғасымды әрекетті білдіреді. Мысалы: *Сүйегін ұнтап жіберетіндей мытып ұстаған тегеурінді қол қабырғасын қайыстыра салып, қарсыласының қапсағай иығы иінін басып, жерге қазық қып қағып тастамай тынбайтындай жанши түсті (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

24) Негізгі етістікке тіркесіп, кез келген жерге қисая кетті, отыра кетті деген мағынаны білдерді. Мысалы: *Ет жеп, қымыз ішіп, іші қызғансоң өзен бойына барып аяғын мұздай суға малып біраз отырды да ауылдың шетіндегі жүктің түбіне құлай салды (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

25) Негізгі есітікке тіркесіп, киімді іле салды, жеңіл-желпі кие қойды деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Мәсінің сыртынан сұға сап, қалтасынан тағы да шақшасын алады (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

26) Немқұрайлы істелген әрекетті білдіреді. Мысалы: *Сол жаман немені не дейтін ек, жаман неме дей саламыз (Әбіш Кекілбаев, Мұнара).*

27) Негізгі етістікке тіркесіп, қимылды оңай жүзеге асыру мағынасын білдіреді. Мысалы: *Бұл кезде ұлт болашағы үшін жанын берген азаматтардың барлығының көзі жойылғандықтан, қарсылық көрсетер зиялы қауымның болмауы себепті, орысжазуын халықтың сұрауы бойынша деген сылтаумен еш қиындықсыз қабылдата салады (Е. Қасенов, Қазақ жазуын латын графикасына көшіруге байланысты әліпби мәселелері).*

28) Негізгі етістікке тіркесіп, бірден тоқ етері айтылған әрекетті білдіреді. Мысалы: *Шындығында, мысалдағы айтылар ой, негізгі мақсат бірден айтыла салмай, алыстан меңзеп, айнала орағытып, тұспалдап келіп, тек қана соңғы түйінбөлімінде эпикалық сарынның ғибраттың шешіміндей айтылады (Каналиева У., А. Байтұрсынұлы поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы).*

29) Негізгі етістікке тіркесіп, ойсыз, жүйесіз айтылған деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Қажырлы да қайратты, ақиқаттан айнымайтын турашыл Байтұрсыновтың аударма мысалдары қызыл тілін безеп айтыла салған арзан сөздерден құралмағанын көзі қарақты оқырманның аңғаруы қиын емес (Есенқұлова А.,Тағылымы мол тәржімашы).*

30) Негізгі етістікке тіркесіп, фразеогизм құрамында Алла нәсіп етті деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Бұл культтік сөздердің астарында «құдай берді», «құдай бере салды», «алла берді», «алла бере салды» деген танымдық түсінік бойынша баланыжаратушы «бір алла берді» деген сеніммен осылайша балаға ат берген (Рысбаева Г.Қ., «Құдай, Алла, Тәңір» лексемаларының өзіндік ерекшеліктер).*

31) Негізгі етістікке тіркесіп, бір нәрсені өзгеріссіз, дайын күйінде пайдалану деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Сондықтан басқа елдің оң тәжірибесін өзгеріссіз қабылдай салуға немесе теріс тәжірибесін талдаусыз жоққа шығаруға болмайды (Қортабаева Г., Академик Әбдуәли Қайдар: түркі әлемінің бірегейлігі жәнелатын әліпбиі).*

32) Негізгі етістікке тіркесіп, шешімін оңай таба алу мағынасын білдіреді. Мысалы:*Кезінде кедейлігіне қарамай Әбдікәрім болыстың сөз ұстаған биі, ел дауын ақ жалғыз ауыз сөзбен шеше салатын шешен болыпты деп естігенмін (Абилмажинова Л.Қ., Марболат А., Оралхан Бөкей шығармаларындағы көнерген сөздердің тілдік тұлғасы).*

33) Негізгі етістікке тіркесіп, доғару, тоқтау мағынасын білдіреді. Мысалы: - *Ол бүлік жай жырлап қоя салса жақсы ғой (Оспанова Б.О. Бейнелеуіш етістіктердің көркем шығармада берілу сипаты).*

34) Негізгі етістікке тіркесіп, қиысу, құралу, тіркесу мағынасын білдіреді. Мысалы: *Әрине, сөздер, біріншіден, сөздіктерінен құрала салмайтыны, екіншіден, тілдің заңына орай тізіле салған жай тіркестерден көркемдік туа бермейтіні мәлім. Солай болса, Абай, ең алдымен, сөзді құрағанда айтпақшы ойын, көкейіндегі образын дәл берерліктей орам, оған әрі нәрлі, әрі көрікті сөздерді ескерді (Ысқақов А., Сыздықова Р., Абай және қазақ әдеби тілі).*

35) Негізгі етістікке тіркесіп, қосылу, дәлелсіз жобаға сүйену деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Мұндай құбылысты орыс тілі сияқты структурасы мүлде өзге тілдің әсерінен деп топшылай салудан гөрі, осы мәселеге тікелей қатысты басқа факторлардызерттеп барып белгілі бір тұжырым жасау әлдеқайда қисынды болмақ (Рәбиға Сыздық, Абай шығармалары мен XIX ғасырдағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы).*

Сонымен, -*а сал* форманты қимылдың өту сипатын білдіретіндіктен, бұл аналитикалық формант фукнционалды-семантикалық аспектуалдылық категориясы (қимылдың өту сипаты) деп аталатын өрістің тілдік құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 384 бб.
2. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары – Алматы, 1975.
3. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 352 б.
4. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. – 304 б.

Жапарова А.
Әл-Фараби атындағыҚазҰУ-дың аға оқытушысы, PhD докторант,
asemzhan@mail.ru

МЕТАФОРАНЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ МЕН НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Түйін. Мақалада метафораның классификациясы мен негізгі функциялары назарға алынады. Әсіресе, метафора тіл білім және әдебиеттану ғылымдары тұрғысынан қарастырылады. Мақала жазу барысында, Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Тірек сөздер: метафора, метафора классификациясы, метафора функциялары.

Резюме. В статье рассматриваются классификации и основные функции метафоры. Особенно, метафора рассматривается с точки зрения таких наук, как лингвистика и литературоведение. При написании статьи, труды отечественных и зарубежных ученых были взяты за основу.

Ключевые слова: метафора, классификация метафор, функции метафоры.

Summary. The article discusses classifications and basic functions of a metaphor. Especially, a metaphor is considered from the point of view of such sciences as linguistics and literary criticism. During writing the article, the works of domestic and foreign scientists were taken as a basis.

Key words: metaphor, metaphor classification, metaphor functions.

Зерттеу объектісі болып отырған метафора тропын әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдары өз бағыттары бойынша зерттейді, дегенмен метафора қай ғылым объектісі болғанына қарай, типі және қолдану ерекшелігі, яғни функциясы өзгеше болады.

Тіл білімінде метафораға классификация жасаған зерттеушілердің классификацияларын ұсынамыз.

Тіл білімі тұрғысынан қарастырған лингвист Н.Д. Арутюнова тілдік метафораны төмендегідей бөліп қарастырады:

1) атауыштық метафора (зат атауын тасымалдау), бір мағынаны өзге мағынамен алмастырудан құралады;

2) бейнелі метафора, сәйкестендіргіш мағынаның предикатқа айналуы салдарынан туындайтын және астарлы/бейнелі мағына мен тілдің синонимикалық құралдарынының дамуына әсерін тигізеді;

3) когнитивті метафора, предикативті сөздер үйлесімділігінің өзгеруі нәтижесінде пайда болатын және полисемияны түзейді;

4) жалпылама метафора, логикалық қатар арасындағы, сөздің лексикалық мағынасындағы шектерді жоятын және логикалық полисемияның пайда болуына себепші болады [1, 366].

Лингвист М.В. Никитин ұқсастық белгілері бойынша метафоралардың келесі типологиясын бөліп қарастырды:

1) когнитивті метафора

2)эмотивті-бағалауыштық метафора.

Өз кезегінде, когнитивті метафора былай бөлінеді:

а) онтологиялық

ә) синестезитикалық

Ал онтологиялық метафора екіге бөлінеді:

а)тікелей

ә) құрылымдық [2, 37-38].

Онтологиялық метафораны, яғни тікелей және құрылымдық түрлерін, синестезитикалық түрімен жақындататын (эмотивті-бағалауыштық түрінен ерекшелейтін) факт, белгілі бір ұқсастық негізінде, жанама түрде, салыстыру объектісін (зат, қасиет немесе жағдай), сол объектінің өзіндік белгілері бойынша анықтап, сипаттауға ұмтылады. Сондықтан да метафораның осы үш түрі (онтологиялық тікелей метафора, онтологиялық құрылымдық метафора, синестезитикалық метафора) метафораның жалпы категориясына кіреді, эмотивті-бағалауыштық метафора мүлдем басқа, ол когнитивті санадан прагматикалық түсінікке қарай ауысуды меңзейді [3, 15].

Тіл білімі тарихында метафора классификациясы мәселесін толық түсіндіруге тырысқан Лакофф Дж., Москвин В.П., Скляревская Г.Н. Лингвист Москвин В.П. метафораның ең толық классификация-

сын ұсынды. Метафораның семантикалық, құрылымдық және функционалдық классификациясын жасады.

I. Метафораның семантикалық классификациясы.

Метафоралық бірліктің мағыналық жағын қарастырады, мағыналық екіжақтылығы бар (негізгі субъект пен салыстыру аспектісі). Аталмыш классификация метафораны былайша бөліп қарастырады:

- салыстырудың негізгі субъектісі бойынша;

- салыстырудың қосымша субъектісі бойынша (антропоцентрикалық немесе кейіптеу (олицетворение), анималистикалық, «машиналық»);

- салыстырудың негізгі және қосымша субъектілерінің ортақтығы негізінде;

- метафораның ішкі формасының тұтастық деңгейі бойынша (бейнелі метафоралар, жалпы-поэтикалық (узуалды, көпшілік мақұлдаған) және неологиялық (индивидуалды-авторлық), өшірілген метафоралар мен өлі метафоралар).

Бейне таңбаның (қосымша субъект) терминдер жүйесінің қайсысына жататына байланысты, зерттеушілер мына топты бөліп көрсетеді:

а) медициналық («экономикалық инсульт», «сайлау алдындағы қызу», «өкініштің жедел ұстамасы»);

ә) спорттық («өтелмеген төлем эстафетасы», «өндірістің рекордттық көрсеткіші», «бір қақпаға енгізу ойыны»);

б) әскери («сайлау алдындағы шайқас», «өндірістік соғыс», «экономикалық жарып өту»);

в) техникалық («билік тұтқасы»);

г) құмар ойын («саяси рулетка»);

д) биологиялық («саяси босану»);

II. Метафораның құрылымдық (структуралық) классификациясы.

Аталмыш классификацияның негізінде, нақты бір лексико-грамматикалық құрылым ретіндегі метафораның сыртқы құрылымы жатыр. Метафораның сыртқы құрылымы 2 элементтен тұрады:

а) салыстыру термині (сөз тіркесінің метафорияланған/метафоризируемый компоненті, ауыспалы мағынадағы сөз);

б) аргумент -сөз (тірек сөз) (ауыспалы мағынаға тақырып белгілеуші сөз тіркесінің метафорияландыратын / метафоризирующий компоненті).

Бұл классификация барысында, метафораның берілу ерекшелігі назарға алынуы мүмкін, соның ішінде метафорикалық бейне бірлігінің деңгейлік қатыстылығы ескеріледі. Сондықтан, сөздік метафора және фразалық метафора деп бөліп қарастыру бар. Сөз табының қай мүшесі болғандығына байланысты, сөздік метафоралар: субстантивті, адъективті, етістікті және үстеулі деп бөлінеді.

Метафорикалық бейне бірлігінің санына қарай метафора төмендегідей бөлінеді:

а) жай метафора. Метафора бір сөзбен берілген;

б) ұлғайған метафора (метафорикалық тізбек). Метафорикалық бейне ретінде тақырып бойынша байланысқан бірнеше бірліктен құралған.

Тірек сөздің бар болуы немесе болмауына байланысты мынадай классификация бар.

а) салыстыру метафорасы (тұйық метафора). Мұндай метафора түрінде параметр сөз де бар, тірек сөз де орын алған.

б) метафора-жұмбақ. Бұл жерде тірек сөз жоқ.

III. Метафораның функционалдық классификациясы.

Метафоралар функционалдық сипаттамалары бойынша топтастырылады.

а) Атауыштық метафора. Әлі өзіндік атауы жоқ затты атау үшін қолданылады (Жер серігі). Метафораның бұл түрі тек атау кезінде өмір сүреді де, атауыштық функцияны атқарғаннан соң, ол өзіндік ішкі формасын жоғалтып, жоқ болады. Метафораның бұл түрі түрлі ғылым мен техника салаларында терминжасам үдерісінде қолданылады.

б) Декоративті (көркем) метафора. Сөйлеуді көркейту, әсемдеу құралы болып табылады. Негізгі қолданысы - көркем сөйлеуде.

в) Бағалауыштық немесе экспрессивті метафора (мысалы, адамдар туралы: түлкі, жылан, қасқыр). Газеттік және ауызекі сөйлеуге тән. Публицистикада экспрессивті метафора эмоционалды-бағалауыштық әсер қалыптастыру мақсатында қолданылады. Публицистикадағы метафорикалық моделдер, негізінен, бағалауыштық қатысты керек ұғымнан метафорикалық мағынаға тасымалдау

үшін қажет. Қазіргі баспасөз беттерінде мынадай бағалауыштық сөз тіркестер орын алған: азық-түлік соғысы, газ соғысы, саяси капитуляция т.б.

д) Түсіндірме (педагогикалық, дидактикалық) метафора. Ғылыми сөйлеуге тән.

Атауыштық метафораға қарағанда, декоративті, бағалауыштық, түсіндірме метафоралар көп уақытқа дейін бейнелілігін сақтайды, өйткені, асылында, олар ішкі форма үшін жасалады, бұл ішкі форма метафораларда белгілі бір функционалдық жүктемеге ие. Атауыштық метафораның ішкі формасында мұндай жүктеме болмайды, сондықтан болар, ол бірден екінші кезекке қалып, кейіннен ұмытылады [4, 112-163].

Одан бөлек, метафораны келесі лингвист-ғалымдар былайша топтастырған:

1.И.В. Арнольд (жай және ұлғайған метафора) [5, 64].

2.М. Блэк (extinct - жойылған метафора, dormant - потенциалды метафора, пайда болғанына біраз болса да, назардан тыс қалатын тип; active - белсенді метафора) [6, 25].

3.М.В. Никитин (онтологиялық: тура және құрылымдық,синестезикалық және эмотивті-бағалауыштық) [7, 37-38].

4. В.Г. Гак (I.Толық метафорикалық тасымалдау: екіжақты метафора, біржақты семасиологиялық метафора, біржақты ономасиологиялық метафора, II. ішінара метафорикалық тасымалдау) [8, 151].

5. Ю.И. Левин (метафора-теңеу; метафора - жұмбақ; өзге нәрсенің қасиетін өзіне иемденіп алатын метафоралар, мысалы «улы көзқарас», «өмірі жанып кетті») [9, 293].

6. И.Р. Гальперин (автордың шығармашылық киялынан туындаған авторлық метафоралар; өзге де тілдік бірліктермен қатар өмір сүретін, халық қолданып жүрген стереотиптік метафоралар) [10, 129].

7. В.Н. Телия (1.сәйкестендіргіш немесе индикативті метафора, кейде оны дескриптивті, нақты метафора деп атайды; 2. когнитивті метафора; 3. бейнелі метафора; 4. бағаберуші метафора; 5.бағаберуші-экспрессиялық немесе эмотивті боялған метафора) [11, 193-196].

8. М.Н. Кожина (жалпытілдік сипаттағы метафоралар, мысалы «тау етегі»; өзіндік «жаңашылдығын» жоймаған метафоралар, мысалы «ақ шаштағы күміс»; поэтикалық немесе индивидуалды метафоралар) [12, 205-208].

9. К. Аханов (жалпы халықтық тілдегі метафоралар және жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралар) [13, 158].

10. Б.Х. Хасанов (индивидуалдық метафора және дәстүрлі метафора) [14, 138].

Метафораның түрлі классификацияларымен бірге, ғалымдар метафораның 2 типін қарастырады: тілдік метафора және көркем (немесе индивидуалды-авторлық) метафора. Сөзсіз, тілдік және индивидуалды-авторлық метафоралар - семасиологиялық және стилистикалық зерттеулердің түрлі объектілеріне жатады. Лексикограф Г.Н. Скляревская да осы пікірді қолдап, метафораны 2 топқа бөліп қарастырады.

11. Г.Н. Скляревская (тілдік метафора және индивидуалды-авторлық метафора) [15, 30].

Метафораны лингвист ғалымдармен қатар, әдебиет зерттеушілері де қарастырады. Лингвистер «тілдік метафораны» зерттесе, әдебиетшілер «көркем метафораны» зерттеу объектісі ретінде көреді. Дегенмен, тілдік метафора мен көркем / әдеби метафораның айырмашылығы неде? Ғалым Ж. Вардзелашвилидің пікірінше, «тілдік метафора дегеніміз - лексиканың дайын элементі, мұндай метафораны үнемі шығарудың, құрастырудың қажеті жоқ.» [16, 68].

Социолингвист Л. Барин көркем/әдеби метафора жайлы былай дейді: «көркем метафора - көпқырлы, оның бойында жаңашылдық, бірегейлік бар, көркем метафора - қалыпты ойлау стандартынан әлдеқайда асып кетуі мүмкін» [17, 4].

Тілдік және көркем метафораның гносеологиялық аспекті тұрғысынан тағы бір айырмашылығы мынада. «Кәдімгі өмірлік құбылыстар мен жағдайларды көрсете отырып, тілдік метафорикалық номинация өзге де лексикалық бірліктермен бір қатарда тұрып, өмірді сипаттауға ат салысады « [18, 25]. Көркем метафора, керісінше, барлығына айқын, анық қарым-қатынасты жылжытуға ұмтылады, бұл ретте, «дәстүрлі классификациялар бұзылады» [19, 331].

Н.Д. Арутюнованың пікірінше, метафораның (қай түріне болмасын) өзіне тән қасиеттері бар. Әсіресе, метафора мен поэтикалық дискурсты ортақтастыратын мынадай өзіндік сипаттар бар:

1. бейне мен мағынаның бірігуі;

2. объектілердің тривиалды таксономия негізіндегі кереғарлығы, қарама-қарсылығы;

3. категориялы ілгерілеу, алға жылжуы;

4. «кездейсоқ байланыстарды» өзекті қылу;
5. сөзбе-сөз өзгертіп, басқаша айтуға келмейді;
6. мағынаның синтетикалығы (синтетичность), диффузиялығы (диффузность);
7. түрлі интерпретациялардың бар болуы;
8. мотивацияның болуы міндетті емес немесе оның жоқтығы;
9. білімге емес, қиял, елестетуге деген апелляция;
10. объект мәніне деген ең қысқа жол таңдау [20, 20].

Дәл тіл білімі секілді, әдебиеттану да метафораға өзіндік классификация жасайды. Мысалға, әдебиетші Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі метафораларды құрылысына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырады:

1. метафораның жай түрі;
2. жалғаулар арқылы жасалатын метафора;
3. көмекші етістік арқылы жасалынатын метафора;
4. күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі;
5. метафораның «бейне бір», «теңдеген сөздердің көмегімен жасалатын түрі [21, 216].

Қазіргі әдебиеттануда метафораны мынадай 3 топқа бөліп қарастыру тағы бар деп есептейді Ю.В. Цинковская:

1. витальды метафора (лат.vita - өмір деген сөзінен). Бұл метафора түрлерінде өмір семантикасы басым, объект тірі, жанды нәрсе секілді қабылданады. Витальды метафоралар алуан түрлі, шартты түрде, семантикасына байланысты, бірнеше түрлері бар. Затты жануар түрінде бейнелеу; витальды метафораның екінші түрінде адам семантикасы басым, зат адамға тән қасиеттерге ие болады, бұл метафора кейіптеуге жақын.

2.мортальды метафора (лат.mors- өлім деген сөзінен). Бұл метафора түрлерінде жансыз заттардың семантикасы басым болады, айтылып отырған нәрсе жансыз зат ретінде сипатталады. Метафораның мұндай түрлерінде тіпті адамды да жансыз затқа ұқсату бар. Әдетте бұл метафора түрі адамның жағымсыз қасиетін меңзеуге бағытталған.

3.интертекстуалды метафора - екі мәтін ара-қатынасын немесе мәтін мен өнердің басқа түрінің (кино, сурет) қарым-қатынасын құрайды. Интертекстуалды метафоралар шығарма шекарасын кеңейтіп, мәтінге басқа мәтін мен өнер туындыларын - дербес, жеке көркем бейнелері ретінде енгізеді [22, 154-158].

Метафораның қазіргі теориясында метафораны 2 типке бөліп қарастырады. Метафораны бұлай бөліп қарау, Филипп Уилрайттың «Метафора мен шынайылық. Метафораның 2 түрі» деген еңбегінен (1962 ж.) бастау алады.

1. диафора (өткір, бейнелі, қарама-қарсы метафора)
2. эпифора (қалыпты, өшірілген метафора) [23, 83-90].

Американдық әдебиетші Джонатан Каллер метафораның 2 типі немесе метафораны түсінудің 2 түрін ұсынды - via philosophica және via rhetorica, яғни метафора - когнитивті және риторикалық болады деп есептейді ғалым. Когнитивті метафорада алмастыру, ауыстыру актісі - таңба мен зат арасында болады, сондықтан да ол - таным актісі болады, жаңа зат бізге мәлім, таныс сөзбен аталады, осылайша біз жаңа түсінік пен ұғым қалыптастырамыз. Риторикалық метафорада алмастыру, ауыстыру актісі - бір сөз немесе сөз тіркесінің түрлі мағыналары арасында орын алады, сондықтан бұл жерде жаңа білім қалыптаспайды, тек тіл байып, көркемделе түседі. Көркем әдебиетке, әдетте, риторикалық метафораны қолдану тән [24, 215-228].

Метафораның функциясына келер болсақ, В.Харченко «Метафора функциялары» атты еңбегінде, метафораларды функционалдық қатыстылығына байланысты, метафоралардың келесі типтерін айрықша атап өтеді:

1. Метафораның атауыштық функциясы (атаулардағы метафора түрі);
2. Метафораның ақпараттық функциясы (метафорикалық ақпарат ерекшелігі);
3. Метафораның мнемоникалық функциясы (метафора және еске сақтау);
4. Метафораның стильтүзуші функциясы (көркем шығармадағы метафора);
5. Метафораның мәтінтүзуші функциясы (метафора және мәтін);
6. Метафораның жанртүзуші функциясы (метафора және жанр);
7. Метафораның эвристикалық функциясы (ғылыми жаңалықтағы метафора);

8. Метафораның түсіндірме функциясы (метафора және түсінік);
9. Метафораның эмоционалды-бағалауыштық функциясы (метафора және бағалау);
10. Метафораның этикалық функциясы (метафора және тәлім-тәрбие);
11. Метафораның аутосуггестивті функциясы (метафора және өзін-өзі сендіру);
12. Метафораның кодтайтын функциясы (метафора және код);
13. Метафораның конспиративті функциясы (метафора және құпия, сыр);
14. Метафораның ойын функциясы (метафора және әзіл-сықақ);
15. Метафораның ритуалды, салттық функциясы (метафора және салт, ырымдар).

Осылайша, поэзия мен прозада жиі қолданылатын троптардың бірі - метафораның классификациясы мен оның негізгі функциялары, тілі білімі мен әдебиеттану салалары тұрғысынан қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. - Москва: Языки русской культуры, 1999. - 896 стр.
2. Никитин М.В. Курс лингвистической семантики. Учебное пособие. - СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2007. - 819 стр.
3. Ткаченко О.В. Метафорический потенциал слова и его реализация в поэме Т.С. Элиота «The Waste Land". Дипломная работа по филологии. Омск, ОГПУ. 2004. - 84 стр.
4. Москвин В. П. Русская метафора: очерк семиотической теории. Изд. 2-ое, перераб. и дополн. М.: Ленанд, 2006. - 184 стр.
5. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык. М.: Издательство «Флинта», 2002.- 384 стр.
6. Black, Max. More about Metaphor/ In Metaphor and Thought, edited by Andrew Ortone, pp. 19-41. Cambridge: Cambridge University Press. 566 p.
7. Никитин М.В. Концепт и метафора // Проблема теории европейских языков / Отв. ред. В.М. Аринштейн, Н.А. Абиева, Л.Б. Копчук. – СПб: Изд-во «Тригон», 2001. – С.36.
8. Гак В.Г. К проблеме общих семантических законов // Общее и романское языкознание. М.1972, стр. 144-157.
9. Левин Ю.И. Структура русской метафоры // Труды по знаковым системам. Тарту, 1965. Т. 2. стр. 293-299.
10. Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка . М.: Издательство литературы на иностранных языках, 1958. – 460 с.
11. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и языковая картина мира. - М.: Наука, 1988. - 173-204 стр.
12. Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка: учебник. М.: Флинта: Наука, 2008. 464 стр.
13. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. - Алматы: Мектеп, 1965. - 158 бет.
14. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Филол.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін жазылған дисс. - Алматы, 1964. 287 б.
15. Скляревская, Г.Н. Метафора в системе языка / Г.Н. Скляревская – СПб.: Наука, 1993 – 152 с.
16. Вардзелашвили Ж. О двоякой сущности метафоры. Санкт-Петербургский государственный университет и Тбилисский государственный университет. Научные труды. Серия: филология. Выпуск IV. СПб-Тб., 2002, с. 66-77.
17. Ларин Б. О разновидностях художественной речи. (Семантические этюды.) (1922) // Ларин Б. Эстетика слова и языка писателя. Л.,1969 . 236 стр.
18. Виноградов В. Основные типы лексических значений слова. // Вопросы языкознания, Москва: Издательство Академии Наук СССР, 1953б, № 5. 3-30 стр. 159 стр.
19. Якобсон Р. Заметки о прозе поэта Пастернака (1935) // Роман Якобсон. Работы по поэтике. М., 1987. стр.324-338.
20. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс //Теория метафоры:сб. М.:Прогресс, 1990. стр.5-32.
21. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихиның мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Т.2. - Алматы, 1960. 121-362 бет.
22. Цинковская Ю.В. Виды художественных метафор в современной русской прозе // Ученые записки ЗабГГПУ, №3, 2010, стр.154-158.
23. Уилрайт Ф. Метафора и реальность // Теория метафоры: сб. М.: Прогресс, 1990. стр.82-110.
24. Зенкин Сергей. Теория литературы: проблемы и результаты. Серия: Научная библиотека. Москва, Издательство: Новое литературное обозрение, 2017, 368 стр.
25. Харченко В.К. Функции метафоры. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 96 стр.

УДК 39

Иманова Д.Н.
Биология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы

Танирбергенова С.Б.
Оқытушы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Түйін: Бұл жұмыста атқа міну мәдениеті және адам денсаулығына әсері туралы айтылған.
Резюме: В этой работе говорится о культуры верховой езды и влияние на здоровье человека.
Summary: In this work talked at the cultures of riding and influence onthe health of man.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ата-бабамыз киелі деп құрметтейтін жеті санының келуі кездейсоқтық емес. Ата-бабамыздың керемет салт дәстүрді сақтай отырып, ұрпағына қалдырған жеті кереметі туралы осы мақалада атап көрсетілген. Аталған «Жеті қырдың» біріншісі атқа міну мәдениетіне арналуының өзі көп жағдайдан хабар береді. Көшпенді батыр халықтың ұрпағымыз дейтін қазақ баласы үшін атқа мініп, көкпар тарту ұланғайыр жерді жаудан қорғау, сабадағы сары қымызды сапырып қарияларымыздың ұрпаққа үлгі болар әңгіме кеңестерін айтуы теңдессіз дүние.

«Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз» деп бірінші атқа міну мәдениетінде ерекше атап кеткен [1]. Бұл жолдарды оқыған ұрпағымыздың бойына ұлтымызды сүю мен елімізді қастерлеу сезімдерінің ұялауы сөзсіз дүние.

Жылқы малын жер жүзінде алғаш болып қолға үйреткен қазақ екендігін ғалымдар сан рет дәлелдеді. Содан болар қазақтың ұлттық ойындарының көпшілігі ат спортына негізделген (аударыспақ, көкпар, теңге ілу, жорға жарыс, жамбы ату және т.б.). Сондай-ақ қазақ халқы жылқыны киелі жануарға балап, "жеті қазынаның" қатарына қосады.

Алла елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.): «Адам баласы атты соңғы күнге дейін тастамас, өйткені сол арқылы оның бұл дүниеде де олжасы бар, ақыретте де сыйлығы бар» деп айтқан екен (Әл-Бұхари; Имам Мүслім) [2].

Жамбы ату ойын түрін көшпенді халқымыз жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін ойлап тапқан. Бұның басты маңызы: біріншіден, әскери-жауынгерлік дайындықты жетілдіріп отыру болса, екінші тараптан ел арасындағы мергендерді (садақшыларды) анықтап оларды көтермелеу үшін қажет болған, үшіншіден, сыналған садақшылардан арнайы топ жасап соғыс кезінде күштік құрлым ретінде пайдаланған. Осы негіздерге қарағанда, жамбы ату жауынгерлердің шеберлігін дамытамын ойын түрі екені даусыз [3].

Көкпар ер жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Дегенмен кез келген жігіт көкпар шаба алмайды. Бұл мың жігіттің ішінен даралап берілетін жылқы жанын түсінетін, қасиетін тани алатын ерекше жігерлі де рухты азаматтарға берілген өнер дер едім.

Атқа міну бір жағынан көңіл күйіңді көтеретін болса, екінші жағынан, денсаулыққа пайдалы. Жылқының өз биотогы болады дейді атам қазақ, адам денсаулығына жақсы әсер етеді, қан қысымымен, жүйке жүйесімен ауыратын адамдарға көмегі көп.

Жылқы етінің емдік қасиеті туралы әр қазақ біледі. Еті мен сүті – шипа, өзі көлік, ел қорғаған батырларымызға серік жануар [4].

Жылқы еті түрлі аллергиялық ауруларға да пайдалы. Жылқы еті жуылған суға шашты жуып тұрса, таз, теміреткінің салдарынан ағарған шашты қарайтады. Әкемнің сынық салу қасиеті болатын. Қиюласпаған сүйектерді, орнына дұрыс түспеген буындарды түзетуге жылқы майын қолданатын. Халық аузында «жылан жылқының тері иісінен қорқады» дейтін сөз бар. Жылан шағудан сақтану үшін жолаушы жүріп немесе мал, егін күзетінде жүріп, далада ұйықтайтын болса, ерді жастанып, тоқымды төсеніп, айыл-тұрманды қоршап қойса жылан жоламайды.

Иппотерапия – жылқымен емдейтін медицина саласы. Ат үстіндегі серуен – әлемнің көптеген елдерінде балалардың церебалды салдығы (ДЦП) ауруына ең тиімді емдік тәсіл ретінде қолданылады. Атпен баяу серуендегенде, адам денесіне минутына 100 шайқау импульсі беріледі. Ол – массаж, ат үстінде отырған адамның барлық бұлшықеті жұмыс жасайды. Тепе-теңдікті сақтау үшін салт мінген адам бойын жинауға, өзінің әрбір дене қимылын игеруге жаттығады. Жылқының әрбір адым алшақтығы адамдікімен бірдей, бұл арқылы ол өзінің адымын да есептеп үйренеді. Ал БЦС-ға шалдыққан балаға ең керегі де осы – жаттығу [4].

Жылқы – табиғи тренажер. Бұл жылқының емдік қасиетінің физикалық қыры болса, екіншісі – эмоционалдық сипатта. Оны көпжақты түсіндіруге болады. Мәселен, бала жаны жануарды жақсы көреді, онымен сөйлеседі, сырласады, салт ат жүргенде көңілі көтеріледі. Екіншіден, ат үстінде, биікте жүрген бала әлемге жоғарыдан қарайды, сол арқылы оны өз-өзіне деген сенімдігі артады. Ал дәрігерлердің айтуынша, сенім мен көтеріңкі көңіл күй – нәтижелі ем алудың ең басты шарты боп табылады.

Жылқының екі емдік қасиеті бірлескенде бір БЦС ғана емес, көптеген сырқатқа шипа. Олардың қатарында – тірек-қимыл аппараттарының, сөйлеу жүйесінің бұзылуы, психиканың баяу дамуы, Даун синдромы, аутизм, остеохондроз, простатит, склероз, артроз, құяң, омыртқаның 1-2 деңгейде майысуы, жүрек-қантамыр аурулары, тіпті девианттық әрекеттерді де жатқызуға болады. Иппотерапия тірек-қимыл аппаратының бұзуылында, атеросклероз, бас сүйек жарақатында, полимиелитте, асқазан-ішек ауруларында, простатитте, ақыл-ой жетіспеушілігінде ұсынылады. 1950 жылдардың соңында мұны психикалық және неврологиялық ауруларға қолдана бастады. Қазір 52 елде иппотерапия орталықтары бар. Ал, біздің елімізде салт атқа мінгізіп, ем жүргізу 90-жылдардың басында пайда болды. Бұл Қазақстандағы адамдарды емдеу мен оңалту үшін көмекші құрал – зоотерапияны дамытуға үлес қосады.

Атқа мінудің мүгедектерге тигізер пайдасы:

- әлеуметтік бейімделу мен оңалтуды қамтамасыз етеді, жаңа немесе ескі дағдыларды қалыптастырады;

- бұзылған қызметтердің қайта қалыптасуына ықпал етеді;

- науқастың денсаулығын жақсарту мен қайта қалпына келтіруге және физикалық салмаққа бейімдеуге ықпал етеді;

- науқастың физикалық белсенділігін дамытады және аурудың әсерін жеңілдетеді

Б.э.д. V ғасырда Гиппократ қоршаған ортаның адамға әсерін байқап: «Ат үстінде жүру – тек қана жаралы адамды ғана жазып қоймай, меланхоликтерге жаман ойлардан арылып, керісінше, көңілін сергітіп, жақсы ойлар ойлауға жәрдемдеседі», – депті.

Тибет медицинасында жылқыны түсінде көру де – шипа болып есептеледі. Түсінде адам құлындары ортасында жүрген жылқыны көрсе – ауруынан тез айығатынының белгісі де, атты салт мініп жүрсе – ұзақ ғұмыр кешеді деп болжаған. Ал, І дүниежүзілік соғыс кезінде ағылшын дәрігерлерінің жаралыларды салт мінгізіп, жарақатын жазып-емдегендері жөнінде де дерек мол.

Ауылға барғанымда, ауыл көшесімен тайына мініп шапқылап бара жатқан баланы көріп қатты қызықтым көңіліме сағыныш пен мұң ұялады. Қазақ кәні дегенде толыққанды мақтаныш сезіммен

көрсете алатын аттың үстіндегі ұлы тұлға әкем көз алдыма елестеді. Әкемнің дүниеден озғанына біраз уақыт болсада да, көп нәрсесі ұмтылғандай болғанымен аттың үстінде келе жатқан тұлғасы мен жайнамаздың үстінде намазынан кейін құран аударып отырған кейіпін көңілден көшіру мүмкін еместігін түсіндім. Аттың үстіндегі адам бүкіл қазақтың болмысын ер азаматқа тән барлық қасиеттің жиынтығындай еді. Немерелерім нағыз қазақ болып өсуі үшін атқа мініп өссе деп арманға берілдім. Қалада мұндай жағдайға мүмкіндік болмағасын теледидар мен смартфон ең жақын дүниелері. Ұланғайыр жерімізге атпан еркін бір шапқыламаған балада қазақилық болмай қалама деп ішім ашып кетеді. Мемлекет тарапынан немесе бақуатты кәсіпкерлер қала балаларына арнап иппадромдар ашса үлкен сауапты іс болары анық. Осылайша олар тай мен құнанның, сәйгүліктің не екенін біліп өсер еді. Ал аттан алыс өскен баланың бойында қазақылық толыққанды қалыптаспай қаладыау деп уайымдаймын, демек Шерхан Мұртаза ағамыз айтпақшы «Бір кем дүние» болып тұр.

Жеті қазынаның бірі – жылқы ерте заманнан бері халқымыздың тұрмыс тіршілігінде айрықша орын алып келеді. Кез келген қазақ үшін жылқының орны жоғары. Мінсең - көлік, жесең - ас, ішсең – қымыз, кисең - киім болған Қамбар ата түлігін бабалармыз ерекше бағалағаны белгілі. Жылқы мінезді халық атануымыз да бәлкім осыдан болар.

Арғымақты ауыздықтап міну ер азаматқа қанат бітіреді. Кең даламыздағы еркіндікті сезіндіреді. Ата бабамыз еркіндікті ат үстінде сезінген. Аяғын басып тұсауын кескен сәттен қу шыбықты ат етіп ойнайтын қазақ баласы өсе келе шыбыққа жан бітірген. Ат үстінде рухы тасып, қайраты қалыптасқан. Ендеше ұрпағымыздың рухы биік, дені сау болсын десек бабалар ізін жалғастырайық ағайын!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры. 21 қараша 2018 жыл.
2. m.islamdini.kz, “Пайғамбарымыздың мінген аттары”.
3. Қайратұлы Б., “Жамбы ату”, ulttyqsport.kz.
4. Ссылка: Baq.kz.03.07.2013.

Karcı D.,
International Burch University, Sarajevo, Bosnia,
dkarci44@hotmail.com

Özdemir C.,
Asst. Prof.
Süleyman Demirel Üniversitesi, Kaskelen,
Cemal.ozdemir@sdu.edu.kz

KAZAKİSTAN'DAKİ AHISKA TÜRKLERİNİN SÜRGÜNDEN SONRA DİLLERİNDE MEYDANA GELEN DEĞİŞİKLİKLER

Özet: Ahıska, Türkiye sınırına 15 kilometre mesafede, Gürcistan'ın güneybatısında bulunan bölgenin genel ismidir. Bölgede asırlarca Türkler yaşamışlardır. Ahıskalı Türkler, Ermeni, Gürcü ve Rusların baskısına maruz kalmış ve 1944 yılında toplu göçe tabi tutulup Rusya'nın değişik bölgelerine sürgüne gönderilmişlerdir. Ahıskalı Türklerin büyük bir kısmı ise Kazakistan'a yerleştirilmiştir. Kazakistan'ın Almatı, Kızılorda, Çimkent, Cambul, Türkistan, Kasgelen, Merey, Isık ve Türgen bölgelerinde yoğun bir sayıda yaşamlarını devam ettirmektedirler.

Bu çalışmada, sürgün öncesinde ve sonrasında Ahıska Türklerinin dili, şairleri incelenmiştir. Sürgünden sonra Kazakistan'da yaşayan Ahıskalıların dilinde ve şairlerin çalışmalarında meydana gelen değişmeler ele alınmıştır. Bu değişmelerin etkileri incelenmiştir. Halk edebiyatı, folklor ürünleri ile dile verdikleri önem Ahıska Türklerinin Kazakistan'da devam ettirdikleri kimlik mücadelesinin bir devamıdır.

Anahtar Kelimeler: Ahıska Türkleri, Kazakistan, Dil, Ahıskalı Şairler, Ahıska Şiirleri.

CHANGES IN THE LANGUAGES OF THE MESKHETIAN TURKS IN KAZAKHSTAN

Abstract: Meskhetian, 15 kilometers border with Turkey, is the generic name of the region in southwest Georgia. Turks lived in the region for centuries. The Ottoman Turks were exposed under the pressure of the Armenians, Georgians and Russians, and in 1944 they were subjected to collective deportation and sent to exile to different regions of Russia. A large part of them is located in Kazakhstan. In Almaty, Kyzylorda, Shymkent, Zhambyl, Turkistan, Kaskelen, Merey, Issyk and Turgen regions of Kazakhstan, they are continuing their lives intensively.

In this study, we examined the language and poets of Meskhetian Turks before and after the period. We discussed changes in the language of Meskhetian people living in Kazakhstan and the works of poets. We have studied the effects of these changes. Folk literature, folklore products and their importance to language are a continuation of the identity struggle that the Meskhetian Turks carried out in Kazakhstan.

Key words: Meskhetian Turks, Kazakhstan, Language, Meskhetian poets, Meskhetian Poems.

ИЗМЕНЕНИЯ В ЯЗЫКЕ МЕСХЕТИНСКИХ ТЮРКОВ В КАЗАХСТАНЕ ПОСЛЕ ИЗГНАНИЯ

Абстракт: Месхетия – общее название региона, расположенного на юго-западе Грузии, в 15 километрах от границы с Турцией. Турки жили в этом районе веками. Месхети́нские турки (турки-ахыска) подверглись массовому размещению армянами, грузинами и русскими и в 1944 году были отправлены в изгнание в разные части России. Большая часть расположена в Казахстане. В Казахстане в Алматинской, Кызылординской, Шымкентской, Джамбулской, Туркестанской, Каскеленской, Мерейской, Иссыкской и Тюргеневской областях они продолжают жить своей жизнью интенсивно.

В этом исследовании мы изучали язык до и после изгнания и поэтов Месхетинских тюрков. Мы обсуждали изменения в языке и в работах поэтов месхетинских турок, живущих в Казахстане после изгнания. Мы изучили последствия этих изменений. Их акцент на языке с помощью народной литературы и фольклорных произведении является продолжением борьбы за идентичность месхетинских турок в Казахстане.

Ключевые слова: Месхети́нские турки, Казахстан, Язык, Месхетинские поэты, месхетинские стихи.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕСХЕТИН ТҮРІКТЕРІНІҢ ҚУҒЫННАН КЕЙІНГІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа: Месхетия - Грузияның оңтүстік-батысында орналасқан аймақтың жалпы атауы. Түріктер осы ауданда ғасырлар бойы өмір сүрген. Месхетин түріктері (ахыска түріктері) армяндар, грузиндер және орыстар тарапынан жаппай езгіге ұшырап, 1944 жылы Ресейдің әртүрлі бөліктеріне қуғынға жіберілген. Көп бөлігі Қазақстанда жайғасқан. Олар Қазақстанда Алматы, Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Түркістан, Қаскелең, Мерей, Есік және Түрген облыстарында өз өмірлерін белсенді түрде жалғастырып келеді.

Бұл зерттеуде месхетин түріктерінің қуғынға дейінгі және одан кейінгі тілін және ақындарын зерттедік. Біз Қазақстанда қуғынға ұшырағаннан кейін өмір сүретін месхетин түрік ақындарының тілдегі және жұмыстарындағы өзгерістерді талқыладық. Біз осы өзгерістердің салдарын зерттедік. Халықтық әдебиет пен фольклорлық жұмыстардың көмегімен тілге баса назар аудару - Қазақстанда месхетин түріктерінің өзіндік ерекшелігі үшін күрестерінің жалғасы.

Түйінді сөздер: Месхетин түріктері, Қазақстан, тіл, Месхетин ақындары, месхетин өлеңдері.

1. Giriş

Ahıska coğrafi olarak, Gürcistan'ın Güney Batısında, Türkiye'nin Kuzey Doğusu'nda, Ardahan ilinin sınırındadır. Bu bölge tarih boyunca birçok kavmin geçiş yolu üzerinde bulunmuştur. Ahıska bölgesi de, Saka, Hun, Bulgar, Hazar Türklerinin bölgeyi alıp hâkimiyet kurdukları yer olmuştur. Bu bölgeye gelen kavimler içerisinde en kalıcı olanları Kıpçaklardır. M.Ö 8. yüzyılların başında, Kuzey Kafkasya'dan güneye büyük bir göç dalgası başlamıştır. 12. yüzyılda ise Yukarı-Kür ve Çoruh bölgesine yerleşen Kıpçaklar burada Atabek-Yurdu devletini kurmuşlar. Ahıska Türkleri de bu bölgeye yerleşen Kıpçak boylarının bir koludur. Ahıska Türklerinin ağzı da Dede Korkut hikâyelerinde kullanılan Oğuz Türkçesine yakın bir dildir. Kaşgarlı Mahmud'un Divan-ü Lügat-it Türk adlı eserindeki bazı sözcüklerin aynı anlamda ve neredeyse aynı biçimde bugün de Ahıska söz varlığında yer alması onların etnik kimliğine bir delildir.

Ahıska bölgesi, 1828–1829 Osmanlı-Rus harbine kadar Türk hâkimiyeti altında idi. Osmanlı Devleti'nin savaşı kaybetmesiyle Ahıska bölgesi, Rusya'nın egemenliği altına geçti. 1829 Edirne Antlaşmasıyla Ahıska tazminat karşılığında Rusya'ya bırakıldı. 16 Mart 1921 Moskova Antlaşmasıyla Ahıska, Gürcistan Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti'nin Tiflis iline bağlanarak Sovyetler Birliği'nin egemenliği altına girdi. 1930'lu yıllarda Stalin bütün Sovyet halkları üzerinde yoğun kimlik ve kültür değişimi politikası başlattı. Ahıska Türkleri de bundan en çok etkilenen halk oldu. Ahıska Türkleri dil ve kültürel baskıların yanı sıra ekonomik ve siyasi baskılara da tabii oldular. Sovyetler Birliği Devlet Savunma Komitesinin 31 Temmuz 1944 tarih ve 6279 sayılı "gizli" yazısıyla Ahıska Türklerinin de sürgüne tabii tutulması kararlaştırıldı. 14 Kasım 1944 tarihinde 220'ye yakın Ahıska köyünün ahalisi, Kazakistan, Özbekistan ve Kırgızistan'daki sürgün bölgelerine gönderildi. Güney Gürcistan'daki Ahıska, Adigön, Aspinza, Ahılkelek ve Bogdanovka bölgelerde yaşayan toplam 115.500 Ahıska Türkü, Kürt ve Hamşinli zorunlu göçe maruz bırakıldı. Bunların içinde Ahıska Türklerinin sayısı 96.000 idi. Sürülen Ahıska Türklerinin 55.000'i Özbekistan'a, 29.500'ü Kazakistan'a, 11.000'i de Kırgızistan topraklarına dağıtıldılar.

Kazakistan'ın ağır coğrafi ve iklim şartlarına uyum sağlamak onlar için hiçte kolay olmadı. Yanlarına sadece üç günlük yiyecek almalarına müsaade ettiler. Kazakistan'a gelenler; Almatı, Kaskelen, Cambul, Çimkent, Türkistan, Kızılorda, Merey, Isık ve Türgen bölgelerine yoğun bir şekilde yerleştirildiler. Bu zor şartlarda birbirlerine kenetlenerek ayakta kalmaya çalıştılar. Zamanla Kazakistan şartlarına alışan Ahıskalılar beraberlerinde getirdikleri geleneklerinde ödün vermemeye büyük gayret gösterdiler. Günümüzde Kazakistan'da yaklaşık 180.000 bin Ahıskalı yaşamını sürdürmektedir. Ahıskalılar her yönüyle toprağa tutunan tohum gibi hayatın her alanında var olma mücadelesi verdiler. Talgar'da yaşamış olan şair, Ali Paşa Veyseloğlu bir şiirinde Kazakistan'a gelen Ahıskalıların nasıl karşılandığını veciz bir şekilde anlatmaktadır.:

Gelip düştük Kazak eline
Şehrine köyüne böldüler bizi
Tez öğrendik Türk Kazak'ın dilini
Hürmetli bir konak bildiler bizi.
Kazak halkından çok hürmet gördük
Yahşi yaman günde sorulduk sorduk
Fitneyi fesadı beraber kırdık
Evlerine yurtlarına aldılar bizi (Veyseloğlu, 2008: 62).

Ahıskalılar zamanla yaşadıkları bölgenin halklarıyla dil ve kültür etkileşimi içine girdiler. Ahıska Türkçesine, Kazakça ve Rusça kelimeler girmeye başladı. "Ancak Türkiye'ye yerleşen Ahıska Türklerinin bile evlerinde yaygın olarak Rusça kullanmaları ortada kültürel kimlik konusunda bir zafiyetin bulunduğunu göstermektedir" (Doğan, 2010: 9-10). Maalesef Rusçanın gündelik hayatta Türkçe yerine aktif olarak kullanılması dil erozyonunu da beraberinde getirdi.

2 Şubat 1921 tarihinde Kırgızistan Sovyet Sosyalist Cumhuriyeti, Halk Komiserleri Heyetinin "Cumhuriyet'in Devlet organlarında Kazak ve Rus Dillerini Kullanma Konusu" raporunda "Cumhuriyetin bütün merkezî ve bölgesel kurumları evrak ve ilişkilerini Rus dilinde gerçekleştirecektir", "Cumhuriyetin il kurumları evraklarını, merkez ve vilâyet kurumlarıyla olan ilişkilerini Rus dilinde yürütecektir (Boranbayeva, 2004: 25). Şeklindeki alınan genel bir kararla, daha bu tarihten itibaren Kazakça tamamen devre dışı bırakılır ve Rusça Kazakistan'da resmî dil konumuna geçer. Evlerde Türkçe yerine Rusça konuşulmaya başlandı. Ahıskalıların kullandıkları günlük Türkçelerine Rusça ve Kazakça kelimeler bu şekilde girmeye başladı.

Sovyet devrindeki hayat şartları da Türkler arasında Rusçanın yaygınlaşmasında önemli rol oynar. Sovyet devrinde özellikle şehirlerde anne-babanın dışarıda çalışmak zorunda olması çocukların küçük yaşlardan itibaren kreşlere, çocuk yuvalarına gönderilmesine neden olur. Buralarda çocuklar daha okul çağına gelmeden önce Rusça ile tanışır. Bundan sonraki ilk ve orta öğretimde de Rusçaya büyük ağırlık verildiğinden Rusça, Türk çocukları tarafından anadilden daha iyi bilinen bir dil haline gelir (Devlet, 1983: 30).

Ama en makul sebep olarak sürgün psikolojisinin getirdiği bilinçaltını sayabiliriz. Bu korku psikolojisi altında kalan Ahıskalılar Ruslardan ikinci bir darbe yememek için dil konusunda da Rusçayı öğrenmek zorunda kalmışlardır. Çünkü göçten önce ve göçten sonra yaşayan 1. Nesil bütün acıları ve bütün ihanetleri yakından görmüş, yaşamışlardır. Binlercesi askerde bir hiç uğruna canını vermişlerdir. Yine binlercesi sürgün sırasında canını vermişlerdir. Hemen hemen her ailede birkaç kişi hayatını kaybetmiştir. Geldikleri bölgelerde yeniden yaşama tutunmak hiç de kolay olmamıştır. Bu hüzünlü ve o kadarda dramatik ortamda hayatlarını devam ettirmek Ahıskalılar için çok zor olmuştur. Bir taraftan yeni bir kültür ve dil ortamı diğer taraftan egemen devletin acımasız ve insanlık dışı baskıları karşısında kalakalmışlardır. Bu durumda hem kendi dillerini korumaya çalışmışlardır. Diğer taraftan iki yabancı dili de öğrenmek zorunda bırakılmışlardır. Ama baskın dil olan Rusça hep kazanan taraf olmuştur.

Bu değişimler birinci kuşak için pek söylenmeyebilir. İkinci ve üçüncü kuşakların almış olduğu Rusça eğitimden ve gelişen teknolojiden etkilenmemesi imkânsızdır. Yine de ilk kuşak Ahıskalılar her yönden dillerini korumaya ve yaşatmaya çaba gösterdiler. Ailelerini bu dil erozyonuna karşı korumaya ve onları kendi halk edebiyatlarıyla besleyip yaşatmaya çalıştılar. Bütün aileyi bir arada tutup onları geleceğe taşımak için gayret gösterdiler.

Bugün Kazakistan'da dağınık halde yaşayan Ahıskalı Türkler kendi kimliklerini bir alt kimlik olarak korumaya çalışmışlardır. Genelde daha iyi bir eğitim sebebiyle Rus okullarını tercih etmişlerdir. Daha iyi iş imkânları elde etmek arzusu ve geniş bir coğrafyada Rusçanın konuşuluyor olması onların bu tercihlerinde etkin bir rol oynamıştır.

2. Dilin Toplumdaki Yeri

Dil, her şeyden önce şuur işidir. Konuşma, insanın sahip olduğu en kıymetli anlaşma yöntemlerinden biridir. İnsanların birbirleri ile haberleşmeleri, birbirlerine dertlerini ve isteklerini anlatıp anlaşabilmeleri, ancak dil vasıtasıyla mümkün olur. İnsanlar arasında en etkin iletişim aracı dildir. Dilin kapsamına girmeyen sesler, jestler ve mimikler iletişimin sağlanmasında önemli olmasına karşın bunlar dilin önemini hiçbir zaman azaltmaz. Dilin insanlar arasında iletişim aracı olarak kullanılması dilin toplumsal bir işleve sahip olduğunu ortaya koymakta; ayrıca dil, o toplumla onun kültürü arasında ilişki kurma rolünü de üstlenmektedir. Vossler' in 1960'larda dediği gibi " Dil, kültürün aynasıdır" (Aksan, 1977: 55). Güvenç'in ifadesiyle: "Dil, kültürel muhtevanın bir ansiklopedisi ya da sözlüğüdür" (Bozkurt, 1974. 70) şeklindeki sözleri bu görüşü doğrulamaktadır.

"Dil bir düşünce aracıdır. İnsanlar, düşünce, duygu ve isteklerini dil ile belirtirler. Ancak, dil olmaksızın da düşüncenin, doğru ya da yanlış inançların olabileceği görüşünde olanlara da rastlanmaktadır"(Russel, 1973: 43).

2.1. Dil Değişiminin Ahıska Türklerine Etkileri

Ahıska Türkleri, Türkçe'nin Ahıska ağzı denilen şivesiyle konuşmaktadırlar. Bu ağız, Yukarı Kur ve Çoruh bölgesinin ortak dilidir. Kars'ın Posof ilçesi başta olmak üzere Ardahan, Şavşat, Artvin, Ardanuç ve

Oltu çevresinin ağzı, Ahıska ağzının ortak özelliklerini taşımaktadır. Kazakistan'da da bu ağzı muhafaza edip kullanmaktadırlar. Bugün Çoğu Anadolu ağızlarında bulunmayan fakat Ahıska ağzında bulunup, bugün de kullanılan örnekler görülmüştür. Ahıskalılar, bu katıksız Türkçeyi onca baskılara rağmen devam ettirmekten asla vazgeçmemişlerdir. Fakat kendi dillerinin yanında yerel dillerini de öğrenmeyi ihmal etmemişlerdir.

Ahıska Türklerinde bazı yaşlılar haricinde herkes Kazakçayı ve Rusçayı bilirler. 1950 sonrası kuşak ise Rusçayı ve Kazakçayı çok iyi bilmektedir. Ahıska Türklerinin dillerinin korunabilmesini sağlayan sebeplerin arasında:

1. Çocuklarının Türkçeyi ilk ana dili olarak öğrenebildiği,
2. Her aile ferdinin, büyüklerle Türkçe konuşması gerekliliğini önemsemesi ve konuşması,
3. Çoğunlukla kırsal bölgelerde; tarıma dayalı, yerleşik, dayanışmacı, dış dünyaya biraz kapalı topluluklar halinde yaşamaları,
4. Orta Asya Türk Cumhuriyetlerinde benzer Türk Dillerinin konuşulması (Balım, 2003: 242) gibi maddeler yer almaktadır.

Evde Türkçe konuşmaya önem veren Ahıskalılar dışarıda diğer dilleri öğrenmeyi de ihmal etmemiş; bilakis çocuklarının bu dilleri öğrenmelerini teşvik etmişlerdir. Kazakistan'da yaşayan Ahıskalıların büyük çoğunluğu komşularıyla Kazakça ya da Rusça konuştukları gözlenmiştir.

Ahıskalı Türkler, Rusça ve diğer dilleri konuştukları kamu alanını ile Türkçe konuştukları özel alanları birbirinden açıkça ayırmaktadırlar. Yapılan araştırmalarda Ahıskalı Türklerin 1.888.000'i (%91), Türk dilini ana dil olarak benimsemişlerdir. Rus dilini Anadil olarak kabul edenler 3.800 (%2); diğer dilleri kabul edenler ise 14.700 (%7) kişidir (Bayraktar, 2013: 78).

Kazakistan Ahıska Türkleri, kamu alanlarında ve sosyal çevrede Kazakça ve Rusça kullanmaya gayret etmişlerdir. Buna rağmen kendi dillerini kültürlerini ve ananelerini korumuşlardır. Ahıska Türklerinin, sürgün edildikleri SSCB ülkelerinde, komünist rejimin siyasi varlığına karşın etnik kimliklerini ve dile ilişkin kimliklerini koruyabildikleri görülmektedir. Bu doğrultuda Ahıska Türkleri, kendilerine tanınan yetersiz siyasi ve sosyal olanaklara karşın, içerisinde yer aldıkları toplumu kendilerine göre şekillendirmeyi başarabilmişlerdir. Yani milliyet ve etnik kimlik tanımlarının dile dayandırıldığı SSCB gibi bir toplumda dahi, Ahıska Türklerinin kimliklerini ve dillerini korumaları doğrultusunda vasiyetlerini de devam ettirmeleri mümkün olabilmiştir.

Ahıskalıların ayakta kalmalarının temel sebeplerinden birisi de dillerini koruyup yaşatmalarıdır. Geldikleri bölgelerin yerel dillerini öğrenmişler, Rusçayı da devlet dili olduğu için mecburen öğrenmişlerdir. Resmi kurumlarda, eğitim alanlarında Rusçayı; gündelik işler, çarşı-pazarda ise yerel dilleri konuşmuşlardır. Ama özelleri olan evlerinde hep Türkçe konuşmuşlardır. Aile büyükleri diğer dillerin aile içerisinde konuşulmasına müsaade etmemişlerdir.

Konuyla ilgili Kazakistan Ahıska Gazetesi'nin Baş Editörü Rövşen Memmedoğlu ile 16 Mayıs 2017 tarihinde, Almatı şehrinde, Ahıska Gazetesi'nde yapılan röportajda: Sizce Ahıskalı Türkler, sürgün ile birlikte getirdikleri kültürlerini ve dillerini yaşatabilmişler midir? sorusuna şu şekilde cevap vermiştir: Günümüzde gençlerin etki altında kaldıkları bir doğal alan var. Bu alanlara; televizyon, internet, sinema ve diğer milletlerle iç içe olmayı sayabiliriz. Bizim zamanımızda sadece akrabalar ve dar bir çevre vardı. Herkes birbirini bilir, tanır ve sayardı. Yani rol modellerimizi yine kendi çevremiz belirlerdi. Bu rol modeller bizi kültürümüzden ve geleneklerimizden koparmaz bilakis sıkı sıkıya bağlardı. Bu konularla ilgili Başta Sayın, Ziyaettin İsmihanoğlu Bey olmak üzere bütün Ahıska yetişkinlerine şunu tavsiye etmekteyiz. Evde herkes Türkçe konuşsun başka bir dil konuşmasın. Önce çocuklarımız kendi dillerini öğrensinler. Sonrada diğer dilleri öğrensinler. Her Ahıskalı çocuk dört dil bilmelidir. Zaten okulda Kazakça ve Rusça öğrenmektedir. İngilizceyi artık her çocuğun bilmesi şarttır. Ama bu dilleri öğrenirken asıl kendi öz dillerini ihmal etmemelidirler. Biz, gazete olarak gençlerimize; şairlerimizi, yazarlarımızı ve büyüklerimizi tanıtmaya çalışıyoruz. Çünkü Yunus Emre'yi bilmeden, Şekspir'i bilmenin anlamı yoktur.

2.2. Ahıska Türklerinde Şairler

Ahıska, Türk kültüründe önemli bir yer teşkil eder. Bu coğrafyada Türk edebiyat hayatında önemli rol oynamış şairler ve yazarlar yetişmiştir. Bu yazarlar birçok eser ortaya koymuşlardır. Ahıska Bölgesinde: Cevri, Çerkezoğlu, Emrah, Gülali, Garip, Zülali, Şenliki, Mazlumi, Mahsuni, Feryadi ve Fakiri gibi büyük usta şairler çıkmıştır. Günümüzde de gerek Kazakistan bölgesinde ve gerekse yakın çevrede birçok şair yetişmiştir. Bu şairler halkın sesi soluğu olmuşlardır.''Çağdaş Ahıska şairlerinden Fehlül, Zeynal, Cabir Halidov, Şimşek Sürgün, İbrahim Türkü, İlyas İdrisov, İlim Şahzadayev, Gülahmet Şahin, Ali Paşa Veyseloğlu, Bekir Perişan, Aşik Mevledin gibi birçok şair bunlara örnek teşkil etmektedir''(Türki, 2007: 315).

Ahıska'da yaşamış şairler şiirlerinde ve atışmalarında genellikle yaşadıkları zamanın şartlarını yansıtmışlardır. Halkın ruh haletini, sosyal durumlarını ve bölgenin siyasi durumlarını heyecanlı bir şekilde şiirlerine yansıtmışlardır. Halkı isyandan ziyade, bölgenin şartlarına ayak uydurmaya ve ne olursa olsun yaşamak gerekliliği üzerinde yoğunlaşdırmışlardır. Bu konuya dair bazı örnekler:

Boz atlar üstünde kılınç çalınır,
Can sağ iken yurt vermeniz düşmana.
Şenlik, ne durursuz, atları binin,
Sıyra-kılınç düşman üstüne dönün,
Artacahdır şanı bu Âl-Osman'ın
Can sağ iken yurt vermeniz düşmana (Kırzıoğlu, 1966:1016). Âşık Şenlik'inin şiirinde bölgenin işgali karşısında halkın vatan savunmasına çağrılışı coşkulu bir şekilde anlatılmaktadır.

Kimi göç eylemiş gücü var bize,
Kimi siyah zülüf dökmüştür yüze,
Eğer bir haberiniz olmasa bize,
Düşersiz siz de firkate güzeller.
Emrahi der gerçek oldu sözümüz,
Arşa direk oldu ah-ı suzumuz,
Size geçer ise bu niyazımız,
Dolun sualsiz cennete güzeller (Kırzıoğlu, 1966:1016).

Ahıskalı Emrah şiirinde, Ahıskalı güzellerin vefasının ve güzelliklerinin benzeri olmadığını ancak onların cennete yakışacaklarını ifade etmektedir.

Ateşe yakar cihanı aşk ile narın senin,
Ah ettin, Arş'a dayandı ah ile zarın senin,
Nas içinde destan oldun, düştün delen dillere,
Yar elinden serserisin, ya hani arın senin.
Işığı der, sıdk ile gel sen çalış hak rahına,
Git uzak şeytan şerrinden, sığın Şahlarşahı'na,
Seni halk eden Hallak'ın secde kıl dergâhına,
Her ne dilek dilesen ihsan eder Tanrın senin (Kırzıoğlu, 1966:1016).

Âşık Kobliyanlı Sefili, şiirinde halkın çektiği sıkıntıların göğe kadar gittiğini insanlar arasında da destanlaştığını vurgulamaktadır. Her şeye rağmen Allaha sığınmak gerektiğini ve ondan yardım istemek ve ona sığınmak gerekliliği üzerinde durmaktadır.

Bu benim bahtımdan kem talihimden,
Felek vurdu bu sineme, çalgundur,
Ne vakt men'edildim kendi rahımdan,
Dizde fer yok, gönül katı kalğundur.
Korhan'ım işime hile kattılar,
Gam ü mihnet ile tutsak ettiler,
Şahan idim, bir zağ deyin tuttular,
Uçabilmem kanatlarım yorgundur'' (Kırzıoğlu, 1966: 1018).

Ahıskalı Korhan kendi talihine kızmaktadır ve bundan dert yanmaktadır. Memleketin ahvalinden rahatsızlığını dile getirmektedir.

Her kişinin bir derdi var, benimkinden beş-beter,
Bir canan su ısıtırken, birisi tas-tas töker,
Birisi ağlar, sızlar, birisi yanar tüter,
Tabib gelmez, melhem almaz, böyle yara kimde var (Kırzıoğlu, 1966:1018).

Ahılkelek'li Hasta Hasan, yârinden sitemkârdır. Ondan çektikleri karşısında derdine çare bulunmadığını ve bundan bizar olduğunu anlatmaktadır.

Ahıska da yaşamış şairlerin şiir diline bakıldığında o günün Anadolu'da kullanılan diliyle aynıdır. Genelde vatan sevgisi ve düşmanla mücadele işlenmiştir. Dil yalın ve akıcıdır. Halkın anlayabileceği bir tarzda şiirler yazılmış ve söylenmiştir. Sebebi ise şairlerin sürekli halkın içinde yaşamaları ve halkın duygularına tercüman olmalarıdır.

2.3. Kazakistan'da Yaşayan Ahıskalı Şairler

Ahıska Türklerinin dil ve edebiyat anlayışının gelişmesinde Ahıska âşıkları önemli bir yere sahiptir. Kazakistan coğrafyasında, aynen âşıklık geleneği devam etmiştir. Büyük âşıklar ve şairler çıkmıştır. Bu âşık ve yazarlar Kazakistan'daki Ahıskalı Türklere büyük bir ilham kaynağı olmuşlardır. Halkın öz dillerini unutmamalarını sağlamışlardır. Ahıska folkloru ve kültürü çok zengindir. Sürgünde onca zorluklara rağmen, Ahıskalılar bu müthiş hazineye sahip çıkmışlardır. Ahıska Türklerinin sürgün edilmelerinin ardından Kazakistan'daki şairlerin, âşıklık geleneğini sürdürdükleri görülmektedir. Bu dönemde önemli görülen âşıklar arasında Aşık Hasta Hasan, Âşık Göggöz, Âşık, Seyfet, Âşık Mevlüt, Musayev Emirastan Berfo Oğlu, Âşık Sedir, Âşık Piloş, Âşık Mamut, Âşık Oruç, Hukiyev İbrahim Katipoğlu, Bahadır Badalov, Aşık Zeynulla, Kemal Karayev, Ali Paşa Veyseloğlu gibi isimler sayılmaktadır. Şimdi Kazakistan'da yaşayan ve Ahıska Türklerinin edebiyatında, kültür hayatında önemli köşe taşları olan şairleri ve yazarları inceleyelim.

Ali Paşa Veyseloğlu, 1924 yılında Aspindza'da doğdu. 14 Kasım 1944 yılında ailece Almatı şehri, Issık ilçesi, Türgen köyüne yerleştirildiler. 1950 yılından itibaren şiir ve hikâyeler yazmaya başladı. Birçok ödül alan şair, konu olarak; dostluk, kardeşlik, vatan aşkı ve Türkiye sevgisini işledi. Ahıska Türklerinin karşılaştıkları zorlukları anlatmış fakat bu zorluklara rağmen geleceğe güvenle bakmış ve halkı bu yönde motive etmiştir.

Ses sese verip siz ol asimanda
Vatanın hasreti vardır bu canda
Elimiz Aspindza o gülistan
Görseniz bir selam verin turnalar.

Paşa'nın kalbinde Türkiye eli
O zaman açılır menekşe, gülü
Ölenler kurtuldu, kalan yaralı
Gitti ömür gurbet elin içinde.

Adım Ali Paşa, dostlarım Kazak
Babamız Türklerden düşmüşüz uzak
Düşmanlar bizlere kuruyor tuzak
Uymayın onlara bölerler bizi (Veyseloğlu, 2008:9-10).

Bahadır Badalov, 15 Mart 1935 yılında, Aşağı Oşora köyünde doğmuştur. Önce Özbekistan'ın Semerkant şehrine sürgün olan Bahadır Badalov, 1960'da Kazakistan'ın Çimkent şehrinin, Karasu köyüne yerleşmiştir. Şair, şiirlerinde; vatan sevgisi, sürgün ve gurbet konularını işlemiştir.

Asmiza olmişdür bir küçük rayon
Çoh idi çarşısi, suyun
Girende suyunu görünmez boyun
Çermürteki şifa suyun ne oldi.
Bahadır veten içün çoh oldi candan
Hazırım yurt için tökmeye kandan
Geçmişim biklinki devletten maldan
Hasretim sırtlaran, meşen Oşora (Badalov, 2004:137-139).

Mutiyev Zeynulla Cabbaroğlu, 1930 yılnda, Aşaği Oşora köyünde doğmuştur. Önce Özbekistan'a sürgün olan Cabbaroğlu, 1959'da Kazakistan'ın Çimkent şehrinin Karasu köyüne yerleşmiştir. Şair, şiirlerinde, vatan sevgisi, dünya ve gurbet konularını işlemiştir.

Yazımız karaya yazıldı baştan
Anaların gözleri çıhmadı yaştan
Ayrı ayrı düşti bacı kardaştan
45 yıl hesretde kalan ağlasın.
Ata ana diyar tutun sözümi
Yohtur bu yerlerin bene lazımi
Eski vetenime sürem yüzümi
Bura gurbet eldür bilen ağlasın (Badalov, 2004:150-151).

Karayev Kamal Karaoğlu, 1937 yılında Aspinzanın Bezirhana köyünde doğdu. 6 yaşından itibaren Kazakistan'ın Çimkent şehrinin Telman köyünde yaşamaktadır. Tıp eğitimi alan şair, Halk Dostluğu Nişanı

ve Kazakistan Şeref Belgesi'nin sahibidir. Küçük yaşlardan itibaren şiir yazan şair, vatan, gurbet ve halk konularını işledi. Tatlı Puvar filminin çekimlerine katkıda bulundu. Çimkent şehri Ahıska Türklerinin dernek başkanlığını yapmaktadır.

Merdlik eylemek merdin adıdı
Şirinlik insanın ağız dadıdı
Yaman yamandı yahşi da yahşi
Yahşını yamana gatmağ olar mi?
Kamal yazdı nece hana
Arifler sözlerden gana
Bu dünyada yana yana
O yaralı anadı- ana (Badalov, 2004:166-168).

Musayev Emirastan Berfo Oğlu, 1955 yılında Kazakistan'ın Çimkent şehrinde doğdu. 1976 yılından beri diş doktorluğu yapmaktadır. İlk şiirini 17 yaşında yazmıştır. Konu olarak hayat, hakikat, aşk ve vatan konularını ele almıştır.

Ezelden tezeydi insanın ganı
Yanardı onların birbirine canı
Hardan tapım ele insanı
Onlar getdi indi kimler gelipdi.
Emirastan'dan eyleseler sorağı
Yitirmerem men yediydim çöreği
Min yıl keçse de veten torpağı
Gözleyiir bizi a yazığ halğım (Badalov, 2004:171-172).

Kazakistan'da yaşayan Ahıskalı şairlerin şiir diline bakıldığında Türkiye'de kullanılan dille çok yakındır. Ahıska'da yaşayan şairler genelde vatan sevgisi ve düşmanla mücadele konularını işlemişlerdir. Aradan yıllar geçmesine rağmen halen aynı dili kullanan ve aynı ruh haleti içinde olan günümüz şairleri ve yazarları, yazı ve şiirlerini bu şekilde ortaya koymaktadırlar. Hep vatan hasreti ve bir gün geri dönebilme ümidi ile doludurlar. Fakat aynı heyecan ve aynı coşku yeni nesillerde görülememektedir. Sebebi, bu konuda yeterli çalışmaların yapılmamasıdır. Sürgünü görmüş ve o günlerin bütün acılarını iliklerine kadar hissetmiş olan yaşlı kesimin azalmasıyla bunu anlatacak ve gündemde tutacak kişilerin azalması bu konuda en büyük etkendir. Dil, bir milletin geçmişinde yazılan veya söylenen şiirler, romanlar, türküler, masallar yardımıyla geleceğe aktarılır. Bu konuda ilmi, kültürel ve görsel çalışmalar yapılmalıdır. Bu konuda bariz bir şekilde hissedilen boşluğun doldurulması gerekmektedir.

3. Sonuç

Kazakistan'da yaşayan Ahıska Türkleri bulundukları bölgelerde çok zor şartlar altında hayat mücadelesi vermeye çalışmışlardır. Fakat kendilerine yapılan bütün baskılara rağmen, dillerini, örf adetlerini korumaya çalışmışlardır. Bunlardan en önemlisi günümüze kadar ana dillerini unutmamış olmalarıdır. Toplumlarda dil değişimi daima sancılı olmuştur. Çünkü toplum dilini kullanmak isteyip, değiştirmek istemezse buna karşı bütün hücreleriyle direnir. Fakat her toplum mutlaka bu değişime uğrar. Toplum yeni kazandığı kelimelerle eskileri harmanlar. Böylece kendini, ana dilini yeni dilin baskılarına karşı koruyup kollamaya gayret eder. Bu değişimi Ahıska Türklerinde en bariz bir şekilde görmekteyiz. Eğitim seviyesinin yükselmesi, ekonomik gelişmeler ve yeni kültür ortamları bu değişimi tetikleyen unsurlardır.

Kazakistan Ahıska Türkleri, yaşadıkları bölgelerde dillerini canlı bir şekilde kullanmaya çalışmaktadırlar. Aile içinde, düğünlerde, bayramlarda, eğitim ve maddi- manevi kültürel alanlarda dillerini yaşatmaya büyük gayret göstermektedirler.

Eski nesil bu baskılara direnmişse de, yeni nesil rahatlıkla değişime ayak uydurmuşlardır. Eğitim alanındaki bütün gelişmeler yaşadıkları yerlerdeki kendilerine verilen haklar ölçüsünde olmuştur. Sovyetlerin yıkılmasıyla yeni kurulan Kazakistan'da Ahıska çocuklarının eğitiminde ciddi bir artış görülmüştür. Bu da Ahıska Türklerinde yeni bir heyecana neden olmuştur. Dillerinin devamı için kursların açılması ve Türk televizyonlarının izlenilmesi, Ahıskalıların dillerini geliştirmeleri adına çok büyük getiri sağlamıştır. Ama ne yazık ki; Türkçe eskisi gibi birinci dil değil de üçüncü dil olarak yerini almaktan kendini kurtaramamıştır.

Kaynakça

1. Aksan, Doğan. Her Yönüyle Dil: Ana Çizgileriyle Dilbilim I. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1977.

2. Badalov, Çingiz. Bütün Yönleriyle Ahıska Türkleri. Şimkent: Kitap Matbaası, 2004.

3. Balım, Çiğdem ve Aydıngün, Ayşegül. "Dil ve Grup Kimliği: Ahıska Türkleri", Günümüz Dilbilim Çalışmaları. Der. Ayşe Kara, Ece Korkut, Suna Ağıldere. İstanbul: Multilingual Yayınları, 2003.

4. Bayraktar Yrd. Doç. Dr. Rasim, Eski Sovyetlerde Türk Kimliği. Ankara: Berikan Yayınevi, 2013.

5. Boranbayeva, Gülnur Smagulkızı 2004: "SSCB Dönemi ve Bağımsızlık Sonrası Kazakistan Cumhuriyeti'nde Kazak Dilinin Genel Durumu", Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, Cilt 1, Sayı 1(Kasım 2004), s. 25.

6. Bozkurt, Güvenç. İnsan ve Kültür, İstanbul: Remzi Kitapevi, 1974.

7. Devlet, Nadir 1983: "Ruslaştırmada Kazan Tatar Türkleri Örneği", Türk Kültürü, Sayı: 237, Yıl: XXI (ocak 1983), s. 30.

8. Doğan. Prof. Dr. İlyas. Bizim Ahıska Dergisi. Ankara, 10 Yaz 2010.

9. Kırzıoğlu, Fahrettin. Ahıskalı 14 Halk Şairimizden Birer Parça. İstanbul: Türk Kültür Dergisi,1966.

10. Rövşen, Memmedoğlu, İsmayılov, 16 Mayıs 2017, Almatı Şehrin, Ahıska Gazetesi.

11. Russel, Bertrand. TheUses of Language ConceptsandProcesses. Editedby Joseph A Devite. Englewoord Cliffs, N.J. : - Prentice Hall Inc, 1973.

12. Türki, İbrahim. Ahıska Türklerinin Tarihi, Edebiyatı ve Aşıklarının Kısa Antolojisi. Şimkent: Kitap Matbası, 2007.

13. Veyseloğlu, Ali Paşa. Vatan ve Gurbet. Almatı: Print Basımevi, 2008.

Құлтанбаева Н.Қ.
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік мемлекеттік университеті

Исакова С.С.
Филол. ғылым. докторы, профессор

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түйін. Мақалада ертегі дискурсы және оның зерттелу барысы туралы баяндалады. Соңғы жылдардағы дискурстық талдау бойынша орындалған зерттеулерде «дискурс» және «ертегі дискурсы» ұғымдары түрліше анықталуы, шетелдік ғалымдардың ертегі дискурсы туралы түрлі деңгейде салыстара зерттеулері талданып, қорытынды бөлігінде ертегі дискурсының тілдік тұлғадағы күрделі лингвомәдениеттанымдық құбылыс екендігі айтылады.
Түйін сөздер: ертегі дискурсы, концепт, әлем бейнесі, халық ертегі, әдеби ертегі, лексикалық қабат.

Култанбаева Н.К.
Магистр гуманитарных наук
Актюбинский региональный государсвенный университет имени К. Жубанова

Исакова С.С.
Д-р филол. наук, профессор

ИССЛЕДОВАНИЕ СКАЗОЧНОГО ДИСКУРСА

Резюме. В статье речь идет о сказочном дискурсе и состоянии его исследования. В последние годы понятия «дискурс» и «сказочный дискурс» определяются по - разному в исследованиях анализа дискурса. Сравнительные исследования сказочного дискурса представлены и в работах зарубежных ученых. В заключении сказочный дискурс определяется как сложное лингвокультурное явление в сознании языковой личности.
Ключевые слова: сказочный дискурс, концепт, картина мира, народная сказка, литературная сказка, лексический пласт.

Kultanbayeva N.K.
M.A.
K. Zhubanov Aktobe regional state university

Issakova S.S.
DLitt, professor

A STUDY OF FAIRY-TALE DISCOURSE

Summary. In this article is discussed about a fairy-tale discourse and a status of its research. In the recent years, the concepts of “discourse” and “fairytale discourse” have been defined differently in the discourse analysis studies. Comparative studies of fairy-tale discourse are also presented in the works of foreign scientists. In conclusion, fairy-tale discourse is defined as a complex linguocultural phenomenon in the consciousness of a linguistic personality.
Key words: fairytale discourse, concept, world picture, folk tale, literary fairy tale, lexical layer.

Қазіргі лингвистиканың маңызды жетістігі ретінде тілдің жаңа парадигмада, яғни адамның танымдық қызметіне қатысты тұрғыда танылуымен ерекшеленетіндігін айтуға болады. Сондай жаңа бағыттардың бірі – дискурс теориясы. Дискурстық кеңістік сияқты нысанды ғылыми тұрғыда ұғыну адами қызметтің барлық саласында өтіп жатады.

Біз мақаламызда дискурстық кеңістіктің бір түрі ертегі дискурсы және оның зерттелу барысына тоқталмақпыз. Ертегі дискурсының өзекті мәселеге айналуы әлеуметтік талаптардан туындаған

десек те болады. Ілгергі уақытта ертегі дискурсы әңгімеші-ертегіші және тыңдаушының қатысынсыз жағдаяттық-рөлдік қызмет түрінде қабылданды. Коммуникацияның ауызша түрден жазбаша түрге өтуі ертегіге айтарлықтай өзгеріс әкелді. Осы уақыттан бастап, бірінші орынға кең мағынада қолданылатын тіл шықты, ал ертегіші мен тыңдаушының қарым-қатынасы ассиметриясы одан әрі негізгі белгі болып саналмады. Біртіндеп ертегі дискурсы неғұрлым эстетикалық құндылықтармен толықтырыла бастады.

Соңғы жылдардағы дискурстық талдау бойынша орындалған зерттеулерде «дискурс» және «ертегі дискурсы» ұғымдары түрліше анықталады. Н.Д. Артюнова дискурсты экстарлингвистикалық, әлеуметтік-мәдени және прагматикалық, психологиялық факторлар жиынтығына байланысты мәтін ретінде анықтаса, В.Я. Пропп «...ертегі дискурсы тек өзіндік, өзіне ғана тән таңғажайыптылығын иеленген. Аталмыш жанр мәтінінде прагматикалық функнция түрлі деңгейде жүзеге асады» деп көрсетеді [1, 316].

Ресейлік ғалым М.В. Демина ертегі дискурсы туралы зерттеулерінде «Ертегі дискурсы — көп ғасырлық тарих ағымында кодталған ақпараттың «әмбебап қоймасы». Дискурстың бұл түрі ұлт менталитетін және этностың әлеуметтік-мәдени әлем бейнесін неғұрлым терең көрсетеді. Бұл «дискурстың» өзіндік ұғымының көпмағыналылығымен және күрделілігімен байланысты деп пікір білдіреді. Сонымен бірге Ю.В. Мамонованың пікірін былайша келтіреді: «ертегі мәтіні дискурстың белгілі бір түрі ретінде халықтың тұрмыстық ертегілерінің басты концептілерін анықтау мақсатында қарастырылады. Сәйкесінше ертегі дискурсы «концептуалдық тұрғыда зерттелетін лексикалық құралдармен берілген, мәдени-аксиологиялық ақпарат көзі» [2, 64].

Н.А. Акименконың диссертациялық зерттеуінде ертегі дискурсы «тілдік құрылымның түрлі деңгейінде вербализацияланатын, ертегі категориясының арнайы өлшемдерін жүзеге асыратын белсенді орта» ретінде интерпретацияланады және зерттеу жұмысында дискурстың анықтамасы когнитивтік процесс сияқты шынайы сөйлеу әрекетімен байланысты; атақты тілшілер Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрованың еңбектерінде көрсетілген бағытқа сәйкес ертегі дискурсы «жазылған ертегі мәнмәтіні, оның нәтижесі, яғни мәтін ерекше әлеуметтік мәлімет түрінде көрсетілген когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық процесі» ретінде ұғынылады [3, 31]. Сондай-ақ Н.А. Акименко өзінің зерттеуінде автор өзінің лингвокреативтілігін, қоршаған шындықтағы болған оқиғаға өзіндік ерекше көзқарасын көрсететіндігін жазады. Бұлайша өз бетінше айту түрлі деңгейде функционалды, семантикалық және лексикалық құралдармен іске асады деп көрсетеді.

Ертегі дискурсын зерттеушілер ертегі дискурсының екі түрлі ерекшелігін көрсетеді: құрылымдық бірліктеріне сәйкес *халықтық* және *әдеби* ертегі болып табылатын *дәстүрлі* және *заманауи* ертегілер. Әдеби ертегіні фольклорлық ертегінің мұрагері ретінде сюжеттің немесе көркем образдардың қатынасы ретінде сонымен қатар, стильге қатысы ретінде таниды. М.П. Шустов «... ертегі жанры ешқашан өлмейді. Ол жай ғана фольклорлық салттан әдеби нормаға алмасады» дегенді дәлелдейді [4, 23]. Л.В. Овчинникова былай деп жазады: «Әдеби ертегі өзінің ең жақсы образдарын фольклорда жасалынған барлық құнды образдармен және халықтық адамгершілік құндылықтарын автор талантымен байланыстыра отырып қабылдаған» [5, 24].

К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова өздерінің «Лексические особенности сказочного дискурса» атты мақаласында ертегі мәтініндегі ертегілік әсер беруде жетекші рөл атқаратын лексикалық компоненттерге, ертегі мәтініне тән сөйлеу жанрының сюжеттік канонына, ертегінің негізгі кейіпкерлері мен ертегі мазмұнында көрсетілген хронотопқа талдау жасайды. Ертегі мәтінінің қалыптасқан дәстүрлі түрі ретінде мәтіннің негізгі бөлігінде басты оқиғалар баяндалып, соңғы бөлігінде барлық шиеленістің шешіліп, бақытты болып аяқталатындығын көрсетеді. Мысал ретінде басқа ешбір дискурста кездеспейтін, бала кезден белгілі орыс ертегілеріндегі лексикалық біркелкі топтарға төмендегідей ретте тоқталады:

- Змей-Горыныч;
- Кащей-Бессмертный (клишированное определение возраста);
- Избушка на курьих ножках (клишированное описание объекта);
- Скатерть-самобранка (характеристика предмета);
- Водяной(указание на местообитания героя);
- Царевна-лягушка (портрет персонажа);
- Лягушка-квакушка (характеристика персонажа);
- Царевна-Несмеяна (характеристика персонажа);
- Морозко и Снегурочка (сезон или время действия); [6, 191].

Осылармен байланысты ертегіде тұрақты түрде кездесетін клищелер туралы, олардың әрі үнемді, әрі ертегі дискурсына тән екендігін, олардың орналасу ретіне қарай «бастапқы», «ортаңғы» және «соңғы» болып бөлетіндігін көрсетеді. Мысалы, орыс ертегілерінде:

• жили-были;
• в некотором царстве, в некотором государстве;
• скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается;
• и я там был, мед-пиво пил, по усам текло, да в рот не попало;
• повели под венец, тут и сказке конец;
• тут и сказке конец, а кто слушал – молодец сияқты болып келсе, қазақ ертегілерінде:

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде;

Баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты;

Баяғыда бір кедей болыпты, бір перзентке зар болыпты:

Бай болып, барша мұратына жетіпті деген сияқты ертегінің басталуынан хабар беретін сөйлемдер қолданылады.

М.В. Демина «Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности» атты мақаласында Г.Г. Слышкин, И.В. Палаева сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, Британ аралдары халықтары ертегілері материалы негізінде жүргізген зерттеуі нәтижесінде дәстүрлі ертегі дискурсындағы гендерлік концептосфера туралы қорытынды жасайды. Ертегі мәтіні бойынша «ер адам» концептісі «әйел» концептісіне қарағанда екі есе көп лексикалық бірліктер келтіреді. Бұның ерекшелігі ер мен әйелдің өмір сүрудегі қызметіне байланысты болатындығын анықтайды. «Ер адам» концептісі әлеуметтік сигментте байқалса, «әйел» концептісі реляциялық сегментте байқалатындығын, «әйел» концептісінде жүзеге асырылатын реляциялық сегменттегі лексикалық бірліктер «отбасы-туыстық қарым-қатынастағы» қосымша мағынаға бағытталса, «ер адам» концептісі «тұлғааралық қарым-қатынасқа» негізделетіндігі туралы нақты дәлелдермен жазады. Одан әрі аталмыш концептілерді топтарға бөліп, пайыздық көрсеткіштерін анықтайды. Яғни, жас ерекшелігіне байланысты (adolescent, adult, boy, teenager, thirteen-year old, toddler, old man,young man): ұлты (Russian, Yakut, Vietnamese man): отбасы-туыстық қатысына байланысты (brother, cousin, dad, daddy, father, greatgreat-great-great-grandson, husband,) т.б. [7,50].

О.А. Плахова «К вопросу о взаимодействии дискурса и жанра (на примере сказочного дискурса)» атты мақаласында дискурс пен жанрдың өзара әрекетін, дискурс пен жанр дамуындағы бірдей үрдістердің орналасуын, сонымен қатар жанрдың дискурстың маңызды атрибуты ретіндегі ерекшеліктері туралы баяндайды. Дискурсты зерттеуде отандық лингвистер ертегі дискурсының және оның конститутивтік белгілерін айқындау мақсатындағы заманауи тәсілдің бірі ретінде белсенді түрде қолданатындығын айтады. Дискурстық және фольклорлық зерттеулердегі «жанр» ұғымына салыстырмалы талдау жасап, ағылшын тілді ертегі дискурсына қатысты жанрлық өлшемдер мен ертегілік ғажайыптар туралы талдаулар жасайды [8, 33].

Соборная Ирина Степановна «Теоретико-методологическая основа исследования сказочного дискурса» атты зерттеуінде «Ертегі дискурсы» терминіне қатысты бірнеше ғалымдардың анықтамаларын салыстырып көрсетеді. Мысалы, Н.Н.Миронов «Дискурс-анализ оценочной семантики» атты оқу құралында дискурсқа былайша анықтама беретінін келтіреді: «вид речевой коммуникации, обусловленный критическим рассмотрением ценностей и норм социальной жизни». Н.Н. Миронов болжауынша «ертегі дискурсы» – бұл «мәдени коммуникацияға қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі». Бұл жерде автор ертегі дискурсын түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсеріндегі, яғни ментальды, тарихи, этнопсихологиялық, мәдени, этнографиялық және т.б. мәтіндердің біріне қатысты деп түсіндіреді [9,с.39]. Н.Н. Миронованың пікірі бойынша түрлі халықтардың менталитетпен, тарихи дәуірмен, тұрмыспен, дінмен, алғашқы мәдениетпен байланысты мәдениеттанымдық факторлар қатарына негізделген ертегі дискурсының типологиялық ерекшеліктері деп есептеуге болады [9, с. 39]. Осындай деректер келтіре отырып, автор ертегі дискурсы көп аспектілі филологиялық талдау үшін өте өзекті, әрі бұл ұлттың әлем бейнесін толыққанды көрсететін дискурстың түрі болып табылады дегенді айтады.

Ғалым Е. Ф. Бизунова «Сказочный дискурс как отражение менталитета народа (на примере белорусской и немецкой сказок)» мақаласында Белорусь және неміс халықтары ертегілерін салыстыра талдай келе, жалпы ертегі жанры этникалық топтардың менталитетінің жарқын көрінісі болып

табылатындығын баяндайды. Аталмыш ұлттардың күрделі ерекшеліктеріне тоқталады. Мысалы, неміс халқы еңбекқор, әділ және ұқыпты, отбасының қамқоршысы болуға дайын, ал белорустарды өнертапқыш, рухани бай халық ретінде көрсетеді. Одан әрі ертегінің қазіргі күнге дейін маңызын жоймағандығын айта келіп, онда әділдік ұғымы мен әділдіктің түбінде салтанат құратындығын, жеңістің жарқын күшін насихаттайтындығын суреттейді. Осылайша, ертегі дискурсын көп қатпарлы, көп қырлы ұғым ретінде түсіндіреді. Бұл құбылыстың мәнін түсіну үшін фольклордың тарихи туындауы мен дамуын және онда ертегінің жетекші жанрлардың бірі ретінде орын алатынын жете ұғу қажеттігін ескертеді. Ертегі дискурсының дискурстың педагогикалық, саяси дискурс сияқты түрлерімен де байланыстылығын, халықтың мәдени мұрасын көрсететін көркем дискурстың бір түрі болып табылатындығын да атап көрсетеді. Одан әрі «Сказки включают в себя многовековой опыт народа, подтверждением чему является наличие в них природных и антропологических концептов, таких понятий, как душа, добро, зло, сердце, воля, истина и правда, любовь и ненависть, злоба, справедливость, вера, духи, свет и тьма и т. д. Сказочный дискурс — это своеобразное собрание большого количества социоконцептов, разнообразных вариантов их реализации, соотнесенность с реалиями той или иной эпохи, авторитет традиций, проверенный временем, особенности сознания индивида и всего народа, обусловленные лингвистическими, этническими, культурными, социально-историческими факторами» [10, 98] деген дәлелді ойын жеткізеді.

Жалпы ертегінің басты мақсаты қоғамның әлеуметтік және өнегелік тұрақтылығын анықтау болып табылады. Автор тұспалдау арқылы қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайларды ақымақ кейіпкерлер, күлкіге қалдыратын кейбіреулердің әркеттері арқылы сынға алады. Мұндай сюжеттік желіге құрылған ертегілерді барлық халықтардың фольклорынан кездестіруге болады. Бұл жөнінде П.Т.Әуесбаева өз мақаласында «...Қай халықтың фольклорына ла енген мотивтер мен сюжеттер трансформацияға ұшырап, сол халықтың салт-дәстүріне бейімделеді. Ертегілер ауызша туылып, ауызша тарағандықтан әрбір ұлттың өзінің топырағында өзіндік ерекшелігімен дамып жетіледі. Туыстас емес халықтармен де ортақ мотивтердің көрініс табуы жалпы адамзат басынан өткерген тарихи-әлеуметтік дамудың әсері» деп көрсетеді [11, 173] .

Біз мақаламызда бірінші кезекте, этностың өмір сүруі мен дамуын, тұрмыстық факторлардың ойлау процесіне және ұлттық тілді қалыптастыруға тікелей қатыстылығына назар аудара отырып, ертегі дискурсын ерекше мәдени біркелкі қабат ретінде анықтауға болатындығына көз жеткіздік. Одан әрі қорытындылай айтар болсақ, ертегі дискурсы халықтың барлық деңгейдегі, яғни этикалық, әлеуметтік, мәдени түрде айқын белгіленген ұжымдық тілдік тұлға санасындағы күрделі лингвомәдениеттанымдық құбылыс деп атауға болады деп тұжырым жасаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пропп В.Я. Русская сказка (Собрание трудов В.Я. Проппа); научная редакция, комментарии Ю.С. Рассказова. М.: Лабиринт, 2000. С. 316.

2. Демина М.В. Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса:от традиции к современности// Вестник СамГУ. 2006. №10/2, С. 64

3. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дис. ... канд. филол. наук. Волгоград, 2005. С. 31.

4. Шустов, М.П. Всякая ли современная сказка то, за что себя выдает? / М.П. Шустов // Литература в школе. – 2006. – № 3. – С. 23-24.

5. Овчинникова, Л.В. Духовно-нравственный и социально-политический смысл литературной сказки / Л.В. Овчинникова // Сказка как предмет исследования: межвуз. сб. науч. статей. – Южно-Сахалинск, 1999. – С. 22-34.

6. Батуева К.Т., Ульянова И.Г. Лексические особенности сказочного дискурса //Вестник Пятигорского государственного университета. 2011. № 4. С. 191.

7. Демина М.В. Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса:от традиции к современности// Вестник СамГУ. 2006. №10/2, С.50

8. Плахова О.А. К вопросу о взаимодействии дискурса и жанра (на примере сказочного дискурса). Вектор науки ТГУ. 2015. № 3-2 (33-2) Тольяттинский государственный университет, Тольятти (Россия)

9. Соборная И. С. Теоретико-методологическая основа исследования. сказочного дискурса//Электронный научный журнал «apriori. серия: гуманитарные науки»\т2017 № 5 С.39

10. Бизунова Е. Ф. Сказочный дискурс как отражение менталитета народа. (на примере белорусской и немецкой сказок) Вестник «Витебский государственный университет имени П. М. Машерова, Витебск 2017.

11. Әуесбаева П.Т. Ертегілік сюжеттер мен мотивтер жөнінде//Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары Алматы, 2015-173 с.

Қайыр Ж.Ұ.
Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушысы

Ізім Т.О.
ҚазССР-нің еңбек сіңірген артисі,
өнертану кандидаты, профессоры

ХАЛЫҚ БИІНІҢ ДӘУРЕН ӘБІРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРНЫ

Түйін: Мақалада ҚазССР-нің Халық артисі, қазақ биінің атасы аталынып кеткен, Қазақтан шыққан бірінші кәсіби балетмейстер Д. Әбіровтің халық биін дамытуда атқарған жұмыстары қарастырылған.

Түйін сөздер: балетмейстер, композиция, хореография, театр, спектакль, ансамбль, артист, хореограф, балет.


Резюме: В данной статье рассматривается творческий путь первого профессионального балетмейстера, Народного артиста КазССР Д. Абирова. Роль народного танца в творчестве балетмейстера.

Ключевые слова: балетмейстер, композиция, хореография, театр, спектакль, ансамбль, артист, хореограф, балет.

Summary: This article discusses about a creative journey of the first professional ballet master, People's Artiste of the Kazakh SSR D.Abirov. The role of folk dance in the work of the choreographer.

Key words: choreographer, composition, choreography, theater, performance, ensemble, artist, choreographer, ballet.

Белгілі балетмейстер Дәурен Тастанбекұлы Әбіров қазақ ұлтынан шыққан алғашқы кәсіби балетмейстер ретінде танылған тұлға. Д. Әбіров жөнінде «Балет» атты энциклопедияда кеңес артисі, балетмейстер (советский артист, балетмейстер. Заслуженный деятель искусств Казахской ССР) деп көрсетілген [1, 9б.]. Оның алғашқы қойған М.И. Чулакидің «Юность» балетінен бастау алған шығармашыл жолы сәтті болды. "Старик Хаттабыч", "Қамбар-Назым", "Аққанат", "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" балеттерін Абай атындағы опера және балет театрының сахнасына шығарды. Осы театрда "Эсмеральда", "Шуралe", "Раймонда", "Доктор Айболит", "Легенда о любви", "Берег счастья" т.б. орыс, кеңес балеттерін сахналаған белгілі хореограф.



Қазақстан хореография өнерінің өсіп өркендеуінде үлкен үлес қосқан хореограф тек классикалық би бағытында ғана жұмыс атқарған жоқ. Білікті маман XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап талмай іздену арқылы халық биінің сахналық үлгісінің де дамуында үлкен еңбек атқарды.

Д. Әбіров ұлттық опералардағы халық билерін қайтадан кең түрде үлкен суретші ретінде қарастырды. Халық билерін жақсы білген балетмейстер оның конодық диапозонын кеңейтіп, образ ашуда жаңа қимылдар арқылы бейнелік құралдармен байытты. "Қыз Жібек", "Ыстық көл", "Біржан-Сара", "Жалбыр" операларында халықтық би қимылдары мен классикалық би тәсілдерін үйлесімді пайдаланып, сәтті қойылымдарды іске асырды.

Қазақстан хореография өнерін зерттеуші Г. Жұмасейітова: "Балет спектаклінің либреттосын жазғанда би арқылы іске асатын сюжеті, драматургиялық әрекеті болуы керектігі есте ұсталуы міндетті", - деп көрсетті [2, 49б.]. Осы ғалымның ойының дәлелі ретінде бір мысал келтіре кетсек, 1972 жылы Торғай облысының орталығы болған Арқалық қаласындағы облыстық музыкалық драма театрында қойылған "Айман-Шолпан" спектаклімен ашқаны белгілі. Міне осы спекткльдің билерін Д. Әбіров қойды.

Спектакльдің шымылдығы прологпен ашылатын. Осы прологта иен далада ойнап жүрген екі қоян мен бүркіттің биі биленетін. Екі қоян – Маманбайдың екі қызы мен бүркіт – Көтібардың мінез-құлқын ашатындай әсер қалдыратын. Бүркіттің тырнағына ілігуден қорыққан екі қоян бұта түбіне, сай-салаға тығылып зыр қағады. Қанша тырысқанымен айбынды бүркіт ешқайсысын да ала алмайды.

Пьесаның мазмұнында да ақылды екі қыз аңғал батыр Көтібардың шеңгелінен сытылып шығатыны белгілі.

Сонымен қатар Қазақстанның әр облыстарында кәсіби және көркемшығармашылық би ұжымдарын құрып, олардың табысты еңбек етуіне де өз үлесін қосқан балетмейстер («Сыр сұлуы» Қызылорда облысы, «Қаламқас» Семей облысы, «Алтынай» Алматы облысы т.б.). Қазақ би өнерінің өркендеуіне аянбай еңбек еткен Д.Әбіров филармония артистері мен ансамбльдеріне де билер қойып артында мол мұра қалдырды. Оның «Алтынай» мемлекеттік би ансамбліне қойған "Ұтыс би", "Қоштасу", "Балбырауын", "Алтынай" сияқты билері өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген композициялар ретінде ел мұрасына айналып, алтын қорға енді.

Халық биінің көшпелі халық өмірі мен тұрмысының, дала өлкесінің табиғи жағдайының өзіне тән қасиетін тереңнен білетін хореограф салт-дәстүр тақырыбында қойған билері халық биінің қорын толтырды. Балетмейстер билері халықтың тұрмыс болмысын, өнер сүйгіштігін жан-жақты ашып көрсете алды.

И. Моисеев би ансамблі туралы: "Біздің міндет халық арасында сақталған қарапайым билерді композициялық тұрғыдан жетілдіріп, би өрнектерінде кейбір қимылдарды күрделендіре түсу",– деген болатын [3, 37б.]. Осы ойдың дәлеліндей болған Д. Әбіров еңбектері Қазақстанның алғашқы кәсіби "Алтынай" би ансамблінің репертуарын толықтырды.

Ол өз қойылымдарын іске асыруда, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан көненің көзіндей болған азды-көпті қимылдарды жетілдіре отырып, уақыт талабына сай сахналау жолымен бастады. Фольклорлық мәліметтерге сүйене отырып, оны қайта өңдеп, ой елегінен өткізіп халықтық-сахналық билерде көркем образдар жасады.

Балетмейстердің Құрманғазының "Қызыл қайың" күйіне қойған "Қоштасу" биінің орны ерекше бөлек. Бидің негізгі сюжеті ұлттық салтқа құрылған. Тұнық лиризммен өрілген күй арқауындағы әр бір ойы философиялық тұжырымға негізделген. Мәнерлі, қоңыр үнді, биязы күй тыңдаушысының жан дүниесін баурап алып, терең де, тылсым дүние төріне жетелей жөнелгендей. Күй әуенінде қыздың биязы, сыпайы мінезі, жүріс-тұрысы, көңіл күйі бейнеленгендей. Сондықтан да, күй басынан аяғына дейін бір екпінде жүреді.

Қазақта қызды күйеуге ұзату ерекше қадірленетін салттың бір түрі. Қыз балаға құда түсуден бастау алатын бұл салт, қыздың қоштасуымен аяқталады. Қыз ата-анасымен, бауырымен, ағаженгесімен, ел-жұртымен қоштасады. Қыз еліне қадірлі, жұртына сыйлы болса, оны ауылдың кәрі-жасы қалмай көш жерге дейін шығарып салады. Қашанда оң босағада отырып, қонақ болып емін-еркін, еркелеп өскен қыз елімен, жақын құрбыларымен соңғы рет қоштасып билеп жүр. Әдемі сазды әуен қыздың көңіл-күйін шынайы ашып тұр. Қимас құрбыларын құшағына алып, еліне иіліп сәлем жолдай қоштасып тұрған қыз бейнесі. Бидегі нәзіктік пен қыз сұлулығы, майыса иілген дене, алуан түрлі қол қимылдары арқылы суреттеледі. "Қоштасу" биіндегі қалыңдықтың алғашқы орындаушысы, «Алтынай» ансамблінің бишісі Фарида Әлиева. Жас биші үшін 3-4 минутта күрделі образ жасау үлкен сын болатын. Алғашында тек қимыл тазалығына ғана көңіл бөлетін биші күнбе-күнгі дайындықтың, көрермен алдына жиі шыққанның арқасында кәдімгідей ысылып, есте қаларлықтай көркем образға қол жеткізді. Бишінің табиғи сымбаттылығы мен сұлулығы да осы образға сай келіп тұрғандай еді. Балетмейстердің табиғатынан нәзік осы бишіні таңдауы би желісін әрлендіре түсті.

"Балбырауын" Д. Әбіровтің жігіттерге арнап қойған нағыз сахналық үлгідегі ұлттық биі. Бишілерден жоғары деңгейдегі дайындықты талап ететін бұл би ансамбль репертуарындағы үздік билер санатына жатады. Құрманғазының "Балбырауын" күйіне қойылған би техникалық және динамикалық жағынан теңдесі жоқ билердің бірі деуге болады. Күйдің техникалық дамуы, динамикасы және әдемі иірімдері би қоюшының қиялын арттырғаны сөзсіз. Басынан аяғына дейін екпінді, тез ойналатын осы күйге қойылған би қимылдары да шапшаң орындалады. Жоғары секіре орындалатын "sissonne" қимылының халықтың "шабыс" қимылына әдемі ауысатын сәттері, не болмаса алға "tire-bochon" кейпінде тез айналу арқылы бірнеше рет қайталай орындап, бір қалыпта қалуы әсем үйлесім тапқан.

Белгілі композитор, ғалым А. Жұбанов: "Балбырауын" күйінің ырғағында, жалпы музыкалық кейпінде ойын-сауықтың, бидің элементтері бар" дей келіп ойын былай жалғастырған: "….лаулаған жалындай екпінінің өзі уайым-қайғыға, заманның ауыр азабына беріле қоймайтын жас жандардың сауық-сайрандарын, у-шуларын көрсеткендей" [4, 43б.]. Д. Әбіровтің бұл қойылымы осындай жастық жалынға толы би болып шықты. Осы орайда өнертану ғылымының докторы В.Ванславтың: "Дене пластикасына

музыка көмекке келмесе бидің тууы мүмкін болмаған болар еді. Ол бидің айқындығын күшейтіп әсерлі ырғақтық негізін құрайды",– дегенін айта кеткен жөн [5, 5б.]. Классикалық би қимылдарын халықтық қимыл-қозғалысқа айналдыру Д.Әбіров шығармашылығына тән. Жігіттердің осы биінде, орындаушыдан жоғарғы деңгейдегі техникалық дайындықты талап ететін классикалық үлгідегі қимылдарды орынды пайдаланылғаны көрініп тұр. "Pas echappe", "pas assemble", "pas de basque", " jete entrelace" тағы басқа жоғары секіру қимылдары, қос қолды қазақ биі қалпында үйлестіру арқылы халықтық түр алған.

Ал, Темірбектің күйіне қойылған Д.Әбіровтің "Сылқыма" биі жігіттердің орындауында көрерменін ерекше күйге бөлейтін. Орташа жылдамдықта орындалатын бұл биде сылқым-сырбаз жігіттердің образы би тілімен шынайы берілген. Осы күй би тілінде ерекше ғажайып үнге бөленіп, айшықты ою-өрнегін тапқан. Оған Д.Әбіровтің халықтық көпшілік билерді қоюдағы шеберлігі негіз болды деуге болады. Бұл би мемлекеттік «Салтанат» би ансамблінің репертуарын ойып орын алған қойылымдардың біріне айналды.

Балетмейстердің халық композиторы Алтынайдың күйіне қойған техникалық жағынан өте күрделі билерінің бірі "Алтынай". Қыздардың топтық биі. Бұл күй Е.Брусиловскийдің өңдеуінде "Ер Тарғын" операсында пайдаланылған болатын. Оны алғаш осы операда А.Александров қойған. Д. Әбіров бұл биді жеке орындауда Қазақконцертте көп жылдар еңбек еткен ҚР еңбек сіңірген артисі Ғ.Тоқтарбаеваға қойған болатын, ал көпшілік би ретінде сахнадағы қозғалыс суреттемелері байи түсті әрі полифониялық түр алды. Тез жылдамдықта басталып, екінші бөлімінде керемет лерикалық әуен арқылы берілетін қазақ биінің ерекше пластикасымен өрілген ортадағы жеке орындаушыларды арттағы көпшілік сүйемелдеп тұрғандай әсер қалдырады.

Ал, "Ұтыс биі" жұптаса билейтін көпшілік биі. Би М. Төлебаевтың "Біржан Сара" операсында биленіп жүр. Жалпы "Ұтыс биі" – халық арасында көп тараған ежелгі билердің бірі. Ұтыс – жарыс деген сөзге саяды. Өнерпаздар ортаға кезек-кезек шығып өз өнерін сарапқа салатын. Олай болса, "Ұтыс биі" дене ептілігін көрсететін шымыр да сергек, неше түрлі тәсілде биленетін би болуы керек. Д. Әбіров биді қойғанда осындай тәсілді ұстанғандығын көрдік. Жігіттер екі топқа бөліне шығып, бір-бірін жарысқа шақыра билесе, қыздар жігіттерге болыса жұптарын жазбай билейді. Музыкалық шығарма үш бөлімнен тұрады. Осыған байланысты екпінді де жігерлі бірінші бөлімінде жігіттердің биі тез де ширақ жүреді. Ал, екінші бөлімінде қыздардың лирикалық биі әсем қол қимылдары мен дене қимылдарынан құрылған. Үшінші бөлімде қайталанатын бірінші бөлімдегі музыкаға барлығы қосылып жастық жігерге толы шаттық биін билейді. Балетмейстердің бұл биі ансамбльдер репертуарынан жарқырай көрінген шығармалардың бірі болды.

Осындай шығармалары арқылы Д. Әбіровтің қазақ биінің сахналық үлгісінің де кәсіби деңгейі жоғары болуына атсалысқандығына көз жеткіземіз. Ал халық шығармашылығы соның ішінде би мәдениеті Д. Әбіров үшін сарқылмас бұлақ көзі бола білді.

Д.Т. Әбіровтің балетмейстерлік, педагогикалық еңбектері Қазақстанда хореография өнерінің дамуына үлкен үлес қосты.

Сонау 1952 жылдан педагогикалық, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын қатар алып жүрген. Алматы хореография училищесіндегі, Құрманғазы атындағы консерваториядағы педагогикалық еңбегі академиялық мектебімен, авторлық әдістемесімен, темпераментімен ерекшеленді.

Д.Т.Әбіров Ұлттық хореография жөніндегі еңбектердің авторы. Оның

Ә. Ысмайловпен бірге жазған «Казахские народные танцы» және өзінің «История казахского танца» атты еңбектері оқушылардың, студенттер мен оқытушылардың оқып білім алуда үлкен көмекші құралына айналып отыр.

Бірінші еңбегі сонау 1961 жылы жарық көріп, екінші рет 1982 жылы қайта басылып шықты. Осы кітапта алғаш рет ерлерге арналған «Құсбегі-дауылпаз», «Қаражорға», «Тепеңкөк» т.б билер толық жазылып қалдырылған. Ал екінші бөлімі қыздардың «Айжан қыз», «Былқылдақ», «Қаз қатар» сияқты билерінің әр қимылы жазылып, барлық билердің суреттемесі мен нотасы бірге берілген.

Ал, «История казахского танца» еңбегінің бірінші бөлімінде халық биінің пайда болуы мен оның алғаш сахналық түр алуын ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеп келесі ұрпаққа жеткізген.

Екінші бөлімі қазақ биін оқытуға арналған. Барлық қол, аяқ, дене қимылдары мен қатар жігіттердің әр түрлі секірістері мен техникалық күрделі сахналық қимылдарының орындалу әдістері көрсетілген. Бұл еңбегі білім беру процесінде өте құнды оқулық ретінде қолданғысқа еніп отыр.

Өзінің шығармашылық еңбегінің арқасында қазақ биін оқып-үйренуде авторлық әдістемелері мамандардың арасында «Әбіров мектебі», «Әбіров әдістемесі» деген ұғымдарды қалыптастырды. Оның әдістемелік оқу бағдарламасы нақты мазмұнымен, жігіттер биін орындауда ержүректілігімен, әсем де сәнділігімен ерекшеленген болса, қыздарға лирикалық назды қимылдар тән.

Сонымен қатар республикада хореографиялық жоғары білім беруде алғашқылардың бірі болып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында хореография бөлімін ашты. Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында "Қазақ биі" пәнінен дәріс беріп, өмірінің ақырғы сәтіне дейін шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз атанды.

Д.Т.Әбіровтің балетмейстерлік, педагогикалық мұраларын оның оқушылары мен мамандар көзінің қарашығындай сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыр.

Балет театр сыншысы Н.Эльяш: "Би тілін қалыптастыру, ұзақ та күрделі процесс, ол көптеген суреткерлердің ізденістерінің жемісі", – деген болатын [5,5б.]. Осы ойдың дәлелі, қазақстанда кәсіби би өнерінің дамуында үлкен роль атқарған, халық биінің дамып, жетілуіне өлшеусіз үлес қосқан Дәурен Тастанбекұлы Әбіров болды.

Бар ғұмырын би өнеріне арнаған ағамыз 95 жасқа толып отыр. Хореография өнері саласында жүрген бишілер, хореографтар мен жоғары оқу орындарында ағамыздың туған күні аталынып жатыр. Дегенмен, жоғары жақтағы басшылар осындай өнер адамдарын ескерусіз қалдыратыны бізді қынжылтатыны рас.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балет: энциклопедия. /Гл.ред. Григорович Ю.Н.. – М.: Советская энциклопедия, 1981. – 623 с. с илл.
2. Жумасеитова Г. Страницы Казахского балета. – Астана: Елорда, 2001.-144 с.
3. Луцкая Е. Жизнь в танце. – Москва: Искусство, 1968 – 130 с.
4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы, 1975, 400 б.
5. Музыка и хореография современного балета. Ленинград,1977, 239 с.

ҒТАМР 82.02

Кенжебаева А.Ә.
Шығыстану факультетінің доценті, филол.ғ.к., доцент
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті
Алматы, Қазақстан
E-mail: china.aida@mail.ru

ӘЙЕЛДЕР ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ГЕНДЕРЛІК БЕЙНЕСІ (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Түйін: Берілген мақалада қытай және қазақ әйел жазушыларының прозасындағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен жан-дүниесіне психологиялық талдау жасау арқылы гендерлік қақтығыстардың көркемдік жаңғыру ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Автор әйелдер прозасының өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін аша отырып оның әдеби сахнада алатын салмақты орны туралы сөз қозғайды. Мұнда ғаламның гендерлік картинасының өзіне формасы, көркем-бейнелеу тәсілдері сөз болады.

Мақалада сонымен қатар қазіргі таңдағы қазақ және қытай жазушыларының туындыларындағы әйел проблемасына, адамдар қатынасындағы жатсыну, жатбауырлану, қатігездік феномендеріне ерекше назар аударылғаны туралы сөз болады. Көркем шығармаларда қарабайыр өмірден тазару, әлемді өзі арқылы тану арқылы авторлардың өмірдің жаңа мәніне көз жеткізу, жаңару, тазарудың мәнін, гендерлік қақтығыстар табиғатын терең түсінуге деген ұмтылыстары жан-жақты талқыға түседі.

Мақалада сондай-ақ гендерлік аспекті аясындағы әйелдер прозасының типологиясы әрі қарайғы жүйелеу мен талдау жасаудың өзектілігі баяндалады. Гендерлік поэтика және шығармашылық типологиясының өзара тәуелділігін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Сондықтан көркем әдебиеттегі авторлардың гендерлік сәйкестілігі психологиялық диагностика арқылы кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайтыны сараланған. Әйелдер шығармашылығның типологиясын ашып көрсетудің кез-келген жолдары мен тәсілдері әйелдер прозасының болмысына тереңінен бойлап, табиғатын жан-жақты ашуға зор мүмкіндіктер бере алатындығы талданады.

Түйін сөздер: гендерлік қақтығыс, әйелдер прозасы, әйел тематикасы, гендерлік интерпретация, гендерлік аспект, гендерлік поэтика.

Резюме: В данной статье дается сравнительный анализ творчества китайских и казахских писательниц, в качестве предмета анализа рассматриваются способы и средства выражения гендерных конфликтов, характеристика гендерной поэтики. Цель статьи состоит в выявлении особенностей гендерной картины мира, специфики художественного феномена в современной китайской и казахской «женской прозе» на примере творчеств китайских и казахских писательниц.

Феномен современной женской прозы в наше время активно обсуждается в мировом литературном пространстве. Обсуждается ее отличие от традиционной, «мужской» литературы и сам факт её существования. Формирование такого феномена культуры как женская проза происходило за последние четверть века благодаря тому, что произведения женщин выступали и выступают своеобразным отражением культуры, через которое предстает перед читателем то, что женщина-автор воспринимает и репрезентует.

Изучение возникновения и развития женской прозы в конце XX в. как феномена культуры на двух уровнях позволит рассмотреть женскую литературу как культурное явление, функционирующее внутри культурной системы эпохи, следующее традициям и задающее дальнейшие тенденции развития культуры. Здесь женская проза рассматривается на примере творчества женщин в литературоведческом контексте, рассмотрен феномен языковой личности, являющийся перспективным направлением для изучения не только в области литературоведения, языкознания, но и других науках.

Ключевые слова: гендерный конфликт, женская проза, женская тематика, гендерная интерпретация, гендерный аспект, гендерная поэтика

Summary: This article provides a comparative analysis of the creativity of Chinese and Kazakh female writers, as the subject of analysis the ways and the means of expressing gender conflicts and characteristic of gender poetics are examined. The purpose of the article is to identify the features of the gender picture of the world, the specifics of the artistic phenomenon in contemporary Chinese and Kazakh "female prose" on the example of the works of Chinese and Kazakh female writers. Presently, the phenomenon of modern women's prose and the difference from traditional "male" literature and the fact of its existence is being actively discussed in the world of literary space. The formation of such a phenomenon of culture as female prose has taken place in the last quarter of a century due to the fact that the works of women have acted and are a kind of reflection of culture, through which appears what the female author perceives and represents before the readers.

The study of the emergence and development of female prose in the late twentieth century, as a phenomenon of culture at two levels allows to consider women's literature as a cultural phenomenon that functions within the cultural system of the epoch, following traditions and setting further trends in the development of culture. Here a female prose is considered on the example of creativity of women in a literary context, the phenomenon of the language personality is considered which is the perspective direction for studying not only the field of literary criticism, linguistics but also other sciences.

Keywords: gender conflict, female prose, female topics, gender interpretation, gender aspect, gender poetics.

Әйелдер шығармашылығын гендерлік аспектіде талдап қарастыру – жазушы әйелдердің туындыларының гендерлік идентификациясы мәселесімен қатар, олардың туындыларының типологиясының гендерлік өзгешелігі мен поэтикасына жете үңіліге мүмкіндік береді. Қытай және қазақ әйел қаламгерлерінің гендерлік өзгешелігі олардың шығармашылық даралығының ерекшеліктерімен сабақтасып жатыр. Мәселен, Ш.Құмарова мен Чжаң Каңкаң прозасында өмірді әлемдік процесс ретінде қарастырған метафизикалық сарынды аңғаруға болады, нәтижесінде жыныстар арасындағы поляризацияның тігісін жатқызып, өткір тұстарын туралайды. (Бұл әсіресе Ш.Құмарованың «Әйел шырағы» және Чжаң Каңкаңның «Есепшіл әйел» туындыларынан байқалады). Әлемді терең үңіліп түсінуге деген ұмылыстар оның щынайы бейнесін тұмшалайды, бұл туындыларда қыстырма конструкциялар көмегімен берілген. Қытай жазушысы Лин Бай мен қазақ жазушысы Г. Шойбекова туындыларындағы әлем көрінісі оның икемді, қолжетімді қарапайым формалар арқылы танылуына мүмкіндік береді. Оқырман көп ретте сол оқиғаларға бел шешіп қатысушы боп кетеді. Алайда аталған авторлар шығармаларындағы эстетикалық және этикалық мәселелер түйінінің шешілуі гендер аясының шегінен тыс қалмайды.Әйел прозасындағы кейіпкер оппозициясы жазушының бүтін көркемдік үлесін айқындайды. Әйел тағдырларының көркемдік трактовкасы Уаң Аньи, Чжаң Айлин, Тие Ниң, Чи Ли, Ш.Құмарова, Ш.Бейсенова, Г.Шойбекова, З.Жұмабаева, Л.Қоныс шығармаларында айқын түрде сипатталады. «Отбасы, жаңұя идеясы» көптеген әйел қаламгерлер творчествосына тән құбылыс. Мәселен, Чжаң Жиенің «Қайық», Чжаң Каңкаңның «Есепшіл әйел», Лин Байдың «Тал ағашы», Ш.Құмарованың «Киік оты», Л.Қоныстың «Сізге ғашық қыз», Р.Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне»туындыларында бұл идея кейіпкерлердің жалғызбастылығы, перзентсіз күй кешуі, бұл фәниде жар сүю бақытынан айырылған күйге түсуімен аяқталады. Алайда жалғыздық Чжаң Каңкаң, Чжаң Айлин, Лин Бай, Цан Сюе, Ш.Құмарова, А. Кемелбаева, Л.Қоныс, К.Құдабаева шығармаларындағы әйелдер үшін қасірет боп саналмайды, олардың кейіпкерлері өз әлемінде – өткен күндер естелігімен күн кешуде, онда қаһармандар жас әрі бақытты еді. Олардың шығармаларын арқылы этикалық императивтен бас тарту, кейіпкерлерге толық іс-әрекет еркіндігін беру деген секілді ұмтылыстарды аңғаруға болады. Бұл – әлемге әйел көзімен қарау. Гендерлік поэтика аймағында кейіпкерлердің іс-әрекеті мен жан-дүниесіне психологиялық талдау жасау әдістерінен тыс тағы бір қырына көз жеткізуге болады, ол – гендерлік қақтығыстардың көркемдік жаңғыру ерекшеліктері. Г. Шойбекованың «Қалампыр иісі», А. Кемелбаеваның, М. Омарованың «Жұмбақ», Л.Қоныстың «Айгүл», Чжаң Каңкаңның «Махаббат галереясы», Лин Байдың, «Оқ тескен алма», Уаң Аньидің «Шаштаразда», Цан Сюенің «Жабайы алқап» атты шығармаларының талдауы және интерпретациясы біз әйел прозасындағы гендерлік қақтығыстар типтері кейіпкерлердің арман-мүдделерінің, ұмтылыстарының шынайы өмір, ақиқатпен абсолютті түрдегі сәйкессіздігі мен қарама-қайшылығы арқылы репрезентацияланған.Мәселен Жоурдың (Чжаң Каңкаң «Есепшіл әйел») романтикалық махаббаты мен құмарлығы туралы арманын суреттей келе автор оның әлжуаз нақсүйерін бейнелейді. Ш.Құмарованың «Киік оты» повесіндегі Әсем, «Буыршын мұзға тайған күн» повесіндегі Алуа, «Оркестрге әнші керек» туындысындағы Күндіқыз, «Әйелдер патшалығындағы» Ұлданайды, «Әйел шырағындағы» Перизат пен Ақтеңгені, «Сәуірдің ақ таңындағы» Кермеқас, Чжан Жиенің «Қайықтағы» Чжун Юйі, Ш.Бейсенованың «Зағипасындағы» Зағипа, «Сүзгенің соңғы күндеріндегі» Сүзге, Лира Қоныстың «Айгүліндегі» Айгүлдердің арқа сүйеген адамдары махаббат құндылығын танудан гөрі көңілін тескен пайдаға ден қояды. Олардың сомдаған кейіпкерлері көбінесе дене бітімі кеміс немесе аурушаң, әлжуаз, жан дүниесі күйзелістегі жандар. Жазушылар дәп осы кейіпкерлер арқылы әлемнің кемшін жақтары мен көлеңкелі тұстарына назар адаруға ұмтылады. Чжаң Цзиенің «Зүбаржат» шығармасындағы Цын Лир, Тие Ниңнің «Бойжеткен Хуаңмидің хикаясындағы» Хуаңми, Ваң Анидің «Ағатай» (《叔叔的故事》) шығармаларындағы кейіпкерлер де де осы проблеманы шеше алмай дал болады. Әйелдер прозасында қарастырылған гендерлік қақтығыстар түрлері орамды бейне-

лер мінезімен де айырықшаланады. Олар сөздік- суреттемелі қатарлар – мағыналы оппозиция арқылы («Ең сұлу қыз» Ш.Құмарова, («Жұмақтағы тілдесу» Цан Сюе, «Зүбаржат» Чжан Жие, Лира Қоныстың *«Сізге ғашық қыз»)* және түрлі әрекет барысында қақтығыстар туғызушы сөздік-жағдаяттық қатарлар арқылы көрсетілген (Чжаң Айлиннің «Ақ раушан гүлі және қызыл раушан гүлі», Шойбекова Гүлзаттың «Тіршілікке қарсы тіршілік», «Ай сәулесі мен көлеңкесі», «Тірі өлік», Лин Байдың «Оқ тескен алма»). Қаламгер арулар өздерінің әйел-ана, отбасының ұйтқысы, сүйген адамының серігі ретіндегі мәдени-әлеуметтік функциясын терең түсіне отырып, аталған процестердің оқырман алдында тек көркем сөз ретіндегі алуан түрлі қақтығыстар торабының жалаң бейнесін жайып көрсетуімен шектелмейтінін ұғынды, ендігі жерде олардың нағыз міндеті – адами қасиеттерді сақтай отырып осы тығырықтардын шығу жолын нұсқау болды. Нәтижесінде XX – XXI ғ.ғ. тоғысында әйелдер прозасында суреттелген жеке өмір фактілері терең мәнге ие бола бастады. Әсіресе ең алдымен қаладағы пәтерлерде шиыршық атқан сюжетті перипетиялар тарихи оқиғаларға теңдесе бастады. Чжаң Каңкаңның «Махаббат галереясы», Лин байдың «Оқ теске алмасы», Лира Қоныстың «Сізге ғашық қыз», Чжаң Жиенің «Махаббат ұмыт қалмайды», Аягүл Мантаеваның «Депрессия», Уаң Анидің «Жаңбыр астында», Цан Сюенің «Өгіз» сынды туындыларындағы гендерлік картинаның психологиялық, тілдік тәжірбие сондай-ақ көркемдік кеңістік дәрежесінде жүзеге асып отырған өзіндік қырлары ашылады. Уақыт сызбалары мен әрекеттері аталған шығармалардан айқын көрінеді. Лира Қоныс пен Чжаң Каңкаң шығармаларында интерьердің көрнекті өзгерістері арқылы көрініс табады. Гендерлік әдебиеттанудың діттеген екі мақсаты бар: мұнда тек әдебиеттанушы ғана әйел шығармашылығының өзгешелігі тұрғысынан интерпретация жасауы тиіс емес, сонымен бірге сөз зергерлері де саналы түрде өз шығармаларының әйелге тән бояуы мен өрнегін айшықтап, өздеріне ғана тән көркемдік әдіс-тәсілдерді іздеп табуы керек. Әйелдер прозасының гендерлік интерпретациясы дәстүрлі еркек көзқарасы тұрғысынан әйелдер творчествосына талдау жасаудан бас тартуға негіз бола алатын жаңаша идеялық – эстетикалық координаттар жүйесін түзе алады. Аталған қазақ және қытай жазушыларының туындыларында адамдар қатынасындағы жатсыну, жатбауырлану, қатігездік феномендеріне ерекше назар аударылған. Сонымен қатар мұнда қарабайыр өмірден тазару, әлемді өзі арқылы тану арқылы авторлар өмірдің жаңа мәніне көз жеткізу, жаңару, тазарудың мәнін терең түсіну мүмкіндіктеріне қол жеткізеді. Әрине гендерлік аспекті аясындағы әйелдер прозасының типологиясы әрі қарайғы жүйелеу мен талдау жасауды қажет етеді. Сондай-ақ гендерлік поэтика және шығармашылық типологиясының өзара тәуелділігін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Сондықтан көркем әдебиеттегі авторлардың гендерлік сәйкестілігі психологиялық диагностика арқылы кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайды. Әйелдер шығармашылығның типологиясын ашып көрсетудің кез-келген жолдары мен тәсілдері әйелдер прозасының болмысына тереңінен бойлап, табиғатын жан-жақты ашуға зор мүмкіндікер береді. Бұл қазіргі заман әдебиетінің алдында тұрған өзекті мәселелерінің бірі боп табылады.

Әйелдер прозасының ерекшелігін зерттеу шарттары әбден пісіп жетілген заманда бұл әдеби процестер арнасында зерттеу жұмыстары әйелдер шығармашылығының әрі қарай құлаш жаюына, дамып өркендеуіне септігін тигізеді. Бұл туралы И. Жеребкина: «До завершающего этапа – общегуманистической литературы, которая объединит мужское и женское видение мира, еще далеко. По-моему, потребность в женском взгляде будет ощущаться еще не одно десятилетие, потому что очень долго женщина молчала. Есть еще очень много областей, которые женщина-писатель не освоила именно с точки зрения своего женского видения. То, что мы имеем сегодня, это какие-то элементы того, к чему надо стремиться. И в литературе XXI века женщины еще заговорят о чем-то таком, что пока даже не присутствует в современной литературе. Поэтому давайте будем особенно внимательны к тому, что пишут женщины, давайте будем вглядываться и вчитываться в их тексты, извлекая из них те моменты, которые, может быть, поверхностному взгляду не доступны. Там обязательно будут содержаться какие-то серьезные открытия» - деп атап өтеді (Жеребкина И. 2002, 124).

Әйелдер прозасында ата-ананың бүтіндей жағымды бейнесі болмайды. Мәселен мұндай құбылыс А. Мантаеваның кейіпкерлерінің сөзімен айтсақ: «Балаға ең алғашқы әділетсіздік ата-анасы тарапынан жасалады», деп айтқан бойжеткеннің сөзі арқылы суреттеген А.Мантаеваның «Жалғыздық биі», Ал А. Жұбаныштың «Гиппократ анты үшін» атты туындысында бала кезінен –ақ «Көшеден шылым, шөлмек қалдығын тергізген» әкесі мен Гүлім арасындағы конфликт шынайы суреттеледі: «Жұрт аузынан қалған шылым теру қыз бала үшін қандай ауыр екенін білесің бе ?» - деп налиды бойжеткен, «Меннен гөрі шөлмекті жақсы көретін әкем:«Сен қыз ешқашан адам болмайсың! Сен біздің тұқым

санатында жоқсың!, -деп қағаздай аппақ санама қара бояумен өшпенділіктің суретін сызатын»-, деп суреттейді қаламгер. Қытай жазушыларының шығармаларында да мұндай көріністер аз емес, мәселен Чын Жанның «Жеке өмір» (私人生活) атты повесінде қатыгез әке бейнесі бүлдіршін Аоао көзімен былайша суреттеледі: «Әкемнің қатігездігі, өктемдігі мен толыққанды билігі анама, әжеме және балауса кездегі мен үшін автоматты түрде танылған билік болатын, біздің әлсіздігіміз бен бағынышты күйіміз оған керісінше күш қуат беріп, біз неғұрлым тізе бүгіп бағынышты болған сайын, ол соғұрлым әлімжеттік жасап, есіріп кететін» (陈染 «私人生活» 2012, 87). Мұндай құбылыстар қытай жазушылары Чжаң Айлиннің «Жүрек сутрасы» (心经), Уаң Сяохуңның «Сағыныш», Чжоу Цзяниңнің «Жайрап түскен жайдары жазындағы» (夏天在倒塌) перзент пен ата-анасы арасындағы салқындық, әсіресе жазушының «Сяо Лүйдің өліміндегі» Сяо Лүйді «кебеже түбін кемірген тышқан» деп айдар тағып, қорлап ақыры өлімге итермелеген безбүйрек ана образы нанымды суретеледі. Г.Шойбекованың «Өмір суру ережесіндегі» кейіпкер қыздың өмірден түілуін анасмен арасындағы конфликтінің өрістеуінен деп түсінуге болады.Чжоу Цзяниңнің «Күйреу алдындағы жайдары жаз» (夏天在倒塌) туындыларындағы ана мен қыз арасындағы қайгездік пен қаталдық, түсінбестік, қақтығыстар шынайы суреттеледі. Чжан Юежанның «Сяожанындағы» Сяожан бойжеткен анасын тіптен ана деп атауға қимай «анау әйел» деп атауы да денені түршіктіретіндей суық естіледі.

Гендерлік қақтығыс – ең алдымен психологиялық қақтығыс болып табылады. Бұл туралы әдебиеттанушы Д.В.Рыкова: «впоследствии понимаешь, конечно, что не только и не столько от голода и недостатка денег мучаются люди. Чаще всего – от холода душевного, холодности других по отношению к ним, мороза чувств, льда речей. Допустим, муж не понимает жену и ей изменяет, но жену по-настоящему истязает его неумение услышать и понять»,-деп атап көрсетеді (Рыкова Д.В., 2004, с. 179-180)

Біздің пікірімізше, қазіргі таңдағы жазушы аруларымыз көнеден тамыр тартып тұрақталып қалған әлемге ізгілік дәнін сепкен мейірімді ана стереотипін қайтадан сүзгіден өткізіп, мейірімділіктен қол үзген қатігез әйелдің жаңа канонын қалыптастыруға ұмтылғандай. Ана бейнесімен бірнеше мотивтер астасып жатыр: біріншіден, ана мен перзенті арасындағы түсінбеушілік және олардың қарамқатынасындағы ымыраға келуге деген құлшыныс, (А. Мантаева «Депрессиядағы » Айкөркем мен анасы арасындағы, қақтығыс, Жаң Юежанның «Бүрге балықты паналаған нәркес гүлі» (水仙已乘鲤鱼去) шығармасындағы сұлулығының жылдар өтіп жүзінен тайып бара жатқан себебін бүлдіршін қызынан көріп, перзентін тіптен түрмеге дейін жауып тынған қатігез ана, Жоу Цзяниңнің» Сяолюйдің өліміндегі» (小绿之死) бүлдіршін қызын «кебеже түбіндегі тышқандай» көрген тасбауыр ана бейнесі көрініс береді, нәтижесінле бейкүнә қыздың анасына деген жеккөрініші күн санап өсіп, өмірден түңіледі, ақыр соңында блдіршін қыз қаршынынан қиылады. Ал Чжаң Айлиннің «Алтын құрсауындағы» (金锁记) Цинсуо,Чэн Жанның «Басқа бір құлағыммен тың тыңдадым» (另一只耳朵的敲击声)шығармасындағы «қатігез ана» бейнелері тізіле береді. М.Омарова(«Ана ғұмыр»); екіншіден, жанұядағы ұлды нағыз еркек ретінде тәрбиелеу мотиві (Д. Мамырбаева «Индиго», Чжаң Айлин «Мини», М.Омарова « Коньяк қослған кофе») ана өлімі мотиві, (Д. Мамырбаеваның «Өлгендер оралмайды» туындысындағы шешесінен айрылған Айнаш қыздың қасіреті, Су Дының «Анан» шығармасындағы туа сала шешесінен айрылған Анан қыздың трагедиясы, М.Омарованың «Толғақ»), Лира Қоныстың «Сәкө, су және Андерсеннің ертегісі» бөлімінде Айсәуле атты бойжеткеннің мектеп бітірген соң ауылда трактор айдауға қалғанын, оның сүйген жары бір кездері суға батып өлген жігіт боп шығып, ақыр соңында жазылмас дертке шалдығуын автор әңгімеге арқау еткен. Мүндай сарын қытай жазушысы Су Дының «Анан» туындысында анасынан айрылған Анан қыздың әжесінің тәрбиесінде өскені, көп кешікпей әжесі бақилық болған кездегі кішкене қыздың қорқыныш-қайғысы оқырманды бежай қалдыра алмайды.

Әйел көркем шығармаларында орталық орындағы тағы бір құбылыс – анасының өлімімен бірге келген қыздың бостандығы ана өлімі мотиві (沈银 1995, 62) Қыз тағдырына анасының ерте өлімі немесе ананың перзент өміріне ұзақ уақыттар бойы араласуы үлкен ықпалын тигізеді. (Чжаң Айлиннің «Алтын құрау», Уаң Аньидің «Мини», Д. Мамырбаеваның «Өлгендер оралмайды »), немесе анасының перзент өмірінің ұсақ-түйегіне дейін араласып, бақылау жүргізіп, бұйыра сөйлеген шешелер (Чжаң Айлин «Алтын құрсау», Сяо Хуң «Өмір мен өлім алаңы», З. Жұмановаңың «Туған үйдің түтіні»,). Ана тарапынан болған ұзақ жылдарғы бақылау қыздарының әйел ретіндегі тағдыр кешулеріне үздіксіз кедергілер келтіреді. (Бұл әсіресе қытай жазушылары Жоу Цзяниң, Су Ды, Чи Ли туындыларынан көрініс тапқан)

Әйелдер прозасындағы әке бейнесі де жағымсыз бояуымен айшықталады, әсіресе қыз балаға деген қатігездігі шығармаларында жиі көрініс береді. (Чжаң Юэжан «Қара мысық ұйықтамайды» (黑猫不睡), А. Мантаеваның «Жауһар», «Ақ құс», Чын Жанның «Жеке өмір» (私人生活), А. Жұбаныштың «Гиппократ анты үшін», Суң Жиңжудың «Бейкүнә» («无邪»), Сюй Миңсяның «Он тоғызға қараған шақ» («站在十九岁的尾巴上»), Жоу Цзяниңң «Сяо Лүйдің өлімі»). Қазіргі прозадан арулар туындысынан біз көбіне әйелдің өз өміріне де, қоғамға да көңілі толмайтын, өздерін әлеуметтік ортадан шеттетілген, керексіз дүниедей сезінетін жағдайын көреміз. Олардың түрлі қиыншылықтарға толы тағдырлары әйелдер қауымының бүгінгі өмірге деген көзқарастарын танытады. Идеалдың жоғалып, бейнесі күңгірттенген заманында күн кешкен нәзік әйелдің армандары мен ұмтылыстары өрнектеледі. Қарастырылып отырған шығармалардағы проблемалық-тақырыптық алуан түрлілік арқылы қазіргі таңда әдебиетке деген тендерлік қатынас жасудың дұрыстығына көз жеткізеді. Мұнда біздің айтайын деп отырған басты мақсатымыз – біз шығарма авторы мен кейіпкерлердің жынысын ғана сөз етумен шектелмей, тендерлік бағытта айшықтай түсетін әйел тақырыбының өзгешелігін айқындайтын авторлық көзқарас, проблематика, қақтығыстар, бағалаулар табиғатын ашып көрсету керек деп ойлаймыз.

Әйел бейнелерінің көркемдік құрылымындағы маңызды сегменті – олардың сыртқы портреті боп табылады. Кейіпкерлердің сыртқы портретін сомдауда зерттелініп отырған жазушыларға жекелеген детальдарды сөзтіркесі немесе қысқша дескриптивті тізбек формсы ретінде беру әдістері тән. Олардың сапалық және сандық талдамалары мәтінде әралуан қызметтер (сипатталамлы, мінездемелік, сюжеткұраушылық) атқаратын ортақ әдістерді қолдану тенденциясына деген бетбұрыс аңғарылады. Кейіпкер әйелдердің сыртқы портретін беру көбінесе аралас сипатқа ие, себебі олар оқырман назарын сыртқы келбеттен ішкі мазмұнға аударушы тілдік элементтер боп табылады әрі шығарманың идеялық-тақырыптық тізбектер жүйесін қалыптастыруға қызмет етеді. (Чын Жан, 1996, 32) Оқырман назарын сырт келбеттен ішкі мазмұнға аударуда және аталған мотивтерді іске асыруда А.Жұбаныш, Чын Жан, Чи Цзыцзян, Л.Қоныс, К.Әлпейісовалар келесі тілдік әдістерді жан-жақты қолданады: біріншіден, бір тақырыптық топтағы немесе эмоционалды -бағалаушы реңктегі лексемаларды сөздік портрет элементтерімен байланыстыру, екіншіден, кейіпкердің сырт келбетін сипаттауда параллельді бейнелерді қолдану (қаһармандар образы, тілдік бейнелер), үшіншіден, әйел бейнесін сомдауда түйін сөздер, контекстуалды синонимдер мен антонимдер, метафоралар, лексикалық және синтаксистік қайталамалар, инверсиялар, атаулы конструкциялар, антитеза тәсілін, теңеулер, пунктуациялық белгілердің қолданылуы). Қазіргі кезеңде гендерлік теория қаламгерлер шығармашылығында басты орын алады. Әйелдердің архетипті бейнелері арқылы қатер әкелуші әйел мінездеріне сипаттама береді. Көркемдік кеңістікке мұндай архетипті фигураралардың енгізілуі антика дәуірі аясындағы ойлаудың париархалдық парадигмасынан қазіргі кезеңіне дейінгі аралықтағы күшті әйел тұлғасының қалыптасу генезисінің ілгерілеу сатысын талдау мақсатын алға тартады. Қаламгер арулар шығармаларында **қоғамдағы көнеру мен жаңарудың өліара кезеңіндегі жаңа мінез иелері арқылы жылт еткен үміт ұшқынынан жақсылықтың жалыны лаулайды.** Мұндағы авторлық интенция қасірет әкелуші әйелдер образының әйелдің өлім мен қақтығыстар туындатушы стереотипінің түбірлі түрдегі өзгерісін іске асыру боп табылады, мұнда керісінше, оларды қоғамның құрылымындағы гендерлі ассиметрия құрбаны ретіндегі жаңа типіне айналған жағдайын ашу боп табылады.

«Әйел және қоғам» көп қырлы да күрделі мәселе боп табылатындықтан, қазіргі кезге дейін көпшіліктің пікірталасын туғызатын мәселе. Бұл проблеманың ғылыми тұрғыдан сүзгіден өтуі қазіргі әдебиеттануда тек үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарында байқалады. Әйел тақырыбы толыққанды түрде (әйелдің қоғамдағы және отбасындағы жағдайы, әйел эмансипациясы идеясы, әйелдің ажырасу барысын жеңілдету және олардың азаматтық некеге тұру құқығы), әсіресе Шығысқа қарағанда Батыс Еуропаның әлеуметтік мәдени санасына тән құбылыс. Мұны қаламгер арулар өз туындыларында қалайша бейнелейді? Бұл Шығыс қоғамында кездесетін жайт па? Шығыс аруларының шығармаларында кеңінен етек жайған құбылыс - олар сомдаған әйелдердің «ой ағымын» күйінішке толы ауыр мұңның текетіресі арқылы пайымдайды. Ар тазалығын ой мен жады тазалығымен қатар қойып, пенде атаулы жүрексінетін «мәңгілік бар – ақиқат» үшін, махаббат үшін кейіпкер өзін жазым етіп отырады. Арулар шеберлігінің өзі кейіпкерлердің суицидтік іс-әрекетін құптамағандығын, жақтамағандығын білдіруінде.

Осы кезеңде гендерлік теория қаламгерлер шығармашылығында басты орын алады. Қазіргі таңда гендерлі теория жазушы әйелдер шығармашылығын талдауда қолданылатын өзекті құралдардың бірі

боп табылады. Қытай және қазақ әйел жазушыларының көркем шығармаларындағы гендерлік бұған дейін отандық әдебиеттанудың жекелеген компаративті зерттеу нысаны ретінде алып қарастырылмаған болатын. Типологиялық салыстырулар тақырыптық деңгейде прозалық мұраларды гетерогенді талдау жасауды іс жүзіне сырып қана қоймай, сонымен қатар жынысарлық қарым-қатынастардың эгалитарлы үлгісінің туыстық магистралды концепциясы көрсету үшін және әйелдің жеке тұлға, демиург, өзіндік дискурсын жасаушы ретіндегі жаңаша дуалистік болмысын тану үшін қажет. Гендерлік дисбаланс -жазушы әйелдердің ой сүзгісіндегі әйел локусының антикалық және патриархалды қоғамдағы көркемдік вертикал мәселесі боп танылады.

Чжан Юежан, Чи Ли, Чжан Каңкаң, А. Мантаева, Л.Қоныс, М.Омарова туындыларын шығыс «әйел прозасының» табиғатын неғұрлым тереңінен тану және қазіргі таңдағы қазақ-қытай әдебиеттерінің рецептивті аспектілерін өзектілендіру үшін зерттеу керек.

Гендерлі қақтығыстар қазіргі таңдағы жазушы әйелдер прозасында орталық орында бейнеленеді. Жазушылар қақтығыстардың алуан түрін репрезентациялайды, соның ішінде мағыналық оппозицияда ашылатын конфликтілер (Чжан Каңкаң «Беймаза әйел», Вэй Хой «Шанхайлық бойжеткен»), шынайы қарама-қайшылықтар бейнесіндегі қақтығыстар (А.Мантаева «Депрессия», «Интуиция» Л.Қоныс «Келіншектал», Чжаң Юежан «Қара мысық көз ілмейді»). Аталған жазушылардың творчествосындағы әр алуан айшықтарына қарамастан, оларды біріктіріп тұрған белгілі бір типологиялық ортақ түйін бар. Бұл жазушылардың шығармаларындағы әйелдер ортақ әлеуметтік жағдайға тап келеді, мұндағы кейіпкерлер бұрыннан қалыптасқан қағидаттар мен тәртіпке қарсы бепте-бет келіп, қарсылық танытады. Осы теке-тіресте кейіпкерлердің гендерлік әрекеттерінен фактілер туындайды, нәтижесінде көбінекөп әйел мен еркектің гендерлік рольдерінің ауысқанна күә боламыз. Талданып отырған гендрлік қақтығыстарды мазмұнына орай махаббат және отбасылық, көркемдік құрылымының ерекшеліктеріне қарай – мағыналық оппозициялар мен жағдаятты сипаттағы қақтығыстарға бөлуге болады. Әйелавторлар шығармашылығының гендерлік типологиясына сүйене отырып, біз төмендегідей қорытынды жасауымызға болады: Чжан Каңкаң, Л.Қоныс,Чжаң Жие, А.Мантаева, Г.Шойбекова, Чжаң Юежан, Тие Ниң туындыларындағы гендерлік қақтығыстар маскулиндік көзқарас тұрғысынан шешіледі деп айта аламыз, ал Чжаң Жие (әсіресе кейінгі кезеңде жазылған шығармаларында), Чжаң Юежан, Су Ды, Лин Бай шығармаларында әйел прозасына тән мелодраматизмі басым феминді болып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жеребкина И. Женское политическое бессознательное. Серия «Гендорные исследования» - Спб: Алетейя, 2002.- С. 124-126.

2. 陈染 «私人生活» 2012, С. 287.

3. Рыкова Н. Творчество Людмилы Петрушевской. Проблема авторского идеала в контексте христианской культурной традиции 2004, с. 179-180) Дисс. на соискание уч.степени канд.филол.н.Ульяновск, 2007 с. 180.

4. 沈银 中国女作家和女性文学// 中国文化研究。-北京，1995-№3; с.62.

5. 陈冰. 当代中国女性文学的审美特点.《当代文坛》1996年02期 32.

7. Tani E. Gender Politics in Modern China: Writing and Feminism; Barlow, 1998.

Минаханов Р.В.
магистрант НАО «Казахская национальная академия хореографии
Казахстан, г. Астана, e-mail: ggnevergiveup@mail.ru

Саитова Г.Ю.
кандидат искусствоведения, профессор
НАО «Казахская национальная академия хореографии»
Казахстан, г. Астана, e-mail: saitova-gu@mail.ru

ВЛИЯНИЕ АФРИКАНСКОЙ КУЛЬТУРЫ НА РАЗВИТИЕ ЛАТИНОАМЕРИКАНСКИХ ТАНЦЕВ

Резюме: Статья рассматривает влияние традиционной африканской культуры, принесенной рабами с африканского континента, на формирование традиций латиноамериканских танцев. Изучается процесс того, каким образом в условиях урбанизации африканские ритуальные танцевальные формы приобретают социальные черты и новое эротическое смысловое наполнение. Отдельное внимание уделяется тому, в каких формах и проявлениях танцевальная пластика и ритмика африканского континента ассимилируется народами Латинской Америки.

Ключевые слова: Латиноамериканский танец, Африканская культура, танцевальные традиции, исполнительская техника, самба, румба, ритм.

Summary: The article considers the influence of traditional African culture brought by slaves from the African continent on the formation of traditions of Latin American dances. We study the process of how in the conditions of urbanization African ritual dance forms acquire social traits and a new erotic semantic content. Special attention is paid to the forms and manifestations of the dance plastic and rhythmic of the African continent assimilated by the peoples of Latin America.

Key words: Latin American dance, African culture, dance traditions, performing technique, samba, rumba, rhythm.

Түйіндеме: Мақалада Африка құрлығының енгізген дәстүрлі африкалық мәдениетінің әсері латынамерикалық бидің дәстүрлерін қалыптастыруға әсер етеді. Урбанизация тұрғысында Африка ритм биінің нысандары әлеуметтік қасиеттерге және жаңа эротикалық семантикалық мазмұнға ие болады. Латын Америкасы халықтарының иелігіндегі Африка континентінің би пәндері мен ырғақтарының нысандары мен көріністеріне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: Латын Америкасы билері, Африка мәдениеті, би дәстүрі, орындау техникасы, самба, румба, ырға.

Культурное своеобразие латиноамериканских танцев, объединяющих в себе как бальные, так и народные танцы, сформировавшиеся на территории Латинской Америки, продиктовано мощным влиянием извне. В первую очередь, испано-португальским, поскольку сама Латинская Америка на протяжении не одного столетия являлась колонией. Но в не меньшей степени — это влияние пришло и из африканской культуры, ведь начиная с XVI века миллионы жителей африканского континента (преимущественно, из западных и центральных регионов) были завезены в Латинскую Америку в качестве рабов. Со временем представители африканских племен, задействованные на плантациях сахарного тростника и кофе, ассимилировались с местным населением не только в бытовой среде, но и в танцевальной культуре. Танцевальные элементы, обрядовые танцы достаточно быстро внедрились в латиноамериканское искусство. Помимо этого музыкально-ритмические рисунки, синкопы, акценты преобразовались в мелко-дробленные ритмы – полиметрия, которые повлияли на манеру исполнения.

Исследуя традиционный африканский танец, Федорова Л.Н. формулирует его характерные черты, продиктованные традициями и племенной культурой самого африканского континента. Первая из них — неразрывная связь с землей, которая проявляется в постановке ног на всю стопу, а не на пятку или носок. «Слегка согнутые ноги, движения, начинающиеся от центра тела, волнообразность движений рук и ног и общая обращенность тела вниз, сопровождаемая ярко выраженной силой и экспрессивностью движений — все это дает танцору ощущение связи через «заземленность» с природой как со своей прародительницей». [1, с. 26.]

В учебном пособие Баглай В.Е. «Этническая хореография народов мира» отмечает, что танец в африканской традиции спонтанный и расслабленный, он происходит не от определенных поз, а диктуется стремлением к ощущению собственного тела через прочувствование всех его частей. В связи с

этим выделяется еще одна отличительная черта — полицентричность танцевальных движений. Происходит она от того, что, в отличии от европейской танцевальной традиции, африканский танцор не рассматривает свое тело как целостную танцевальную единицу с одним центром. [2, с. 44.] Так, например, движения рук, плеч и диафрагмы исполняются в одном ритме, а ноги в другом.

Необходимо отметить, что традиционный африканский танец сам по себе является способом взаимодействия человека с окружающей средой, он лишен танцевальных движений в привычном европейском их понимании, а прыжки, раскачивание и кружение бедрами здесь являются выражением чувственного проникновения в радость танцевания. [1, с. 32.] И важным элементом здесь выступает ритм барабанов — именно он организует ритмическую составляющую с целью объединения всех танцующих единым «сердцем танца», который может длиться много часов подряд.

Распространение африканский культуры в Латинской Америке происходило преимущественно в условиях городской среды, вследствие чего и сам танец начинает приобретать социальные черты. Сам танец, в котором задействуется все тело, постепенно становится все более сложным по своему пластическому рисунку. Для музыкального сопровождения к барабанам (в отсутствии которых их функцию выполняли пустые деревянные ящики) добавляются другие ударные инструменты, а также гитара, скрипка. А движения тазом довольно быстро приобретают в танцах сексуальный подтекст.

Классический пример смыслового искажения является танец «Румба», привезенная с африканского континента на Кубу в конце XIX века. Исконная африканская версия румбы представляла собой ритмическо-пластическую пантомиму, в основе которой — охотничий сюжет, своеобразный брачный танец животных, в котором мужчина выступает охотником, а женщина — добычей. Этот первоначальный смысловой ряд угадывается в сельской форме кубинской румбы. Характерные движения корпуса и свободные, яркие движения бедер привели к тому, что сам танец приобрел сексуальный подтекст и стал выражать демонстрацию явного напора мужчины на фоне несколько отстраненного поведения женщины. Подтверждающим фактором является исследовательская работа английского преподавателя бального танца Пьера Лавеля [3] который находясь на Кубе в 1947 году изучая этот танец, не только выявил особенности исполнения, но и разработал окончательную версию спортивно – бальной румбы.

Румбу связывают с другим Кубинским танцем «Ча-ча-ча», который возник на основе движений «mambo» и «guaracha». Не смотря на то что не умолкают споры о происхождении танца, отметим что в «ча-ча-ча» имеется определенный накал страстей где партнерша демонстрирует как гибкость фигуры, так и кокетливость, шарм и элегантность, а «румба» по стилю напоминает ухаживание, завязывание отношений. [4] Таким образом танец «ча-ча-ча» присуще женщине, румба мужчине.

О мощном влиянии африканской культуры на еще один известный латиноамериканский танец — самба — говорит само его название: «zambo», в переводе означает - «ребенок от бразильской женщины и негра». Изначально самба считалась едва ли не самым греховным танцем: ведь инспирировавшие его выходцы с территорий Конго и Анголы танцевали его, стремясь касаться друг друга пупками. Исследователи отмечают, что «основой для самбы служили древние африканские ритуалы поклонения богам Ориша — «связным» между Небом и Землей. Изначально эти ритуалы представляли собой сложные ритуальные церемонии с обязательными жертвоприношениями». [1, с. 48.] И, конечно же, сопровождались неистовыми ритмами и своеобразной экстатичной чувственностью танцев.

И сегодня в современном исполнении самбы мы видим, что главная роль в танце отводится ритму, который генерируют именно бедра танцовщиков — все это отсылает нас к африканским исполнительским традициям. Для танца также характерны «пульсирующие синкопированные движения, подчеркиваемые вертикальным раскачиванием и работой бедер. При этом мягкие и пластичные движения сочетаются с прерывистыми и резкими элементами». [2, с. 87.] И здесь мы сталкиваемся с такой чертой африканской танцевальной традиции, как полицентричность пластического проявления исполнителя.

Изначально самба исполнялась без контакта с партнером, в кругу, что выявляет ее мощную ритуальную природу. Не случайно считается, что на раннем этапе своего существования она являла собой механизм ухода от эмоционального напряжения, форму сброса стресса через эмоциональное и физическое отпускание собственных инстинктов. Насколько данное предположение обосновано непосредственно в отношении самбы, теперь установить практически невозможно — ведь на первое место в этом танце возведен культ радости жизни. И проявляется через обязательное присутствие элементов заигрывания, легкого флирта и безграничной чувственности.

Среди ныне существующих разновидностей самбы следует выделить самбу де рода — наиболее аутентичный вид танца, исполняемый в кругу, самбу ну пэ — сольный женский танец, известный исполнением на специальных красочных фургонах во время бразильских карнавалов, насыщенную акробатическими движениями самбу де гафиейра, шутливую самбу Ашэ и парную пагоде. А также — бальный танец самба, который относится к обязательной латиноамериканской программе.

Обращаясь непосредственно к музыкальной стороне влияния африканской культуры на латиноамериканские танцы, очевидно, что речь следует вести о ритмических заимствованиях. В румбе это явственно прослеживается через полиритмию и синкопированность исполнения, а также — через использование барабанной «торицы» ударных различной высоты тона. Как правило, более «низким» барабанам или их заменителям отводится в румбе задача поддержания ритма, в то время, как «высокие» инструменты, импровизируя вместе с танцорами, играют синкопированное соло. Все ритмы в румбе строятся на размере 4/4, выстраивая синкопированный паттерн из пяти ударов в дух ритмических секциях. «Этим самым они и обыгрывают «диалог» между музыкантами и танцующими по принципу «вопрос-ответ»» [6, с. 22.].

Самба как музыкальный жанр весьма разнообразна, исполняясь в быстром темпе в размере 2/4 или 4/4, она приобретает оригинальное звучание за счет вкрапления различных специфических музыкальных инструментом и их ритмов. Исполняется самба в очень быстром темпе — 50-52 такта в минуту. И, обращаясь к природе такого темпоритмического рисунка, понятно, что основная задача, которой должна достигать самба, — создание состояния транса, истоки которого лежат в ритуальной природе самого танца.

Таким образом, мы видим, что общепринятые традиции танцевальной культуры африканского континента в латиноамериканских танцах ярко выражены в специфических шагах, исполняющиеся с подушечки на всю стопу.

Принципиально отличается и постановка корпуса в танце. В латиноамериканском танце прослеживается в первую очередь:

1) зрительный контакт между партнерами

2)близкий телесный контакт

3) характерные для танца движения бедер.

И, безусловно, не подлежит сомнению огромное влияние ритмических традиций традиционного музыкального сопровождения танцевальных ритуалов африканских племен после попадания их в Латинскую Америку. Причудливый синкопированный ритм в сочетании с большим значением ударных инструментов, призванный создавать ощущение транса, и сегодня представляет собой характерную особенность большинства латиноамериканских танцев.

Сегодня, изучая теоретические базы основ и методику образования новых форм современного бального танца в Казахстане, а именно на кафедре «Педагогика» НАО «Казахская национальная академия хореографии», старший преподаватель, судья Федерации АФСТ РК Евгений Сергеевич Моисеев разрабатывает методическую последовательность изучения фигур латиноамериканских танцев и внедряет инновационные подходы в обучении.

Это отдельная тема, которая будет рассмотрена в следующем номере.

Таким образом, «Современное хореографическое искусство, в том числе спортивно–бальный танец, выражает этот культурный текст (событийный континуум, отражение явлений эпохи, затрагиваемые глубоко волнующие темы человечества – с. 198) ярким проявлением стилизации, смешением стилей, симбиозом разных жанров».

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Федорова Л.Н. Африканский танец. — М.: Наука. — 1986. — 128 с.

2. Баглай В.Е. Этническая хореография народов мира: учебное пособие. — СПб.: Лань. — 2017. — 384 с.

3. Brigitt Mayer. Who was… Three weeks in Cuba By Monsieur Pierre,1947.

Интернет источник: http:www.dancearchives.net/2013/06/25/three-weeks-in-cuba-by-monsieur-pierre-1947 - Дата посещения 24.01.2019.

4. Энциклопедия танца: ча-ча-ча http://hnb.com.ua/articles/s-sport-entsiklopediya_tantsa_cha_cha_cha-2661 - Дата посещения 13.02.2019.

5. Иванникова О.В. Латиноамериканские танцы: румба и ча-ча-ча. — М.: АСТ. — 2005. — 64 с.

6. Молдахметова А.Т., Саитова Г.Ю. Культурный текст спектаклей Мориса Бежара. – Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана» № 7 (70), 2018. – 202 с.

Муратбаева И.С.
к.филол.н., доцент кафедры социально-культурных технологий Алматинского филиала НОУ ВПО
«Санкт-Петербургский Гуманитарный университет профсоюзов»,
e-mail: lashin2030@mail.ru

МЕТАФОРАЛАНҒАН ҚҰРАНДЫ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ (қазақ және орыс тілдері негізінде)

Аннотация. В статье проведен анализ составных терминов, взятых из терминосистем различных сфер наук и представленных на русском и казахском языках. Определена их теоретическая база, рассмотрена трактовка составных терминов с точки зрения разных авторов, проанализирована суть и значения фразеологизированных составных терминов, их отличия от других видов терминосочетаний, проведена работа по выявлению внутренней формы фразеологизмов-терминов для определения мотивации при выборе терминологического наименования.

Ключевые слова: составные термины, фразеологизированные термины, метафора, фразеологические сращения, фразеологические выражения, фразеологические единства, внутренняя форма.

Түйін. Мақалада әртүрлі ғылым салаларының терминологиялық жүйесінен жіктеліп орыс және қазақ тілдерінде берілген құранды терминдерге талдау жүргізілген. Олардың теориялық негіздемесі қарастырылып, әртүрлі авторлардың көзқарасы тұрғысынан берілген анықтамалар сараланған, фразеологизмдік құранды терминдердің мағыналық негізі талданып, терминдік атау таңдаудағы уәждену себептері анықталып, олардың ішкі форманың қалыптасуындағы орны көрсетілген.

Тірек сөздер: құранды терминдер, фразеологизмделген терминдер, фразеологизмдік бірліктер, фразеологизмдік бірлестіктер, ішкі форма.

Summary. The article analyzes the compound terms taken from the term systems of various fields of science and presented in the Russian and Kazakh languages. Their theoretical base has been determined, the interpretation of compound terms from the point of view of different authors has been reviewed, the essence and meanings of phraseological composite terms have been analyzed, their differences from other types of term combinations, work has been carried out to identify the internal form of phraseological entities to define the motivation when choosing a terminological name.

Ключевые слова. составные термины, фразеологизированные термины, метафора, фразеологические сращения, фразеологические выражения, фразеологические единства, внутренняя форма

Key words: composite terms, phraseological terms, metaphor, phraseological adhesions, phraseological expressions, phraseological unity, internal form.

Кез келген ғылым саласының жан-жақты дамып, жаңа ұғымдармен толығуы сол ғылым саласының терминологиялық жүйесінің де жаңа атаулармен толығуына септігін тигізері анық. Терминдік ұғымдар уақыт өте қайта қарастырылып, мағыналық ұғымдарға жіктеліп, құранды терминдердің қалыптасуына негіз бола алатыны сөзсіз. Терминология жүйесіндегі құранды терминдер мәселесі біршама ғалымдардың назарына ілігіп, зерттеу нысанына айналғаны аталмыш тақырыптың өзектілігін көрсететіні белгілі. Бүгінде бұл үдеріс өз жалғасын табуда. Орыс тіл білімінде құранды терминдерге арналған зерттеулерге А.С. Литвиненко, В.М. Жуков, В.Н. Прохорова. М.Ф. Черненко және т.б. ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады. Қазақ тіл білімінде Б.Х. Хасановтың ғылыми жұмысы осы тақырыптың кейбір аспектілерін ашуға бағытталған. Алайда қазақ және орыс тілдеріндегі құранды терминдерді, соның ішінде метафораланған құранды терминдері салыстырып, сәйкестіктері мен айырмашылықтарын айқындауға арналған зертеу жұмыстарын кездестірмедік. Осыған байланысты біздің зерттеу жұмысымыз қазақ және орыс тілдеріндегі метафора тәсілі арқылы жасалған фразеологиялық бірлікті құрайтын екі немесе одан да көп лексемалардан тұратын құранды терминдерді талдауға арналады.

Фразеологизм-терминдер (біздің терминология бойынша) зертеушілердің қолданысында түрлі атауларға ие болып жүр. Мысалы, В.П. Жукованың анықтамасы бойынша аталған бірліктер «фразеологизированные термины» деп берілсе, А.Н. Кожин «термины-фразеологизмы», В.Н. Прохорова «составные термины» деп айқындаған. Соңғы анықтама біздің пікірімізге жақын болғандықтан, зерттеу барысында сол анықтамаға көбірек сүйенеміз.

Метафоралы құранды терминдердің туындауына негіз болатын тәсілдерді зерттеу де біздің қарастыратын мәселелердің бірі болып табылады. Ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, терминология саласында, яғни фразеологизм-терминдердің туындауында синтаксистік тәсіл ерекше рөл атақаратынына көз жеткіземіз. Зерттеушілердің жалпы әдеби тіл мен терминология саласындағы

синтаксистік тәсілдің екі түрін айқындап, ортақ тұстары мен жете айырмашылықтарын да ажыратады, сонымен қатар аталған тәсілдің терминологиялық сөзжасамда ерекше орын алатынына мән береді [1]. Н.М. Шанскийдің терминологиясы бойынша, жалпы әдеби тілде қолданылатын тәсіл «лексика-синтаксистік тәсіл» деп аталады, лексика-синтаксистік тәсіл мен синтаксистік тәсілдердің сөздерді, бірнеше элементтерді біріктіру принциптері ортақ болғанымен, осы тұстан бастап айырмашылықтары да бар, яғни лексика-синтаксистік тәсіл бойынша туынды негізі бар жаңа сөз қалыптасады, ал синтаксистік тәсіл арқылы қалыптасқан біртұтас бірлік туындайды. Терминология саласында синтаксистік тәсілмен жасалған терминдер кеңінен таралған және құранды терминдер тобын құрайды. Барлық ғылым салаларының терминологиялық жүйелерінде құранды терминдер елеулі орын алатыны белгілі [2].

Құранды терминдер тобына талдау жүргізе отырып, олардың компоненттер саны жағынан әртүрлі болып келетіне көз жеткіземіз. Талдау барысында екі компоненттен тұратын (*атака мозговая* -эк., *выживание системы* -эк., *өлі тілдер* –лингв., *куриная слепота* -анат., *иероглиф кілті* -лингв., *шайтан көбелек* -бот. және т.б.), үш компоненттен тұратын (*шеңбер бойымен жүгіру* -эк., *законы солнечного света* -эк., *көктен түскендей тегін* -эк., *кудесники Уолл Стрита* -эк., *флажок треугольной формы* -эк. және т.б.) немесе көп компоненттерден тұратын (*путь за данный промежуток времени* -физ., *ең тәуір жидекті таңдап алу* -эк., *покупать под влиянием плохих новостей* -эк. және т.б.) құранды терминдерді мысалға алып, үлгі ретінде көрсетуге болады. Олардың ішінен ең көп тараған түрі – екі компоненттен тұратын терминдер. Терминдердегі компоненттер саны құранды терминдердің шекарасын ажырату мәселесін көтереді. Бұл мәселе арнайы М. Лейчиктің мақаласында қарастырылған. Автордың пікірі бойынша неғұрлым компоненттер саны көп болса, соғұрлым тар ұғымды білдіреді, керісінше мағынасы күрделеніп отырады [3].

Көп компонентті терминдердің қалыптасуы туралы да біржақты пікір жоқ. Құранды терминдердің табиғаты туралы мәселе де көп талас тудырады. Аталған терминдерді фразеологизмдер қатарына жатқызуға болады ма, жоқ жеке жүйе құрайды ма деген сұрақтар зертеушілердің назарында, яғни қайшылыққа толы мәселелердің бірі. В.В. Виноградов фразеологизмдерді жіктеу барысында құранды терминдерді ерекше қарастырып, олардың фразеологиялық жүйедегі орнын көрсетеді және кейбір терминдерді идиомалық тіркестер қатарына жатқызады [4]. Құранды терминдерді жете қарастырған ғалымдардың бірі В.П. Жуков та бұл терминдерді бірнеше типтерге бөліп жіктейді, құранды терминдердің талдауларына көңіл бөлетін болсақ, В.П. Жуков фразеологизм-терминдерді семантикалық мағынасын қарай ажыратып қарастырады. *Серная кислота, мертвый мяч, ядерный реактор* сияқты құранды терминдерді фразалық бірлестіктерге жақын келеді, алайда фразеологизм деп санауға болмайды деген пікір айтады [5,17]. Бұл тіркестерде сөздер өз дербестігін сақтап қалған деп дәлел келтіреді. Алайда фразеологизм сипатында жасалған терминдерді де кездестіруге болады. *Анютины глазки, божья коровка, заячья лапка* және т.б. осы типтес терминдер еркін сөз тіркесінен метафора тәсілі арқылы қайта құрылып жасалғандықтан, аталған терминдерді фразеологизмдер қатарына жатқызу қажет деп бөлек қарастырған [6,18]. Сонымен қатар ғалым Е. Л. Молдатаев та бұл мәселеге өз алдына зерттеу жүргізіп, өз ойын келесі мағынада білдіреді: «терминосочетания как воспроизводимые единицы языка по структуре и лексическому составу ничем не отличается от прочих фразеосочетаний. Характерной особенностью их является ограниченный по сравнению с нетерминологическими фразеосочетаниями состав семем и вызванная этим обстоятельством ограниченная активность» [7,116]. «Терминосочетания не бывают эквивалентами слов; они, как правило, возникают нестихийно, а в результате планомерных усилий, эти черты также отличают их от нетерминологических фразеосочетаний» [7,118].

Н.М. Шанскийдің пікірі бойынша, терминдік сипаты бар сөз тіркесін фразеологизмдер қатарында қарастыру қажет. Алайда ғалым бұл тақырыпты нақтылап келесі оймен көрсетеді: «Однако выделение составных терминов как одной из групп фразеологических оборотов возможно лишь с точки зрения экспрессивно-стилистической, но ни в коем случае их семантической слитности» [8,86]. Ғалым мысал ретінде алынған *кесарево сечение, железная дорога, белый гриб, слепая кишка, фрикативные звуки, вопросительный знак* және т.б. тіркестерді экспрессивті-стилистикалық жағынан құранды терминдер қатарына жатқызылады, алайда семантикалық бірлік дәрежесі жағынан бірдей емес деп есептеген: «составные термины *кесарево сечение, железная дорога* являются фразеологическими сращениями, составные термины *белый гриб, слепая кишка,* обладающие образным стержнем, являются фразеологическими единствами, лексикализованные сочетания *фрикативные звуки, вопросительный*

